№ р/р	Эвакуацияланған халықтың шыққан республика және облыс атаулары	Облыстар
		Батыс Қазақстан
1.	Украин КСР	8578
2.	Белорус КСР	2607
3.	Карел-Фин КСР	116
4.	Эстон КСР	117
5.	Латвия КСР	46
6.	Литва КСР	58
7.	Молдова КСР	2271
8.	РКФСР	3917
9.	Шыққан жерлерін көрсетпегендер	7
	Барлығы	17717

Кестеден көрінетіндей, облыстарға сол кезеңдегі одаққа кірген республикалардың көпшілігінен босқындар келген. Бірінші кезекте Украинадан, одан кейін РКФСР мен Белоруссиядан көшірілгендердің саны басым.

РКФСР-нан келушілердің көбі Ленинград және Мәскеу облыстары мен Ленинград, Мәскеу қалаларынан, майдан шебіндегі қалалар – Курск, Орлов, Воронеж, Тульск, Ростов, Мурманск, Калинин, Смоленскіден эвакуацияланушылар құрады [20, 11 п.]. 1941 жылдың өзінде Батыс Қазақстан облысына 25 ұлт өкілдері келген екен [4, 167 б.]. Өлкемізге көптеген ұлттар мен ұлыстардың келуі жалпы халықтың, оның ішінде қала халқының этникалық құрамының өзгеруіне әкелді. Нәтижесінде, Қазақстанның көпұлтты халқының қалыптасу үдерісі жалғасты.

Соғыс жылдарындағы Орал қаласы халқының демографиялық сипатының өзгеруіне кеңес өкіметінің соғыс қарсаңында бастаған жоспарлы еңбек қоныстандыру саясаты мен 1930 жылдары басталған халықтарды күштеп жер аудару саясатының жалғасуы да ықпал етті. Патшалық Ресейдің отарлық саясатының жалғасы болып табылған қоныстандыру саясатының нәтижесінде Қазақстанда 1941 жылдың 1 сәуіріне қарай осында кулак ретінде жер аударылған 180 015 еңбектік қоныстанушылар тұрып жатты [10, 387 б.].

Соғыс қарсаңында алғашқылардың бірі болып немістер жер аударылды. «Поволжья аудандарында тұратын немістерді жер аудару туралы» тиісті органның 21-160 нөмірлі жарлығы 1941 жылы 28 тамызда шықты. Л.Берияның жазбаша нұсқауы бойынша қоныс аударылған немістердің көпшілігін Қазақстанға орналастыру көзделді. 1941 жылдың 25 қазанына қарай Қазақстанда 467 мың Поволжья немістерін қабылдау жоспарланды [21, 196 б.]. Немістерді жер аудару 1942 жылы да жалғасқандығы белгілі.

Батыс Қазақстан облысына немістерді көшіру екі кезеңде жүзеге асты. Біріншісі – жаңадан келген немістерді орналастыру болса, екіншісі – бұрыннан тұрып жатқан қаладағы немістерді аудандарға, алыс ауылдарға қарай көшіру болатын. Орал өңіріне қоныстандырылған Еділ бойы немістері Мәскеу, Саратов, Энгельс қалаларынан, Озинкий, Палласовский аудандарынан келген еді. Бұл қоныс аудару 40 жылдардың соңына дейін жалғаса берді.

Жергілікті немістерді көштеп көшіру 1941 жылы қарашада басталды. Орал қаласында тұрақты тұрып жатқан немістерді үш күннің ішінде Подстепное ауылына көшіру міндеттелді. 18 қарашада Орал қаласына бір неміс те қалмады. КСРО-ның әркелкі

аудандарының, оның ішінде Орал қаласында қоныстанған немістердің көпшілігі Жымпиты ауданына көшірілді.

Соғыс уақытында поляктарды да жер аудару жалғасты. Бұл уақытқа дейін Қазақстанда поляктардың ірі диаспорасы орналасқан еді. 1942 жылы қарашада Саратов облысынан Қазақстанға 2014 поляк көшірілді [10, 389 б.]. Сонымен, Қаз.КСР ІХК-ның 1942 жылғы 28 қаңтардағы анықтамасы бойынша біздің елімізде 103 757 поляк ұлтының өкілдері болды. Оның ішінде Батыс Қазақстан облысында - 159 адам өмір сүріп жатты [55, 141 б.].

Олардан басқа 1943-1944 жылдары Қазақстанға қалмақтар, шешендер, ингуштар, қарашайлықтар, балқарлықтар, қырым татарлары, болгарлар, гректер, армяндар, түрік-месхеттіктер, күрділер, хемшидтер, әзірбайжандықтар, т.б. жер аударылды [10, 387]. Арнайы қоныс аударылғандардың жағдайы өте ауыр болды. Олар жергілікті халық, эвакуацияланғандар сияқты соғыстың барлық ауыртпалығын көтерді. Оларға тұрғын-жай, азық-түлік жетіспеді, мыңдаған адамдар аштық пен аурудан өлді.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Орал қаласы халқының санындағы өзгерістерді төмендегі кесте мәліметтерінен бағамдауға болады. Соғыс жылдары Орал қаласы халқының саны 67 575 адамнан 66613 адамға кеміген (жалпы шығын - 962 адам) [22, 6 б.]. Ал Орал қаласынан майданға 11015 адам аттанса, майдан даласынан 5972 адам оралмаған. Орал қаласы халқының санының азаюына соғыс жылдары көшірілген халықтардың кері Отандарына оралу үдерістері де ықпал етті.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Орал қаласы халқының демографиялық ахуалы төмендегі кестеден көрінеді:

Кесте - 4. Ұлы Отан соғысы жылдарында Батыс Қазақстан облысы бойынша халық санының кемуі (адам)

Қала	1941 жылғы 1 қаңтардағы халық саны	Әскерге алынған халық саны	Соғыстан оралған халық саны	Жалпы шығын	1946 жылғы 1 шілдедегі халық саны	Халық санының кемуі
Орал қаласы	67575	11015	5043	-5972	66613	-962
Батыс Қазақстан облысы	395631	76635	16417	-60218	285830	-114048

Сонымен, Ұлы Отан соғысы жылдарында Орал қаласының демографиялық үдерістерін талдай келе, бірқатар қорытындылар шығаруға болады. Біріншіден, Орал өңірінің майдан шебіне жақын орналасуына байланысты мұнда ерекше демографиялық ахуал қалыптасты. Екіншіден, Қазақстанның басқа өңірлеріне қарағанда Орал өңірінен майданға көп адамның алуына байланысты халық саны қысқарды. Ұлы Отан соғысы жылдары қазақтар басқа ұлттарға қарағанда ең көп мөлшерде мобилизацияланды (барлық мобилизацияланғандардың 32,4 %-ы). Сәйкесінше қайтымсыз адам шығыны да басқа ұлттармен салыстырғанда жоғары болды (барлық қаза болғандардың 18,6 %-ы). Үшіншіден, соғыс жылдары аймақтағы қала халқының этникалық құрамы үлкен өзгерістерге ұшырады.

Қорытынды. Соғыс жылдарындағы республика халқының ұлттық құрамында орын алған өзгерістер қазіргі Қазақстандағы халықтың көпұлтты сипатының қалыптасуының шешуші кезеңі болды. Халықтың ұлттық құрамының өзгерісіне Қазақстанға майдан шептерінен халықтардың эвакуациялануы, еңбектік қоныстандыру мен халықтарды күштеп жер аудару саясатының жалғастырылуы ықпал етті. Нәтижесінде,

республикада қазақ халқының үлес салмағы да азайып, демографиялық сипат өзгерді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Всесоюзная перепись населения 1939. Основные итоги. Москва. Наука, 1992. 254 с.
2. Боздақтар: Жинақтама том. Алматы. Қазақстан, 1995. 480 б.
3. Боздақтар. Батыс Қазақстан облысы. Орал, 1995. 285 б.
4. Сдықов М.Н. Население Западного Казахстана: история формирования и развития (1897-1989 гг.). / М.Н. Сдықов. Алматы. Ғылым, 1995. 220 с.
5. Козыбаев М.К. Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана (Избранные труды) / М.К. Козыбаев. Алматы. Ғылым, 2006. 272 с.
6. Букаткин П.Р. Западноказакстанцы в годы суровых испытаний. / П.Р.Букаткин. Уральск. 2005. 199с.
7. Султангазиева М.Н. К истории снабжение городского населения Казахстана в годы Великой Отечественной Войны 1941-1945 гг. / М.Н.Султангазиева // Вестник КазНУ. 2004. №4.
8. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 850-қор, 1-тізбе, 821-іс.
9. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. 708-қор, 5-тізбе, 1188-іс.
10. Алексеенко А.Н., Масанов Н.Э. Миграционные и этнодемографические процессы в советский период / История Казахстана: народы и культуры. / А.Н.Алексеенко, Н.Э.Масанов. Алматы. Дайк-Пресс, 2001. 608 с.
11. Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза. 1941-1945. Сборник документов и материалов. Алма-Ата. Наука, 1964. 596 с.
12. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 693-қор, 1-тізбе, 2197-іс.
13. Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты. 698-қор, 14-тізбе, 244-іс.
14. Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты. 1987-қор, 1-тізбе, 17-іс.
15. Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты. 698-қор, 14-тізбе, 242-іс.
16. Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты. 698-қор, 14-тізбе, 243-іс
17. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 850-қор, 9-тізбе, 124-іс.
18. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 850-қор, 9-тізбе, 367-іс.
19. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. 708-қор, 5-тізбе, 1191-іс
20. Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты. 698-қор, 14-тізбе, 251-іс.
21. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы. Арыс-Қазақстан, 1998. 428 с.
22. Казахская ССР. Административно-территориальное деление на 1 января 1945 г. Алма-Ата: Каз.ОГИзд., 1945. 100 с.

Referens list:

1. Vsesoiuznaia perepis naselenia 1939 g. Osnovnye itogi. Moskva. Nauka, 1992. 254 s.
2. Bozdaktar: Jinaqtama tom. Almaty. Kazakstan, 1995. 480 b.
3. Bozdaktar. Batys Kazakstan oblysy. Oral, 1995. 285 b.
4. Sdykov M.N. Naselenie Zapadnogo Kazahstana: istoria formirovania i razvitia (1897-1989 gg.). M.N. Sdykov. Almaty. Gylym, 1995. 220 s.
5. Kozybaev M.K. Problemy metodologii, istoriografii i istochnikovedenia istorii Kazahstana (Izbrannye trudy). M.K. Kozybaev. Almaty. Gylym, 2006. 272 s.
6. Bukatkin P.R. Zapadnokazahstansy v gody surovyyh ispytani. P.R.Bukatkin. Uralsk: 2005. 199s.

7. Sultangazieva M.N. K istorii snabzhenie gorodskogo naselenia Kazahstana v gody Velikoi Otechestvennoi Voiny 1941-1945 / M.N.Sultangazieva // Vestnik KazNU. 2004. №4.
8. Batys Kazakstan oblystyq memlekettik muragaty. 850-qor, 1-tızbe, 821-ıs.
9. Kazakstan Respublikasy Prezidentiniń muragaty. 708-qor, 5-tızbe, 1188-ıs.
10. Alekseenko A.N., Masanov N.E. Migrasionnye i etnodemograficheskie prosesy v sovetski period / İstoria Kazahstana: narody i kultury. / A.N.Alekseenko, N.E.Masanov. Almaty. Daik-Pres, 2001. 608 s.
11. Kazahstan v period Velikoi Otechestvennoi voiny Sovetskogo Soiuz. 1941-1945. Sbornik dokumentov i materialov. Alma-Ata. Nauka, 1964. 596 s.
12. Batys Kazaqstan oblystyq memlekettik muragaty. 693-qor, 1-tızbe, 2197-ıs.
13. Kazaqstan Respublikasy ortalyk memlekettik muragaty. 698-qor, 14-tızbe, 244-ıs.
14. Kazakstan Respublikasy ortalyk memlekettik muragaty. 1987-qor, 1-tızbe, 17-ıs.
15. Kazakstan Respublikasy ortalyk memlekettik muragaty. 698-qor, 14-tızbe, 242-ıs.
16. Kazakstan Respublikasy ortalyk memlekettik muragaty. 698-qor, 14-tızbe, 243-ıs.
17. Batys Kazakstan oblystyq memlekettik muragaty. 850-qor, 9-tızbe, 124-ıs.
18. Batys Kazakstan oblystyq memlekettik muragaty. 850-qor, 9-tızbe, 367-ıs.
19. Kazakstan Respublikasy Prezidentinin muragaty. 708-qor, 5-tızbe, 1191-ıs
20. Kazakstan Respublikasy ortalyk memlekettik muragaty. 698-qor, 14-tızbe, 251-ıs.
21. Deportirovannye v Kazahstan narody: vreme i sudby. Almaty. Arys-Kazakstan, 1998. 428 s.
22. Kazahskaia SSR. Administrativno-teritorialnoe delenie na 1 ianvarä 1945 g. Alma-Ata. Kaz. OGİzd., 1945. 100 s.

Аннотация. В статье дается анализ демографической ситуации города Уральска в годы Великой Отечественной войны. Изучение демографических процессов в регионе, имевших место в годы Отечественной войны, имеет свое значение. Во-первых, Западно-Казахстанская область была непосредственно близкой к линии фронта. Во-вторых, по сравнению с другими частями Казахстана в годы войны в западном регионе произошло резкое сокращение численности населения. В-третьих, произошли демографические, социально-экономические изменения населения города. В годы войны этнодемографический характер городского населения претерпел изменения, и урбанизационные процессы продолжились. В городах сложилась система крупных отраслей промышленности, возросло количество рабочего класса. В годы Великой Отечественной войны казахи были мобилизованы в большей степени, чем другие национальности (32,4% от всех мобилизованных). Соответственно, необратимые человеческие потери также были выше, чем у других национальностей (18,6% всех погибших). В-третьих, в годы войны этнический состав городского населения региона претерпел большие изменения.

Ключевые слова: Великая Отечественная война, Уральск, демография, этнодемографическая ситуация, миграция, депортация, городское население, промышленность, перепись населения, эвакуация

Abstract: The article analyzes the demographic state of the city of Uralsk during the great Patriotic war. Studies of demographic processes that occurred during the great Patriotic war and are of independent significance in the Uralsk region. First, unlike other regions of Kazakhstan at this time of Western Kazakhstan, its direct entry to the front. Second, during the war, there was a sharp decline in the population in the Western region compared to other parts of Kazakhstan. Third, the city's population has undergone demographic, socio-economic changes and updates. During the war the ethnic and demographic character of the population of the city has undergone changes, continuing urbanization processes. Cities have developed a system of large industrial enterprises, and the number of working groups has increased.

Key words: Great Patriotic war, Uralsk, demography, ethnodemographic situation, migration, deportation, urban population, industry, census, evacuation

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАҢДАРЫН АҚТАУ РЕАБИЛИТАЦИЯ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ REHABILITATION OF VICTIMS OF POLITICAL REPRESSION

ӘОЖ: 63.3 (5к)

<https://orcid.org/0000-0002-7713-8302>

Асылбеков Е.С.*

тарих магистрі, тарих пәні мұғалімі. А.П.Чехов атындағы № 21 ЖОББМ.

Шымкент, Қазақстан

«АЛЖИР» ЛАГЕРІ МЕН ОНДАҒЫ АЗАП ШЕККЕН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ӨМІР ТАРИХЫНАН ДЕРЕКТЕР

*Автор-корреспондент: esbol7878@mail.ru

Түйін. ХХ ғасырдың 30-40 жылдарында КСРО басшылығы Қазақстанды лагерь еліне айналдыруға әрекет жасады. Осылайша, ел аумағында Карлаг, Степлаг, Жезлаг және т. б. лагерлер бірінен соң бірі ашылды.

Олардың бірі «АЛЖИР» деп аталатын әйелдер лагері қазіргі Астана қаласының маңында орналасқан. Мұнда саяси айыптармен сотталған әйелдер Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен әкелінді. Олар елдің әйгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің әйелдері, аналары, қыздары болды.

Мақалада Солтүстік Қазақстанның Ақмола облысындағы «АЛЖИР» әйелдер лагерінің тарихы, тарихнамасы, мұрағаттық құжаттары талданады. Тақырыптың тарихнамасы сексенінші жылдардан бастап қазіргі уақытқа дейін жарияланған отандық және шетелдік зерттеушілердің жұмыстары арқылы қарастырылады. Деректер ретінде Қарағанды, Ақмола облыстық мұрағаттарының және Астана қалалық мұрағатының қорларынан аталған лагерьдің тарихы туралы баяндайтын құжаттар алынды.

Кілт сөздер: Алжир, әйелдер, қудалау, халықтың жауы, лагерь, тұтқын, Ақтау

Кіріспе. Қасиетті қазақ даласы талай зұлмат кезеңдерді бастан өткерді. Соның бірі ХХ ғасырдың 30-50 жылдардағы қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандары. Қазақ халқына көп қасірет пен қайғы әкелген сұрқия саясаттың озбырлығынан қаншама көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтарымыз мерт болды.

Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін біз арыстарымызды ақтауға кірістік. Кезінде жазықсыз жазаланған мыңдаған азаматтың есімін ел жадында жаңғырттық. Қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін Мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия солақай саясаттан жапа шеккен қазақстандықтарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіруге тиіс. Бұл - мемлекеттің ғана міндеті емес, бүкіл қоғамның парызы. Осы ғылыми жұмыс Отанын сатқандардың Ақмола лагері немесе «АЛЖИР»-дегі жазықсыз аналар, әйелдер, әпке-қарындастар, қыздардың ауыр жағдайы, *әйелдердің* ақталу процесі барысындағы құнды дерек көздері негізінде жазылған.

Теориялық талдау. 1937 жылғы 15 тамыздағы КСРО-ның ІХК-ның № 00486 бұйрығы Отанын сатқандардың отбасы мүшелеріне қарсы жаппай қуғын-сүргінді бастауға мұрындық болды. Бұл құжат ең алдымен саяси айып тағылғандардың әйелдерінің кінәсін еш дәлелдемей-ақ қамауға алуға және лагерлерге жіберуге құқық берді.

Ақмола облысы, Малиновка ауылының аумағында (Астана қаласынан 40 км) өткен ғасырдың 1937-1953 жылдары аралығында ОСОМ, яғни отанын сатқандардың отбасы мүшелерін бас бостандығынан айыру үшін құрылған ірі арнайы бөлімдердің бірі орналасқан. Ол отанын сатқандардың әйелдеріне арналған Ақмола лагері (АЛЖИР).

Ақмола лагері (Алжир) арнайы бөлімшесі жұмыс істеген барлық кезеңде одан 5 мыңға жуық әйел өткен.

ОСОМ (әйелдері, аналары, әпке-қарындастары, қыздары) әлеуметтік қауіптілік дәрежесіне қарай кемінде 5-8 жыл мерзімге лагерьлерде бас бостандығынан айыру жазасына кесілді. Шындығында әлеуметтік қауіпті ОСОМ емес, сотталған адам екенін ескерген. Егер сотталушы өлім жазасына кесілген болса, көбінесе олар осы бап бойынша ең жоғары мерзім - 8 жыл алатын. Егер сотталушы жазасын лагерьде өтесе, онда ең қысқа дегенде 3 жылға дейін мерзім алатын. Лагерьдегі әйелдер бостандыққа шыққанға дейін күн санап, жазасын өтегеннен кейін оларды жаңа өмір күтіп тұр деп сенді. Алайда Алжир тұтқындарын босату процесі айтарлықтай кешіктіріліп, көптеген қиындықтар туғызды.

Әйелдерді лагерьден босату бір реттік іс-әрекет ретінде емес, кезең-кезеңімен жүзеге асырылды және бұл жазалау мерзіміне ғана емес, КСРО НКВД-ның тиісті нұсқаулығына да байланысты болды.

КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің 1930 жылғы 7 сәуірдегі шешімі бойынша, белгіленген жаза мерзімі өткеннен кейін тұтқын лагерь әкімшілігінің бұйрығымен ешқандай тергеусіз, сот шешімін күтпей-ақ дереу босатылды немесе Біріккен мемлекеттік саяси басқарма шешімімен босатылды. Бұл бұйрық көп жылдар бойы қолданыста болды.

1941 жылы 22 маусымда КСРО НКВД және КСРО Прокуратурасының № 221 директивасы шықты, оған сәйкес «контрреволюционерлерді, қарақшыларды, рецидивистерді және басқа да қауіпті қылмыскерлерді лагерьлер, түрмелер және колониялардан босатуды тоқтату керек» деді [1]. Бұл бұйрық ОСОМ әйелдеріне де қатысты болды, олар қауіптілігі бойынша бандиттермен және рецидивистермен теңестірілді, ал ең аз дегенде 3 жыл мерзімге ие болғандар, егер соғыс басталғанға дейін мерзімі аяқталмаса, әлі де лагерьлерде қалуы тиіс болды.

1942 жылы 29 сәуірде № 221 Директиваға өзгерту ретінде жаңа № 185 Директивасы шықты, онда былай делінген: «1941 жылғы 22 маусымдағы 221 Директиваға сәйкес лагерьлерде, түрмелерде және колонияларда жазасын өтеген тұтқындар қамаудан босатылды, соның ішінде мемлекетке опасыздық, террор, тыңшылық, диверсия, троцкистер, оңшылдар мен қарақшылар үшін сотталғандарды қоспағанда, олар соғыстың соңына дейін қамауда болатындығын хабарлады. Жазасын өтеген барлық тұтқындар соғыс біткенге дейін лагерь аймағына бекітіліп, кетуге құқығы жоқ азаматтық тұлғалар ретінде НКВД лагерьлерінде жұмыс істеуге қалдырылсын» [1, б. 160].

1942 жылғы 11 қарашада № 185 директиваға қосымша НКВД мен КСРО Прокурорының № 494/121С.с. тағы бір нұсқауы шықты, оған сәйкес НКВД-ның лагерьлері мен колонияларында еркін жалдау бойынша жұмыстарға қалдырыла отырып, директива тәртібімен № 185 болып босатылған тұтқындарға қолдарына паспорт бермеуге, лагерьлер (колониялар) тек тиісті анықтама берумен шектелуі тиіс болды. [1, б. 167] Жалпы алғанда, мерзімі аяқталған 60 мыңға жуық тұтқын болды, бірақ олар лагерьде ерікті жалдамалы жұмысшы күйінде қалуға мәжбүр болды. [2]

1945 жылғы 7 шілдедегі «Гитлерлік Германияны жеңуге байланысты рақымшылық жасау туралы» жарлық көптеген тұтқындарды жазадан босатты, сонымен қатар революцияға қарсы қылмыстар, социалистік меншікті ұрлау, бандитизм, жалған ақша жасау, қасақана кісі өлтіру, қарақшылық үшін сотталған адамдардың қалған мерзімін жартылай қысқартты [3]. Өкінішке орай, көптен күткен рақымшылық саяси қылмыстар үшін сотталғандарды айналып өтті, ең көп 8-жыл мерзімге сотталған әйелдердің көпшілігінің уақыты бітсе де, арнайы бұйрық шыққанға дейін сол жергілікті жерде қалуы керек деді.

Ақырында, 1946 жылғы 24 маусымда «КСРО НКВД директивасының күшін жою туралы №00585/00251/107С.с. КСРО-ның ішкі істер министрінің, КСРО-ның мемлекеттік қауіпсіздік министрінің және КСРО Бас Прокурорының 1941 жылғы 22 маусымдағы №

221 және 1942 жылғы 29 сәуірдегі № 185 және одан кейінгі толықтырулар енгізу туралы қамаудағылардың кейбір санаттарын қамау орындарынан босатуды жөнінде бұйрық шықты. Жазасын өтеген және лагерьге еркін жалдану жағдайында жұмыс істеу үшін қамауға алынған адамдарды оларға паспорт туралы ережеге сәйкес режимдік шектеулер қолдана отырып, жұмыстан босату ұйғарылды. Оларға (жеке іс бойынша қолхатпен) КСРО-ның кез-келген аймағында, режимдік жерлерден басқа, тұруға рұқсат етілгені, кету кезінде тиісті құжаттар мен жол жүру билеттерін бергені туралы хабарланды. Жаза мерзімін өтеген, бірақ соғыс аяқталғанға дейін түзеу-еңбек лагерлерінде ұсталғандарды қамаудағылар мен ерікті жалдамалылар жағдайында босату-біртіндеп жүргізілсін және 1946 жылғы 1 қазанға дейін аяқталсын. Алдағы уақытта сотталғандарды КСРО ПМ қамау орындарынан олар үшін белгіленген жаза мерзімі аяқталған күні босатсын» [4, б. 165].

Тұтқындардың есеп карточкаларында ешқандай заң бұзушылық байқалмады: егер 8 жыл лагерьде жазаға кесілген әйел, мысалы, 15.11.37 жылы сотталған болса, онда сол күні, 8 жылдан кейін, ол босатылды деп есептелді және карточкаға 15.11.45 жылы босатылды деп жазылған жазба енгізілді. Ресми мерзімі аяқталғаннан кейін әйелді тікенді сымның екінші жағына қоныстандырды. Ерікті жалдамалы ретінде ол өзінің толық босатылуын күтіп, бұрынғы орнында жұмысын жалғастырды.

Тұтқындарды мерзімінен бұрын босату туралы мәселеге келетін болсақ, ол әйгілі 58-бап бойынша сотталған әйелдерді де айналып өтті. Кеңес мемлекеті мен құқығының тарихында әйелдерді мерзімінен бұрын босату туралы құжаттары белгілі. Мысалы, 1923 жылы 5 наурызда КСРО БОАК-ның әйелдерді мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы Декреті шықты.

Бір жылдан кейін, 1924 жылғы 22 ақпанда ОСК-ның тағы бір Декреті шықты, онда былай делінген: «өткен жылғы тәжірибенің негізінде рақымшылық жасау салдарынан қамаудан босатылғандардың, кездейсоқ немесе мұқтаждығы бойынша қылмыс жасағандардың, жұмысшылар мен шаруа әйелдерінің адал еңбекке оралғанына көз жеткізгеннен кейін, ССРО Одағы ОСК Төралқасы қаулы етеді және осы жылы шартты түрде босатылсын». «Әйелдер мерекесі күніне жарты немесе одан да көп жаза мерзімін өтеп жатқан шаруалар мен жұмысшылар қамаудан босатылсын, олардың жаңа қылмыс жасау мүмкіндігі қауіп төндірмейді». [5]

Бұл 20 ғасырдың 20-жылдарындағы жағдай болды. Бірақ 30-шы жылдары, репрессиялық машина қарқын алған кезде, босатудың мұндай тұжырымдары мен себептері мүмкін болмады. Мысалы, КСРО Кеңесінің президиумында тұтқындарды мерзімінен бұрын босату туралы мәселе туындаған кезде Сталин өзінің түзетуін жасады: «біз жаман жасап жатырмыз, мұнымен лагерьлердің жұмысын бұзамыз. Бұл адамдарға босату, әрине, қажет, бірақ мемлекеттік шаруашылық көзқарасымен жаман. Ең жақсы адамдар босатылады, ал нашар адамдар қалады. Олар жұмыста қалдыратындай етіп, бұл істі басқаша қарауға болмас па екен? Осы жобаны бүгін мақұлдамай, Халық комиссариатына адамдарды орнында қалуға мәжбүр ететін басқа құралдарды ойлап табуды тапсырайық» деді. Бұл іс-әрекетке арналған ұсыныс нұсқаулық ретінде қабылданды. 1938 жылғы 25 тамыздағы «НКВД лагерлері туралы» жарлықпен «КСРО НКВД лагерлерінде жазасын өтеп жатқан сотталған адам сот белгілеген мерзімді толығымен өтеуі керек деп шешілді» [3].

Бұл ереже Берияның яғни, СССР Ішкі істер комиссарының 1939 жылғы 15 маусымдағы № 0169 бұйрығымен бекітілген [6].

Міне осы кезде ОСОМ ретінде сотталған әйелдер лагерьлерді толтырған кезде, олар үшін лагерь бастығы немесе 3 бөлім бастығы өтініш бере алатын жағдайларды қоспағанда, тұтқындардың барлық санаттарын мерзімінен бұрын босатуға тыйым салу туралы бұйрық шықты. Осылайша, Ақмола бөлімшесінде 1939 жылдың екінші жартысынан бастап ерекше режимді алып тастаумен қатар, тағы бір маңызды оқиға орын алды: жазаның қалған мерзімін жер аударуға ауыстыру.

Мерзімінен бұрын босату мәселесін әйгілі ресейлік ғалым А. И. Солженицин талдады, ол «1939 жылғы кері шығарылым - бұл органдар тарихындағы керемет жағдай! Бірақ бұл антипоток аз болды, шамамен бір-екі пайыз». [7, б.83]

Зерттеу әдістері. Сонымен, 1946 жылғы 24 маусымдағы № 00585/00251/107 бұйрыққа сәйкес, лагерьлердің максималды мерзімін алған әйелдер 1946 жылы босатылып, босату туралы анықтама, сондай-ақ құқығынан айыру туралы төлқұжат алып, жаңа өмір бастауға мәжбүр болды, өйткені бұрынғы өмірін жалғастыру мүмкін болмады. Егер лагерьде әйел тезірек босатылуға және бұрынғы өміріне оралуға үміт артса, әсіресе оны сол бап бойынша сотталғандар қоршап алып, онымен барлық жағдайы салыстырмалы түрде тең болғандықтан, оның көптен күткен бостандығына қол жеткізгесін, өзін жалғыз қалдырды.

Ол мерзімін өткізіп, жасамаған қылмысы үшін толық өтедім деп ойлап, бостандыққа шыққанда басқа әлемге түсті. Ал ол әлем оған жабық болды, себебі «халық жауы» деген таңба өмір бақи, яғни лагерьден кейін де қалды. Кеңестік жала жабудың арқасында Кеңес өкіметінің жауы деп жарияланған адам олардың пікірінше, социалистік жүйенің идеалдарына опасыздық жасаған деп барлық адамдардың жеккөрушілігін тудыратын, ел «халық жауларын» айыптап, әшкерелеу керек деген ойға үйренді. Кеңес халқы нағыз қылмыскерлерді түсініп, кешіре алды, бірақ «отанын сатқандарды» жек көруді үйренді. Жек көру сезімі олардың отбасы мүшелеріне де таралды.

Республикалардың астаналарында және басқа да ірі қалаларда тұруға тыйым салатын «минус 39» белгісі бар паспортты алған әйелдер барлық шын болмысымен бұрынғы үйлеріне барып, туыстарына оралуға тырысты. Егерде ол өз үйіне және өзінің туыстарына келіп, және сол туыстарымен бірге өмір сүре алатын болса, өзін бақытты деп есептеді. Әрине мұны істеу оңай болған жоқ, біріншіден, барлығы қамауға алынғанға дейін өмір сүрген ірі қалаларға бара алмады, екіншіден, баратын жері болмады, туыстары да, достары да, тіпті пәтерлері де болмады. Үшіншіден, туыстары әрқашан ашық көңілмен күткен жоқ. Жиі жұмысқа қабылданбады, тұрғылықты жерге тіркеуге қоюдан бас тартты.

Мысалы, Алжирдің тұтқынында болған М.Л.Даниленкода осылай болды. Оның естеліктерінен: лагерьден босатылғаннан кейін ол Украинаға келді. Онда оның ата-анасы мен ұлы қалған еді. Бірақ 1946 жылы құрғақшылықтан туындаған аштық мұндағы адамдардың ең жақсы қасиеттерін қалдырмады. Оның мұнда келуі өзі үшін де, туыстары үшін де тиімсіз болды.

Ұлы оны мойындамады, оған ата-анасы да көмектесе алмады және көмектескісі де келмеді. Мария Львовнаға Ақмолаға оралудан басқа ештеңе қалмады, яғни оның қайта келуі оған да, айналасындағыларға да қалыпты жағдай болды. [6, б.141]

Армандар мен үміттер бір күнде құлдырады, олардың орнына ертеңгі күнге деген үміт пен сенімсіздік пайда болды. Өмір сүру үшін жұмыс істеу керек болды, бірақ бір жерге жұмысқа тұру өте қиын еді.

Лагерьден кейін де әйелдер бір-біріне көмектесуге тырысты. Жұмысқа орналасып, кішігірім үй алса, олар лагерьдегі достарын шақырып, біраз уақыт бірге тұрды. Осылайша Ақмолада және оған жақын орналасқан ауылдарда Алжирдің бұрынғы тұтқын әйелдері орналасып қалды. Біразы кейін елдеріне қайта оралғанымен, көбісі өмірінің соңына дейін сонда қалды.

Тұтқыннан босаған Қ.И.Мальцевой естеліктерінен мысал келтірейік: «екі шағын балалармен баспанасыз, аздаған ақша сомасымен қалған. Енді қайда бармақ? Алматыдағы достарына баруға тыйым салынған. Свердловскідегі туыстары да бұның келгеніне онша разы болмайды. Сондықтан Ақмолада қалуға тура келді. Мен жұмыс іздеп кәсіпорындарға бардым, бірақ кадрлар бөлімінде олар менің анықтамамды көргесін, қақпадан шығарып жіберді. Амал жоқ вокзалда ұлдарымен бірге қонуға тура келді. Тек нан мен суға амалдап ақшасын жеткізді. Соңғы ақшасын ұрыға алдырды. Қалтасында бір тиын қалмады» [8].

Бұндай жағдай жалғыз емес еді, мұндай жағдай көптеген әйелдерге тән болды. Жалпы бақытсыздық оларды бір-біріне мәңгілікке жақындатты. Тұтқыннан босатылғаннан кейін, осында Ақмолада қалғандар жиі бірге жиналып тұрды. Галина Рачкованың қызының әңгімесінен: «мереке күндері көптеген дәмді тағамдар дайындалды, өйткені бұл әйелдер сонша уақыт аштықта болды. Барлық мерекелерді бірге өткізді» [8a]

Нәтижелер мен талқылау. «Босатылғаннан кейінгі әрбірінің ерік-жігері сақталмады», - деп атап өтті И.Н.Шубрикованың ұлы Константин. Көпшілігінен балалары бас тартты, ал басқаларының тіпті туыстары да қалмады. Біреулері Мәскеуге, Ленинградқа кетті. Анам екеуміз де жиналды. Оған әкем бұрын жұмыс істеген жерде-Фрунзе, Куйбышев, Новосибирскіде тұруды ұсынды. Ирина Николаевна тікелей партия комиссиясы төрағасының кабинетінде қызулана айтты: «Мен өмір бойы қайда өмір сүрдім, сонда қаламын», - деді. Олар оған мұнда үй салды, өмірінің соңына дейін осында агроном болып жұмыс істеп, қайтыс болды. Ал соңынан біразға дейін хаттар келіп жатты. Бұрынғы бөлімше бастығы Баринов жайлы көпшілігі жазды. Оны әйелдер құрметтеді, себебі, ол белгілі бір дәрежеде гуманист болды, бірақ бұйрықтың аты бұйрық екенін бәрі білді. Юзипенконың жайлы да жазды, тіпті ол анамнан оның қандай да бір еңбегін растауды талап етті»[9].

Айтпақшы, Алжир басшыларына баға берген әйелдердің барлық естеліктерінде пікір сәйкес келді және келесідей болды: «Юзипенко бізбен менмендікпен сөйлесті, бізге «азаматшалар» дегеннен басқа ештеңе айтпады. Тағы бір бастық Баринов болса бізбен жұмсақтау сөйлесті. Ол бізге: қыздар, әйелдер қалай тұрып жатырсындар деп әрдайым сұрап тұрды. Кей кездерде тіпті бірқатар жеңілдіктерге де барды»[8]. Бұл бұрынғы тұтқын К.И Мальцеваның және басқа лагерьде болғандарға тән ортақ пікір.

М.Т.Юзипенконың бұрынғы тұтқындармен хат-хабарлары сақталған, хаттар негізінен 60-шы жылдары жазылған. Достық мазмұнда жазылғаны көрініп тұр. Іс жүзінде бұл хаттардың барлығы жазу машинкасында басылғандықтан бір-біріне өте ұқсас. Бұл хаттарды егер де біреу оған арандатушылық сұрақтар қойған жағдайда көрсету үшін дайындап, үйінде сақтап қойған[10]. Жұмыстан кейін ол Целиноградта қалды, онда қайтыс болғанға дейін тұрды. Сонымен, лагерьден босатылғаннан кейін де әйелдерді қоғам қабылдамады және «халық жауы» деген таңбаны одан әрі қарай алып жүруді жалғастыра берді.

Революцияға қарсы қылмыстар үшін қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарды ақтау 50-жылдардың ортасында болғаны және КОКП-ның XX съезінен кейін, сонымен қатар 1956 жылғы 30 маусымда қабылданған «жеке басына табынуды және оның салдарын еңсеру туралы» партияның ОК-нің қаулысынан кейін ерекше жанданғаны белгілі. ОСОМ ретінде сотталған әйелдердің барлығы дерлік 50-ші жылдардың екінші жартысында ғана ақталды. Оларды айыптау жөніндегі істерді әскери трибунал қайта қарады, қамауға алу туралы Арнайы Кеңестің қаулылары алынып тасталды және ақтау туралы анықтамалар берілді.

Кейбіреулеріне 1937-1938 жылдары шығарылған үкімдердің, оларды «халық жауы» деп санаған үкімдерді жою үшін он жылдан астам уақыт күтуге тура келді.

Жаппай қуғын-сүргін жылдарында саяси себептермен сотталған адамдардың барлығын толық ақтау жарияланған бақытты күнге дейін бәрі бірдей өмір сүре алмады.

1987 жылғы 28 қыркүйекте КОКП ОК Саяси Бюросының «30-40-шы жылдар кезеңінде орын алған және 50-ші жылдардың басындағы қуғын-сүргінге байланысты материалдарды қосымша зерделеу жөніндегі КОКП ОК Саяси Бюросының комиссиясын құру туралы» қаулысы шықты, онда КСРО прокуратурасы мен мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне азаматтардың шағымдары және өтінішінің бар-жоғына қарамастан, істерді қайта қарау жөніндегі жұмысты жалғастыруға нұсқау берілді. [11, б.15-16]

Қорытынды. Жаппай қуғын-сүргін кезінде әділетсіз сотталған азаматтарды толық ақтау жолындағы маңызды қадам КОКП ОК Саяси Бюросының 1989 жылғы 5 қаңтардағы қаулысы болды, онда «тарихи, құқықтық әділеттілікті қалпына келтіру қазір үлкен саяси

мәнге ие болды. Біздің социалистік құқықтық мемлекет қалыптастыру жолындағы ілгерілеуіміз, қоғамдық сананың дамуы көп жағдайда осыған байланысты». Барлық жазықсыз сотталғандардың толық ақталуын, олардың мәңгі есте қалуын жұртшылық, зардап шеккендердің туыстары мен жақындары күтуде. [11,17-18]

1990 жылдың 1 қаңтарына КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылдың 16 қаңтарындағы Жарлығына сәйкес 87288 адам ақталды. «Үштік» алқалар мен ерекше кеңестердің шешімдері бойынша қуғын-сүргінге ұшырағандарды, сондай-ақ сот және прокурорлық органдардың шешімдерімен жауапкершілікке тартылған 31342 адам болды. [11,328]

1990 жылғы 13 тамызда КСРО Президентінің «20-50 жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің барлық құрбандарының құқықтарын қалпына келтіру туралы» Жарлығы шықты, онда партияның XX съезі бастаған жұмыс дәйексіз жүргізілгенін және 60-жылдардың екінші жартысында шын мәнінде тоқтағанын және материалдарды қосымша зерделеу жөніндегі арнайы комиссия 80-жылдардың ортасынан бастап қайта басталғанын атап өтті. Қуғын-сүргінмен байланысты мыңдаған жазықсыз сотталғандар ақталды және саяси істер бойынша ОГПУ-НКВД-МГБ органдарының соттан тыс шешімдері заңсыз деп танылды. [6,155]

1991 жылы 18 қазанда қабылданған «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Ресей Федерациясының Заңы саяси себептер бойынша барлық сотталғандарды ақтау бойынша жұмыстың аяқталуы болды. Осыған ұқсас заң Қазақстанда 1993 жылғы 14 сәуірде қабылданды, ол заң бойынша 1917 жылғы 25 қазаннан (7 қарашадан) кейін Саяси қуғын-сүргіндерге тікелей ұшыраған барлық адамдарға осы қуғын-сүргіндердің барлық құрбандарын ақтау, оларға келтірілген моральдық және материалдық залалдың қазіргі уақытта барынша мүмкін болатын орнын толтыруды қамтамасыз ету мақсатында қолданылды.

«Ата-аналарымен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған балалар да саяси қуғын-сүргіннің құрбандары деп танылады»[12]. Шынында да, осы заң шыққаннан кейін, қазір репрессия жылдарында «саяси қылмыстар» үшін сотталған әрбір адам тиісті органдарға хабарласып, ақталу туралы анықтама ала алды.

Кейіннен, Президент Н. Ә. Назарбаевтың Жарлығымен 1997 жыл республикада жалпыұлттық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланды [13].

Сол жылы республика азаматтары мен қоғамдық бірлестіктерінің өтініштерін ескере отырып, саяси қуғын-сүргін құрбандарын мәңгі есте қалдыру мақсатында Президент Н.Ә. Назарбаевтың 31 мамырды Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні деп белгілеу туралы Жарлығы шықты.

Осылайша, Алжирдің тұтқындары жазасын өтегеннен кейін де лагерьден әрдайым босатыла бермейді. Бұрынғы тұтқындардың едәуір бөлігіне деген қоғамда түсініспеушіліктер кездесті. Билік тарапынан тұрғылықты мекенге тіркеуді шектеу, ірі қалаларда тұру, жұмыс істеу, оқуға және т. б. тыйым салу бойынша әкімшілік шаралар болды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сборник законодательных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессий. 223 стр, С.158
2. Земсков В.Н. Гулаг. (историко-социальный аспект). Социологические исследования. 1991 г. № 6. С. 10-27, 22
3. Сборник законов СССР и указов Президиума Верховного Совета СССР (1938-1956). Москва. Госюриздат. 1959, С. 407
4. Сборник законодательных и нормативных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессий. 223 стр.

5. Сборник нормативных актов по советскому исправительно-трудовому праву (1917-1959). Москва. Госюриздат.1959 г. С. 118
6. Кукушкина А.Р.Акмолинский лагерь жен «изменников Родины»:история и судьбы. Караганда. 2002. С. 136
7. Солженицын А.И.Архипелаг Гулаг. 1918-1956 г.г. опыт художественного исследования.В 3-х т. Москва. Советский писатель. Новый мир. 585 с
8. Смагулова Г. Не утихающая боль. Целиноградская правда. 1989 г. 26 апреля
9. Коваров В.Правда «АЛЖИРА». Ленинская смена. Москва. 1988 г. 2 июня
10. Государственный архив г. Астаны. Ф.370. Д.50
11. Реабилитация. Политические процессы 30-50-х годов. Москва. Политиздат,1991 г. 461 стр.
12. «О реабилитации жертв массовых политических репрессий».Закон Республики Казахстан. Казахстанская правда. 1993 г. 1 июня
13. Указ Президента РК « Об объявлении 1997 годом Общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий»// Юридическая газета РК. 1997 г. 8 января.
14. Хабаршы.Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ № 3 (43). 2005 ж. 111-116 б.

Referens list:

1. Sbornik zakonodatel'nykh aktov o repressiyakh i reabilitatsii zhertv politicheskikh repressiy. 223 str, S.158
2. Zemskov V.N. Gulag. (istoriko-sotsial'nyy aspekt). Sotsiologicheskiye issledovaniya. 1991 g. № 6. S. 10-27, 22
3. Sbornik zakonov SSSR i ukazov Prezidiuma Verkhovnogo Soveta SSSR (1938-1956). Moskva. Gosyurizdat.1959, S. 407
4. Sbornik zakonodatel'nykh i normativnykh aktov o repressiyakh i reabilitatsii zhertv politicheskikh repressiy. 223 str.
5. Sbornik normativnykh aktov po sovetskomu ispravitel'no-trudovomu pravu (1917-1959). Moskva. Gosyurizdat.1959 g. S. 118
6. Kukushkina A.R.Akmolinskiy lager' zhen «izmennikov Rodiny»:istoriya i sud'by. Karaganda. 2002. S. 136
7. Solzhenitsyn A.I.Arkipelag Gulag. 1918-1956 g.g. opyt khudozhestvennogo issledovaniya.V 3-kh t. Moskva. Sovetskiy pisatel'. Novyy mir. 585 s
8. Smagulova G. Ne utikhayushchaya bol'. Tselinogradskaya pravda. 1989 g. 26 aprelya
9. Kovarov V.Pravda «ALZHIRA». Leninskaya smena. Moskva. 1988 g. 2 iyunya
10. Gosudarstvennyy arkhiv g. Astany. F.370. D.50
11. Reabilitatsiya. Politicheskiye protsessy 30-50-kh godov. Moskva. Politizdat,1991 g. 461 str.
12. «O reabilitatsii zhertv massovykh politicheskikh repressiy». Zakon Respubliki Kazakhstan. Kazakhstanskaya pravda. 1993 g. 1 iyunya
13. Ukaz Prezidenta RK « Ob ob'yavlenii 1997 godom Obshchenatsional'nogo soglasiya i pamyati zhertv politicheskikh repressiy»// Yuridicheskaya gazeta RK. 1997 g. 8 yanvaryaya.
14. Khabarshy. L.N.Gumilev atyndaғы YeUU № 3 (43). 2005 zh. 111-116 b.

Аннотация. В 30-40-е годы XX века руководство СССР предприняло попытку превратить Казахстан в страну лагерей. Так на территории страны один за другим открывались лагеря Карлаг, Степлаг, Жезлаг и др.

Один из них женский лагерь, который в народе назывался «АЛЖИР», располагался недалеко от современного города Астаны. Сюда привозили женщин, осужденных по политическим обвинениям, со всего Советского Союза. Это были жены, матери, дочери известных государственных и общественных деятелей страны.

В статье анализируются история, историография, архивные документы женского лагеря

«АЛЖИР» в Акмолинской области Северного Казахстана. Историография темы рассматривается через работы отечественных и зарубежных исследователей, опубликованные с восьмидесятых годов по настоящее время. В качестве данных взяты документы из фондов Карагандинского, Акмолинского областных архивов и Астанинского городского архива, рассказывающие об истории указанного лагеря.

Ключевые слова: Алжир, женщины, преследование, враг народа, лагерь, заключенный, оправдание

Abstract: In the 30-40s of the twentieth century, the leadership of the USSR attempted to turn Kazakhstan into a country of camps. Thus, Karlag, Steplag, Zhezlag, etc. camps were opened one after another on the territory of the country.

One of them was a women's camp, which was popularly called «ALGERIA», located near the modern city of Astana. Women convicted on political charges from all over the Soviet Union were brought here. They were wives, mothers, daughters of famous statesmen and public figures of the country.

The article analyzes the history, historiography, archival documents of the women's camp «ALZHIR» in the Akmola region of Northern Kazakhstan. The historiography of the topic is considered through the works of domestic and foreign researchers published from the eighties to the present. As data, documents were taken from the funds of the Karaganda, Akmola regional archives and the Astana city archive, telling about the history of this camp.

Key words: Algeria, women, persecution, enemy of the people, camp, prisoner, justification

ТҰЛҒАТАНУ
ПОЗНАНИЕ ЛИЧНОСТИ
COGNITION OF PERSONALITY

ӘОЖ: 821.512.122 «18»

<https://orcid.org/0000-0001-7549-4621>

<https://orcid.org/0000-0001-5405-116X>

Өмірзақов С.Д., Бибулова М.*

филолог.ғ.д., доцент. «Абайтану» ғылыми орталығының басшысы.

М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

магистр, «Абайтану» ғылыми орталығының қызметкері.

М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ИКРАМ ИШАННЫҢ ӨМІРБАЯНЫ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

*Автор-корреспондент: bibulova79@bk.ru

Түйін: Мақалада Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдебиет мектебінің өкілі, шарғи білімі терең, аса ірі «кітаби ақындардың» бірі Икрам ишанның өмірбаяны мен шығармашылығы туралы тұңғыш рет қысқаша мәлімет берілді.

Алдымен ақынның өмірбаяны ғылыми негізде анықталды. Патшалы Ресейдің, кейінгі кеңес одағының аса қатыгездікпен жүргізген отарлау идеологиясына шығармашылық қызметі арқылы қарсы тұрған, назымдары арқылы Ислам дінін қарсы қоя отырып күрескен. Медресе-мешіт салу арқылы ұрпақ санасын таза ұстаудың кілті шайыр еңбектері арқылы көрініс берген. Шежірелік деректер қолжазба мұралардағы деректермен салыстырылып берілді. Шығармаларында Ислам дінінің парасат пен ізгілік секілді адамзатты екі дүниеде де рухани тазалыққа шақыратын асыл құндылықтарын уағыздайды. Халық ол салдырған мешітті «Икрам Ишан мешіті» деп қастерлеп жұма намазға барып тұрды. Ал, мектепке балаларын оқытып, «Ағарту ісі» деп қастерледі, назымдарын жатқа алып тоқыды.

Кілт сөздер: Отырар, медресе, мешіт, назымдары, Балтакөл, Ақкөл, Рахманқұл, қожалар, Әбділһай, Қасым ишан, Азаматұлы Рәмат.

Кіріспе. Алдымен ақынның әлі күнге белгісіз өмірбаянына тоқталайық. Түркістан облысындағы Кентау қалалық әкімшілігіне қарасты Байылдыр ауылында ғұмыр кешкен еңбек ардагері, ұстаз Жапаров Әбділһай (Өтен) Шәмшідінұлының отбасында атадан балаға сақталып жеткен қожалардың ұрпақ тарату шежіресінде және осы шежіре негізінде жазылған «Ұлы Пайғамбар және ұрпақтары», «Шұбар атты Мәлім Сейіт қожалардың (Қасым ишаннан бері) шежіресі» (2014) деген кітаптарда Икрам ишанның түп атасы Өзірет Әліден тарайтындығы айтылады. Бергі атасы Сейіт Ешмұхаммәд (Ересім Сейіт - Шұбар атты Мәлім Сейіт). Ересім Сейіттен - Бөбей Сейіт; одан - Төлөк Сейіт; одан - Дінмұхаммәд Сейіт; одан - Мұхаммадәлі Сейіт; одан - Махсұтәлі Сейіт; одан - Дәулетәлі Сейіт; одан - Махтұм Сейіт; одан - Дінмұхаммәд Сейіт; одан - Үмбетәлі Сейіт; одан - Бөбей Сейіт; одан Мұстафа; одан Қасым ишан; одан Ташмұхаммәд Сейіт, Қосмұхаммәд Сейіт, Есім ишан, Икрам ишан. Бізге шежіреден дерек берген Жапаров Әбділһай (Өтен) Шәмшідінұлы Қасым ишанның Ташмұхаммәд Сейіт деген баласынан яғни Икрам ишанның ағасынан тараған ұрпақ.

Икрам ишанның алты әйелі болған. Солардың төртеуінен перзент көрген. Бірінші әйелі Мариядан - Әлиакпар, Әлиасқар; екінші әйелі Айсакайдан - Әбдімәлік, Маһмұт (Мамыт); үшінші әйелі Қадишадан (Қатша) - Әбибулла; төртінші әйелі Кенжеден - Убайдулла есімді балалары болған. Бұл Жапаров Әбділһай (Өтен) Шәмшідінұлынан алынған дерек. Икрам ишанның әкесі Қасым да, шешесі Несібелі бибі де ата-тегіне

тартып, өз заманының білімді кісілері болған екен. Икрам ишанға да ата-анасының осы қасиеті дарыған. Белгілі жазушы, әдебиетші, саттартанушы Әдіһам Шілтерханов музейге Шәдітөре Жаһангерұлының «Өсиетнамасының» қолжазба көшірмесін тапсырғанда мынадай анықтама жазылған парақшаны қоса беріпті: «Шәдітөре Өсиетнамасы. Жазып алған Икрам ишан. Балтакөлде имам болған. Сейіт қожа. Өзі шайыр, өзі ғалым адам болған. Ахатов Әбдусадық көшірген. Икрам ишанның қолжазбасы Ерназардың баласында, Шәуілдір сөзы»[1,18]. Өзі осы қожалар әулетінен шыққан Әдіһам ағамызға біздің қосып, аларымыз жоқ. Жапаров Әбділһай (Өтен) Шәмшідінұлының дерегі бойынша Қасым ишан 1898 жылы, баласы Икрам ишан 1941 жылы қайтыс болған.

Түркістан, Отырар ауданының Балтакөл ауыл округіне қарасты Ақкөл елді мекенінің тұрғыны, еңбек ардагері, кезінде атасы Тобағабыл Икрам Ишанның пірадары болған Азаматұлы Рәмәт қарияның Икрам ата мешітінің кірпішін қаласқан әкесі Азаматтың өз аузынан естіген дерегіне қарағанда мешіттің бұрынғы орны Сырдарияның жағасына таман, көпірден жоғары, дарияның сол жағында бір шақырымдай жерде болған. Тасқын судан мешіт құлайтын болған соң, Икрам ишан елді ұйымдастырып 1924-26 жылдары қазіргі орнына қайта салдыртқан. Қаражатты ел жинаған. Қышты дарияның жағасындағы ескі мешіттен алып келген. Жетпегенін құмнан да күйдірген. Қышын әперуге Божбаннан, Көтеннен, Жетімдерден бір-бір адам, Қаңлыдан Қоқанбай деген кісі қатысқан. Қоқанбай кейін Балтакөл өткелінде ұзақ жылдар, зейнеткерлікке шыққанша қайықшы болған. Өте сабырлы, қайратты, мейірімді, қайырымды кісі екен. Уақытпен санаспаған. Зәру жолаушыларды қайықпен түнде де өткізіп отырған.

Мешіттің қабырғасы көтерілгенде Икрам ишан «қызыл белсенділердің» қатты қудалауына ұшырайды да, мешіт құрылысын аяқтауды баласы Әлиасқарға тапсырып, өзі Ташкент жағына кетеді. Содан көп уақыт өтпей сонда қайтыс болып, Төле бидің қасына жерленген. Икрам ишан кетерінде елімен қимай қоштасып: «Мешіттің күмбезін көре алмай кеттім-ау!» - деп армандап кеткен екен...

Икрам ишанның баласы Әлиасқардың академик ғалым Рахманқұл Бердібайға азан шақырып ат қойғаны туралы бір дерек «Ұлы Пайғамбар және ұрпақтары» деген кітапта берілген. «Бірде белгілі ғалым, профессор Рахманқұл Бердібаевпен әңгіме-дүкен үстінде, осы Әлиасқар туралы сөз қозғалды. Ондағы әңгіме төркіні мынадай еді: «Дүниеге келгенімде маған азан шақырып, ат қою үшін, Түркістаннан арнаулы түрде Әлиасқарды алдыртқан екен. Сөйтіп маған «Рахманқұл» деп ат қойыпты. Мұның мәнісі, ғұлама оқымысты адамдар кітаптан алғанындай «Рахман» - Алланың көптеген көркем есімдерінің бірі, ал екіншісі «соның құлы» деген сөз. Яғни, «Рахманқұл» деген сөз «Алланың құлы» деген мағынаны береді. Міне, шырағым, ат қоюдың қандай кереметтей сыры бар екенін біліп ал, - деді ғалым» [2,21].

Икрам Ата мешітінің жанында медресе болған. Бұл оқу орны Ақкөл медресесі деп аталған. Қазан төңкерісінен кейін медресе жабылып, оның орнына бұрынғы медресе атымен кеңестік оқу жүйесі бойынша «Ақкөл» бастауыш мектебі болып ашылған. Кейін «Тоғай» бастауыш мектебі болып аталған. Сірә атеистер діни мектептің атын да өшіргісі келсе керек. Медресе түлектерінің бірі Рәмәттің туысқан ағасы Ерубайұлы Дәуренбек деген кісі болған екен. Дәуренбек өте білімді болған. Жалпы, медресені бітіргендердің қай-қайсысы болса да сауатты болыпты. Медресеге Айтжан дамолла сабақ берген. Бұл кісі атақты Әубәкір қарының әкесі. Икрам ишанның отбасында бір кепе кітабы қалған. Рәмәт қарияның айтуынша бұл рухани құндылықтардың бір парасы «Қызылдың қырғыны» кезінде ХХ ғасырдың 30-жылдары қазіргі Ақкөл (бұрынғы «Балтакөл» совхозының №2 фермасы. А.Ж.) ауылының шығыс жағындағы ескі арықтың ішіне ақ киізге оралып, бірнеше сандыққа салынып көміліп жасырылған. Қалғанын ұрпақтары қасиеттеп таратып алып кеткен. Сол ұрпақтарының бірі, Икрам Ата мешітінің қазіргі шырақшысы Тәжіқожаұлы Оразқожа мен әйелі Жанайдарқызы Тәжіқожақеліні Роза екеуі аталарынан қалған сол кітаптарды ұзақ жыл сақтап, музей директоры Абдулла Жұмашов арқылы

Руханият Әбу Насыр әл-Фараби мұражайына тапсырған.

Дінтанушы ғұлама Абдулла Жолдас айтқан бір деректе Ташкент - Самарқанд автомобиль жолының бір бұрылысында «қазақ ишанның моласы» деген бір қорым бары және бұл қасиетті орын туралы жергілікті өзбектердің арасында мынадай бір аңыз бары айтылады: «Өзбектер Икрам ишанды «Қазақ ишан» (Козок эшон) дейді екен. Кейін Икрам ишан қайтыс болған соң ол жерленген жерді де «Қазақ ишанның (Козок эшонның) моласы» деп атаған. Бұл бір жер болып кеткен ескі мазарат екен. Осы маңнан Ташкент-Самарқанд автомобиль жолының құрылысы жүргенде ескі мазараттың бір шеті жол астында қалу қауіпі төнеді. Сонда мазар маңындағы елдің қариялары жиналып келіп, жол құрылысы бастығына бұл ескі қорымды бұзуға болмайтынын, мұнда бір қасиетті Икрам Ата деген қазақ ишанның жерленгенін, сондықтан мүмкін болса, жолды қиыстау салуын өтінеді. Оған жол құрылысы бастығы көнбей, жол құрылысшылары бар техникасымен мазараттың жол өтетін шетін бұзып-жарып тегістей бастайды. Бірақ жол құрылыс машиналары-скрепер, грейдер, бульдозер, т.б. сынып, бұзылып ақыры жолды мазараттан бұрыстау салуға тура келеді. Бұл аңызды Абдулла Жолдас Ташкент жағының бір ғұламасынан естіген. Бұл туралы кей деректер жоғарыда аталған «Ұлы Пайғамбар және ұрпақтары» деген кітапта да (2007) айтылады.

Теориялық талдау. Икрам ишанның шығармашылығына шолу.

Икрам ишанның аты көбіне мерзімді баспасөзде жарияланған зерттеу мақалаларда, ғылыми әдебиеттерде ол салдырған Икрам Ата мешітіне байланысты айтылады. Оның себебі шайыр шығармаларының өз зерттеушілерінің қолына түгел түспегендіктен болса керек. Мәселен, Икрам Ата мешіті туралы мерзімді баспасөзде алғаш рет толымды ғылыми дерек берген археолог ғалым Мұхтар Қожа өзінің Отырар аудандық «Отырар алқабы» газетінің 1991 жылғы 31 қаңтарындағы санында жариялаған мақаласында мешіттің архитектуралық құрылысына ғылыми негізде біршама талдау жасай келіп, «мешіт қашан салынған? Икрам Ата кім?» деген сұрақтарға жауап іздеп, Қазақ Кеңес Энциклопедиясынан таба алмағанын, тек таяуда жарыққа шығатын Шымкент облысының ескерткіштері кітабының баспаға ұсынылған нұсқасындағы Икрам Ата мешітіне арналған мақала тым шағын ғана екенін, онда мешіт XIX ғасырда салынса керек деген жорамал мен мешіт қасында медресе болғаны туралы мәлімет берілгенін, Икрам Ата мешіті туралы ең нақты дәлелді пікірлерді №4 Балтакөл мектеп-интернаты жанынан (Қазіргі Отырар ауданының Шәуілдір қыстағындағы Ө. Жәнібеков атындағы лицей-интернат) тарихи-өлкетану музейін ашқан белгілі тарихшы, өлкетанушы Адасқан Алтаевтың музейге жазған хатында кездестіргенін айта келіп, мақаласында хаттың мына мәтінін келтірген: «1910 жылы Балтакөлдің халқы Ақтас (Жаңақорған ауданы) деген жерден Қасым ишанды көшіріп әкеледі. Сауат ашу әрі дінді жүргізу үшін дарияның жағасынан мешіт тұрғызады. 1914 жылы қайтыс болған Қасым ишанның баласы - Икрам ишанның жігіт кезінде ыза судан мешіт құлайды. 1924-1925 жылдарға дейін жөнді мешіт болмайды. Қазіргі мешітке елден қаражатты Көтен, Божбан, Жетімдер, Қаңлы тағы басқа рулардан жинайды. Ташкенттен ұста әкеліп, 1926 жылы Икрам ишан жаңадан мешіт салдырады. Алдыңғы кішкене күмбезді Маңқытайдан - Ерғара, Байназар, Үндемес, Жетімдерден - Манияр, Аманжол, Бурабай салдырған». Ғалым мақаласының соңында 1990 жылдың көктемінде Икрам Атаға арнайы барғанын, талай жыл қойма болған ескерткіштің адам төзгісіз жағдайда күтімсіз қалғанын, осы төзімсіз жағдай жөнінде жергілікті Балтакөл кеңестік Кеңесіне хат жазғанын, оған әлі жауап жоғын ашынып жазған[3]. Біз қашан да тарих пен мәдениет ескерткіштерін зерттеп те, сақталуына қамқорлық жасап та жүретін археолог ғалым Мұхтар Қожаның сәулеттік жағынан да, Ислам құндылықтары жағынан да әлемдік маңызы бар ескерткіштердің бірі Қожа Ахмет Иасауи кесене-мешітінің реставрация (қайта жаңғырту), консервация (тұмшалау) жұмыстарындағы кемшіліктерді айтып, ескерткішке талай-талай ара түскенін білеміз.

Қойма демекші, Кеңестік кезеңде Икрам Ата мешіті Балтакөл совхозының азық-түлік

сақтайтын қоймасы болған. Оның себебі, Балтакөл совхозы әкімшілік жағынан бұрынғы Қызылқұм (қазіргі Отырар) ауданына қарағанымен, Қызылқұмды жайлаған малшы-шопандарға мемлекеттік қордан бөлінген азық-түлік базасы Түркістанда болатын, Өйткені Түркістан Балтакөлге жақын. Бірақ ол кезде Сырдарияның Балтакөл өткелінде қазіргідей көпір болмағандықтан, ел ары-бері пароммен қатынайтын. Кейін жиналмалы фонтом көпір салынды. Бұл көпір де өзенге мұз қатарда, қысқа қарай жиналып алынатын да, қыста өткелдегі қатынас қиындап, азық-түлік тасу кейде мүмкін болмай қалатын. Сондықтан азық-түліктің қысқы қоры алдын-ала Түркістаннан совхоз қоймасына, Икрам Ата мешітіне тасып алынып сақталатын. О бастан Икрам Ата мешітінің қойма болғанына наразы болған Адамқан Алтаев талай-талай мешітке барып, ескерткіштің сақталуын қадағалап тұрған. Мәселен, Адамқан аға мешітке барған сайын қоймашыларға азық-түлікті (қап-қап ұнды, жәшік-жәшік басқа да азық-түлікті т.б.) мешіт қабырғасына тақап жинамауды, ортасына арнайы ағаш сөре жасап, соған жинауды немесе қабырғасына салмақ түсіп, құлайтынын айтып отырған. Бұл талабын кейін совхоз басшыларына айтып жүріп орындаттырған да.

Ол кісі мешітке барған сайын бір қышы мүжілмесін, бұл жай кейін қайтадан мешіт болады дейді екен. Кейін өлкетанушы ұстаз ескерткіштің сыртын қоршаттырады. Бірақ амал не Адамқан ағаның көзі кеткен соң Икрам Ата мешіті қараусыз қалды. Оның үстіне мешіттегі қойманың меншік иесі совхоз тарады. Сыртын қоршаған шарбақ сөгіп алынды. Міне, осы кезеңде Мұхтар Қожа сияқты зиялы қауым ескерткіштің қараусыз қалғаны туралы мерзімді баспасөзде мақалалар жазып, құзырлы орындардың назарын аударып, ескерткіш мемлекеттік қорыққа алынды. Айналасы қайта шарбақталып, мешітке қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстарды ұйымдастыруда Икрам ишанның ұрпағы Мұзапбаров Тәшкенбай қария көп еңбек сіңірді.

Ал, «Қ.А.Иасауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің III курс студенті» деп қол қойған Асқат Сәдібеков өзінің «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 1998 жылғы 9-мамырдағы санында «1998 жылы халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деген айдармен басылған «Еленбей жүрген ескі кесене» деген мақаласында Икрам ишанның 1850-1920 жылдары өмір сүргенін, әкесі Қасым ишанның 1770 жылы дүниеге келгенін, қай жылы дүние салғаны белгісіз екенін айта келіп, мешіт туралы мынадай дерек келтіреді: «Мақұлбек деген көнекөз қарияның айтуынша, кесененің іргетасы 1920 жылы қаланып, 1924 жылы біткен. Кесенені Икрамның баласы Асқар қары салдырған көрінеді. Іргетасын Бұхара ұстасы Әбдірайым деген кісі қалаған екен. Ал, ауылдағы алып күштің иелері атанған Қоқанбай және Қожаберген деген аталарымыз салмақты қызыл кірпішті 12 метрлік биіктікке жеткізіп беріп тұрған»[4,129-130]. Сондай-ақ, Асқат Сәдібеков мақаласында Икрам ишан туралы ел аузында сақталған аңыз-әңгімелерді де сөз еткен.

Ғылыми әдебиетте Қазақстан Республикасы ұлттық академиясының жанындағы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институты, Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне қарасты Қазақ жобалау-қайта қалпына келтіру институты, «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы бірігіп шығарған «Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштері шежіресінің» 1994 жылы қазақ және орыс тілдерінде шыққан 1 томында Г.М.Камалова мен Б.Т.Тұяқбаеваның «Икрам мешіті» деген мақаласы берілген. Онда мешіттің XIX ғасырда салынғаны, жанында медресе жайының жартылай қирандысы сақталғаны, қышының өлшемі 27x13x6,5 см. екені айтылып, мешіт құрылысына қысқа ғана сипаттама берілген. Ал, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институтының Ғылыми Кеңесінің шешімімен 2007 жылы қазақ-орыс тілдерінде басылған ғылыми-энциклопедиялық сипаттағы «Оңтүстік Қазақстан облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағында» басылған археолог-ғалым Мұхтар Қожаның «Икрам Ата мешіті» атты мақаласында Икрам ишанға қатысты аса құнды ғылыми деректер айтылады. Мәселен, М.Қожа Икрам Ата мешітінің XIX ғасырда емес, XX ғасырдың басында 1926 жылы салынғанын, Сыр бойына мәшһүр Икрам ишан

балаларды оқытатын үй мен жаңа мешіт салу мақсатында жергілікті халықтан қаражат жинап мешіт салдырғанын айтады. Икрам Ата мешітінің суреті тарихшы-этнограф ғалым, өнертанушы, қоғам мен мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтың «Ежелгі Отырар-Древний Отырар» деген кітабында (1997) «Балтакөл. Жұмамешіт. XX ғ. басы» деп берілген.

Нәтижелер мен талқылау. Біз жоғарыда Икрам Ата (ишан) және оның мешіті туралы біршама деректерді сөз еттік. Ал, ел ішінде «Икрам ишанның назымы» деген атпен қалған тағылым өлеңдеріне тоқталайық. Түріктің «назым» (өрнекті өлең) сөзінен шыққан бұл поэзиялық жанр туралы белгілі сыншы, әдебиет зерттеуші, фольклоршы, филология ғылымдарының докторы, академик Рахманқұл Бердібай өзінің «Сарқылмас қазына» атты жинақ кітабында (1983): «Шайыр Тұрмағамбет Ізтілеуовтың алғаш рет шыққан өлең жинағына (1972) «Назым» деп ат қойыпты. «Назым» деген сөз қазақтың ескіше сауатты оқушысына ежелден ұғымды болатын. Таяу, Орта Шығыстың көп елдері поэзияны осы күнге дейін назым деп атайды. Қазақтың кітап сүйер сауатты қауымы арасында ерте кезден мәлім болып келген «Назым» атауы поэзия терминінің синонимі ретінде қайта жанданып, тіліміздің тірі қорына еніп кетуі ғажап емес», - депті [5.58]. Әдебиет зерттеуші ғалым айтқандай бұл атаудың тіліміздің тірі қорына еніп кеткені болуы керек, бір ғасырдан бері Икрам ишанның көңіл сазын білдіретін ғибрат, тағылым өлеңдерінің ел жадында «Икрам ишанның назымдары» деген ұғыммен сақталып осы заманға жетуі.

Икрам Ишан назымдарын ақынның ұрпақтарынан, термеші-жыршылардан, дастаншыл дарындардан, күйма құлақ шежіре қарттардан жазып алып, көзінің қарашығындай сақтап бізге - музейге тапсырған соғыс, еңбек ардагері, фольклор жинаушы, дінтанушы Жалтыров Асан еді. Жалтыров Асан 1908 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан ауданының Қандөз ауылында туылған. Ауыл молдасынан, Отырардағы Оспан әжі медресесінен сауатын ашып, білім алған Асан арабша өте сауатты болған. Әдебиетші Абдулла Жұмашев құрастырып, алғы сөзін жазған «Қызыл жыршы» деген кітапша (2009), «Қазыналы Оңтүстіктің» томында Жалтыров Асан туралы мынадай дерек бар: «Бізге Қызыл жыраудың Әкімгереймен айтысының, «Кәрілік туралы» толғауының толық нұсқасын берген Асан қария Ұлы Отан соғысына қатысқан соғыс және еңбек ардагері. Кешегі қан майданда ел тәуелсіздігі үшін фашистермен төрт жыл айқасып, туған елге жеңіспен оралды. Елге оралған соң да, ел ризығымен жанқиярлықпен еңбектенді.

Бірде Қызыл жырау мұрасын жинау мақсатымен Асекеңе барғанымызда егер менің азды-кемді еңбегімді елеп, жылы сөз айта қалсаң, Мінайдарды қос. Себебі: «Сенің ескіше сауатың бар ғой, «Абсабат» колхозында (Сөз болып отырған «Овцевод» совхозы) Қызыл ақын деген өткен екен, соның сөзін жинап, ел кәдесіне асыр. Мен сонда ферма басқарып, Герой болдым ғой», -деп ақыл берген еді.

Иә, Асекең әруақ болған қадірменді майдандас досы, Социалистік Еңбек Ері Қарамолдаев Мінайдарды осылай есіне алып отырады екен. Мінекең 1985 жылы мәңгілікке көз жұмғанда аяулы досын арулап қойысты. Қаралы жиында Мінекеңнің елге сіңірген ерен еңбегі туралы тебірене айтты. Адамның адамгершілік асыл қасиеті деген осы болса керек.

Асекең «Әміре-Әмзе» секілді эпикалық дастандарды жатқа айтатын, бүкіл пайғамбар шежіресінен сөз қозғап, қасиетті дініміздің тарихын тірілкен аса зиялы кісі, ел қариясы. Отырар ауданының құрметті азаматы. Ол кісі Мырзабек Байжанұлының шығармашылығын ғана емес, Айтбай, Айдарша, Жұмаділлә, Шәді т.б. сөз зергерлерінің, Икрам ишан, Әубәкір қары, Бұйрабай әжі секілді ілім дарыған кісілердің сөзін жинаған ел фольклоршысы.

Құл Қожа Ахмет Иасауи Арыстанбаб секілді әулие, ақын бабаларының кесене-мешіттерінің күмбезін көріп, хикметтерін оқып, Қызыл жырау, Айтбай, Айдарша, Байбосын, Жұмаділлә, Балтабай, Садуақас сынды ақындармен, ілім дарыған Әубәкір қары, Бұйрабай әжілермен дәмдес болған. Отырартөбе қалажұртының қыш-құмырасын

жинап қасиеттеп сақтап өскен Асан Ата жасынан қасиетті ислам құндылықтарын қастерлеп, өлеңге көркем сөзге жаны құмар болып өскен. Ол кісінің музейге тапсырған Икрам ишан назымдарының өзі бес жүз беттен асады. Ал, хисса-дастандары өз алдына бір бөлек дүние.

Икрам ишан назымдарының біршамасын жинап, араб әрпінен аударып музейге аманаттаған тағы бір кісінің бірі жоғарыда айтқан Байылдырлық (Кентау) Жапаров Әбділлай (Әтен) Шәмшідінұлы. Әбілхайдың өзі де, әкесі Шәмшідін де ақындығы бар кісілер екен. Бұл өнер иелерінің өлеңдерін Шәмшідіннің Шәкірхан деген баласы жоғарыда аталған өзі жинақтап баспаға дайындаған «Шұбар атты мәлім Сейітқожалардың (Қасым ишаннан бері) шежіресі» деген кітабында жарияланған. Шәмшідіннің өлеңдерінде өзінің Ұлы Отан соғысына аттанғанда елге, туған-туыс, бауырларға деген сағыныш саздары, қан майданда қанқұйыла жаумен шайқасдағы ерлік қимылдары, жараланып госпиталда жатқандағы жан қиналысы жырланады. Осындай ақын жандылықтарына арқасында Шәмшідіннің әулеті Икрам ишан аталарының назымын қадіріне жетіп, оны келешек ұрпаққа жеткізіп кетті. Бұл үшін біз Ұлы Отан соғысының ардагерлері, асқан қаһармандық ерлігімен ел тәуелсіздігін қорғап қалған, Жалтыров Асан мен Жапаров Әбділлай Шәмшідін ұлының рухына бас иіп, шексіз алғыс айтамыз.

Сонау XVI ғасырда қабырғасы қаланып, бүкіл таяу, Орта Шығыс және Орта Азия елдері үшін қасиетті оқу орны болған Бұхарадағы әйгілі «Мир-Араб», Көгелташ медреселерінің түлектері назымшыл дарын Тұрмағамбет Ізтілеуов дастаншыл дарын Нұралы Нысанбайұлы, дінтанушы ақын Шәдітөте Жаһангерұлы, Сарыкөл медресесін ашқан ұстаз Оспан әжі Бегалыұлы, 1913-1917 жылдардағы Қаратау, Қазығұрт атырабы мен Сыр бойы жайлаған аштықтың эпопеясын жазып кеткен Ергөбек Құттыбайұлы, Мырзабек (Қызыл жырау) Байжанұлы секілді т.б. рухани мәдениетіміздің көрнекті өкілдерімен замандас, рухани пікірлес, тағдырлас болған, солардың қатарында медреселік білім алған, медреседе Иасаудың сопылық тарихаты мен «Диуани хикметін» оқыған Икрам ишан Қасымұлы да өз заманының өзекті ойларын жарлығын ойшыл ақын болды.

Мәселен: «Алла!» деумен ішке нұрды толтырмасаң, Оллаһи-биллаһи, сенде ғашықтықтың нышаны жоқ, деп Құл Қожа Ахмет Иасауи (Исауи) өзінің 96-хикметінде, айтқанындай (аударған Әбжан Құрышжанов), сондай-ақ. Тәжіктің ұлы академик жазушысы Садриддин Сайдмұрадұлы Айнидің досы Тұрмағамбет Ізтілеуовтың 1907 жылы жазылған «Назымындағы»: «Кірмесе көңіліме хақтың ісі, Өлімді ойламайтын емес едім», - деген жыр жолдарындағыдай Икрам ишан Алланы-Хақ Тағаланы толық танып, біліп рухы жағынан тазарып, ішке нұрды толтырып кимили инсані (Абайда толық адам - Мекемтас Мырзахметұлы) қалпына жетіп барып, өзінің назымдарын жаза бастаған. Оған ақынның тақырыбымен де негізгі сарынымен де түгелге жуық тағлым өлеңдері болып келетін (Рахманқұл Бердібай) назымдары дәлел.

Қорытынды. Ақын алдымен өлеңін: «Біссіміллә Раһмани Раһим деп, Алланы жад етемін иа Карим деп», барлық арман-тілектерді қабыл алушы Алла Тағаланың мейіріне мінәжат етуден бастайды да:

«Өмірді босқа өткізіп ғапіл болма,
Бес күндік дүние үшін уайым жеп.
Құдайға құлшылық қыл белді байлап,
Көзімен көкірегіңнің түбін ойлап.
Дүниеге Жаппар ием жіберген жоқ,
Жүрсін деп мағрұр болып күліп-ойнап.
Жақсылар, қызмет қыл бар да шама,

Дүниеге басы артық құмар болма»,- деп өмірдің өзгермелілігі мен өтпелілігін, жарық дүниеде жүргенде қолдан келген қызметінді атқарып қалу қажеттігін шынайы шындықпен (Әсілхан Оспанұлы) айтады да, ол үшін:

«Сөзіне адамдардың құлақ салып,
Ықыласпен тыңдаңыз дәрістерін.
Солардың ізіменен жүріңіздер,

Бұрыңғы өткендерден ғибрат алып», – деп білім алу керектігін меңзейді.

Икрам Ишан өзінің назымдарында Исламның гуманизмге негізделген дін екенін айқындап, ақыл-нақыл сөздерімен замандастарының тәрбиесін, мінез-құлқын түзету арқылы кейінгі келер ұрпақтың тектілік қасиетін қалыптастыруды мақсат етті. Бұл жолда ол бұл дүниенің баянсыздығын, ана дүние қамын қарастыруды үндейді. Мәселен, ақын «Насихат термесінде» адамның Құдайға дарамат, Пайғамбарға салауат етуінің мән-мағынасын термелеп те, толғанып, ашық та айқын айта отырып:

«Ажал жетер уақытында,
Тартады наһар тәніміз.
Фәруаз қылып ұшады,
Тәнімізден шығып жанымыз.

Өлімнің осы мағынасы,
Хақиқат бұған наныңыз.
Қанша қашып жүрсең де,
Көреміз мұны бәріміз», - дейді де, өлгенде төрт нәрседен қабір азабынан құтылатынын, төрт нәрседен қабір азабын көретінін былай деп атап-атап көрсетеді:

«Төрт жұмысты кім қылса,
Азап бар оған демеді.
Бес уақыт намаз біреуі,
Дәйім оқып жүреді.
Біреуі депті садақа,
Малынан халал береді.
Біреуі Құран тіләуат ,
Оқып дәйім жүреді.
Төртінші, тасбих көп айтпақ,
Жақсы істің бірі еді.
Қабірде бұған азап жоқ,
Тозақтан азап келмейді.
...Төрт жұмысты қылмаса,
Құдайдың оны ұрғаны.
Қабірдің көріп азабын,
Қияметке дейін тұрғаны.
Төрт нәрседен дер екен,
Азабы қабір себебі.
Әуелгісі жалған сөз,
Айтып әдет қылғаны.
Екіншісі қиянат,
Үшіншісі күншілдік,
Төртіншісі дауамат.

Сөйтіп, Икрам Ишан исі мұсылманды төрт нәрсеге асық болуға, төрт нәрседен қашық болуға шақырады. Ал, кезінде ұлы Абай исі қазақты бес нәрседен қашық болуға, бес нәрсеге асық болуға шақырып еді.

Икрам Ишан Абайдың бес асыл ісіне (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) төртеуін (бес уақыт намаз, садақа, құран, тасбих) қосып, тоғыз етеді де, бес дұшпанына (өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ) тағы (жалған сөз, қиянат, күншілдік, дуамат) төртеуін қосып оны да тоғызға жеткізеді. Жалпы, Абай мен Икрам Ишан айтқан

ұғымдар жақсылық пен жамандықтың парқын айратын эталон болса керек. Бұдан біз Абай мен Икрам Ишан танымының сабақтастығын аңғарамыз.

Икрам Ишан Қасымұлы өзінің өмірінде имандылық пен рухани тазалықты ту етіп өткен ақын. Ол оқығанын, көңілге тоқығанын Алла жолы ақ деп қасиетті Ислам дінін өркендетуге жұмсады. Сондықтан адамзат санасында Алланың ақ үйі деп танылған-жұма мешітті, оқу, білімнің, ілімнің ордасы деп мектепті салдырды. Шығармаларында Ислам дінінің парасат пен ізгілік секілді адамзатты екі дүниеде де рухани тазалыққа шақыратын асыл құндылықтарын уағыздайды. Халық ол салдырған мешітті «Икрам Ишан мешіті» деп қастерлеп жұма намазға барып тұрды. Ал, мектепке балаларын оқытып, «Ағарту ісі» деп қастерледі, назымдарын жатқа алып тоқыды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Руханият-Әбу Нәсір әл-Фараби мұражайының қолжазбалар қоры. № 1 папка, 1 дәптер
2. Ұлы Пайғамбар және ұрпақтары. (Құрастырғандар: С.Құрбанқожаұлы, А.Жолдасов, М.Омартайұлы, Т.Жүнісов, Б.Мырзаев, К.Жүністегі, О.Есәлұлы) Шымкент. «Кітап», 2007, 21 б;
3. М.Қожа. «Отырар алқабы» газеті, 31.01.1991 ж.
4. Асқат Сәдібеков. «Оңтүстік Қазақстан» газеті, «Еленбей жүрген ескі кесене». 09.05. 1998 ж.
5. Р.Бердібай. Сарқылмас қазына. Алматы. «Ғылым». 1973. 58 б.

Reference list:

1. Rukhaniyat Abu-Nasir al-Farabi murazhayının kolzhazbalar qorı. №1 papka, 1 dapter
2. Ulı Paygambar jane urpaktarı. (Kurastırgandar: S. Qurbanqojaulı, A. Joldasov, M. Omartayulı. T. Junisov. B. Mirzaev, K. Junistegi, O. Esetuli) Shymkent. «Kitap», 2007, 21 b
3. M. Qoja. «Otırar alqabı» gazeti, 31.01.1991 j.;
4. Asqat Sadibekov. «Ontustik qazaqstan» gazeti, «Elenbey jurgen eski kesene». 09.05. 1998 zh
5. R. Berdibay. Sarqılmas qazına.-Almatı: «Ğılım». 1973. 58b;

Аннотация: В статье впервые дана биография и творчество представителя Казыгурт-Каратауской региональной школы литературы, одного из крупнейших «книжных поэтов», глубоко знающего Шарджу, Икрама Ишана.

Во-первых, биография поэта определялась на научной основе. Своим творчеством он сопротивлялся жестокой идеологии колонизации царской России, а затем Советского Союза, а своими стихами боролся с исламом. Ключ к поддержанию чистоты ума поколения путем строительства медресе-мечети был показан в работах из смолы. Генеалогические данные сравнивались с данными рукописного наследия. В своих произведениях он проповедует благородные ценности ислама, такие как разум и добродетель, которые призывают человечество к духовной чистоте в обоих мирах. Люди почитали мечеть, которую он построил, как «мечеть Икрам Ишан», посещая пятничную молитву. А в школу учили своих детей, почитали «просветительское дело», учили их наизусть.

Ключевые слова: Отырар, Медресе, мечет, назым, Балтакол, Аккол, Рахманкул, Ходжи, Абдилхай, эщен Касым, Рамат Азаматович

Annotation: The article for the first time gives the biography and work of the representative of the Kazygurt-Karatau regional school of literature, one of the largest "book poets" who knows Sharjah deeply, Ikram Ishan.

Firstly, the biography of the poet was determined on a scientific basis. With his work, he resisted the cruel ideology of the colonization of Tsarist Russia, and then the Soviet Union, and with his poems he fought against Islam. The key to keeping the mind of a generation pure by building a madrasah-mosque was shown in the resin works. Genealogical data were compared with those of the manuscript heritage. In his works, he preaches the noble values of Islam, such as reason and virtue, which call humanity to

spiritual purity in both worlds. The people celebrated the mosque he built as the "Ikram Ishan mosque" and went to Friday prayers. «I don't know», he said.

Key words: Otyrar, Madrasah, mosque, Nazim, Baltakol, Akkol, Rahmankul, Khoja, Abdilkhay, Eshen Kasim, Ramat Azamatovich

ӘОЖ: 82.91(574)

<https://orcid.org/0000-0002-1215-4037>

Уразбаев Қ.М.*

филолог.ғ.к., доцент «Тарих және педагогика» факультетінің деканы,

М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

БАЙЗАҚ БИ ЖӘНЕ ҚОҚАН ДӘУІРІ

*Автор-корреспондент: kurmangali_tole@mail.ru

Аннотация: Мақалада Байзақ би және қоқан дәуірі бойынша деректер зерттелген. XIX ғасырда оңтүстік қазақтарының геосаяси хал-ахуалы қауіпті де мазасыз болды. Бұған біріншіден, оңтүстік қазақтарының географиялық орналасу шекарасының өзбек пен қырғыз халықтарымен тікелей шектесіп жатқандығы, бұл мемлекеттердің қазақтармен тұтастыққа келмеуі, екіншіден, оңтүстіктегі қазақтарды Қоқан хандығының қатыгездікпен жаулап алғандығы, олардың діндестігін бетке ұстап, қазақтарды аяусыз қырып-жойып, өз билігінде ұстауы болды. Кейінгі кезде қазақтың атақты адамдарына қыз беріп, құда жекжат болды. Қазақтың осы бір қасиетті салтын пайдаланып, ағайын араздығын, ру таластарын тудыруға тырысты. Құда жекжаттығын алға тартып, қоқандықтар Ұлы жүз қазақтарынан деректі құпия ақпараттар алып отырды. Қоқандық дәуірдегі тарихты зерттеуде Ресей деректерімен қатар, Өзбек тарихын және XIX ғасырдағы ақын жырауларымыздың мұраларын сол кездегі Оңтүстіктегі қазақ халқының аңыз әңгімелерімен салыстыра отырып, кешенді зерттеу керек. Осындай олқылықтардың орнын толтыруда сол кездегі датқалар мен билердің өмір деректерінің де мәні ерекше. Датқалардың өмірбаянын, әлі күнге белгісіз билер мен шешендердің өмір тарихын бір жүйеге түсіру керек деп санаймыз. Сондай биік тұлғалы датқалардың бірі - Байзақ датқа.

Кілт сөздер: Байзақ би, Қоқан хандығы, қазақ халқы, тарих, Ресей отарлық саясаты

Кіріспе. XIX ғасырда қазақ халқы тауқыметі ауыр сындарлы заманды бастан өткізді. Осы ғасырда қазақ халқы патшалық Ресей мен Қытай, Хиуа, Бұхар әмірлері және Қоқан хандықтарының отарлық езгісінде өмір сүрді. Жоңғар мемлекетінің қыспағынан құтылып, қытай, орыс империяларымен тату көршілік қарым-қатынас орнатқысы келген қазақ хандарының ұсыныстарын аталған мемлекеттер қабылдағысы келмеді, бұрынан негізі салынған империялық бодандықпен ұштастырды. Мұндай «жапырақты отарлау» саясатында қазақ жерлеріне бекініспен кірген патшалы Ресей алдына жан салмады.

XIX ғасырда оңтүстік қазақтарының геосаяси хал-ахуалы қауіпті де мазасыз болды. Бұған біріншіден, оңтүстік қазақтарының географиялық орналасу шекарасының өзбек пен қырғыз халықтарымен тікелей шектесіп жатқандығы, бұл мемлекеттердің қазақтармен тұтастыққа келмеуі, екіншіден, оңтүстіктегі қазақтарды Қоқан хандығының қатыгездікпен жаулап алғандығы, олардың діндестігін бетке ұстап, қазақтарды аяусыз қырып-жойып, өз билігінде ұстауы болды.

Осындай аумалы-төкпелі заманда қазақ халқының біртуар ұлдары Сыпатай батыр, шымыр Байзақ датқа, көкірек Биназар батыр, сиқым Батырбек, байлар-жандар руынан шыққан Мұсабек, Сапақ және көбек Қанай датқалардың өз халқын ұлы нәубеттен алып өтудегі қызметтері ерекше деп атуға болады. Кеңестік кезеңде осы тұлғалардың халқына жасаған қызметтері өз бағасын ала алмады. Себебі, 1944 жылдың мамыр-маусым айларында БК(б) П Орталық комитеті белді тарихшылардың кеңесінде қабылданған «Ұлт-

азаттық қозғалыстарының жеткішілерін мадақтауға болмайды. Басқаша айтқанда, езілген халықтардың бостандық жолындағы, отарлық езгіге қарсы күрестегі батырлары мен қолбасшылары, жауынгерлік күрес тарихы болуға тиіс емес» деген догмалық қаулысы халқымыздың жадынан тек кенесары хан тарихын ғана емес, жоғарыда аттары аталған ерлеріміздің тарихын да өшірді. Кеңес империясының ондағы ойы халқымызды мәңгірттендіріп, ұлттық санасын уландыру еді. Ол кезде бұл ерлердің еңбектері мүлдем қарастырылмады. Тек Майлықожа, Сүйінбай, Жамбыл сынды ақындарымыздың өлеңдерінің жекелеген шумақтарында ғана аттары кездескенмен, ғылыми талдауға алынбады [1.58].

Теориялық талдау. Бүгінгі күн тұрғысынан келгенде тарихымызды қайта саралауда датқалар өмірін зерттеу XIX ғасырдағы Оңтүстік Қазақстан тарихының көптеген құпияларын ашады. Дәл осы мәселе төңірегінде келелі ой қозғап, ғылыми негізде пікір көтеріп жүрген профессор М.Мырзахметұлы XIX ғасырдағы қазақ даласының үш жақты қыспақтан құралғандығын ескертіп, әдебиет тарихын дәуірлеуде де жаңа ұстаным жасағаны белгілі. Ғалым ойын тарата талдап, «Қоқан хандығы дәуіріндегі қазақ әдебиетін» [2.89-92] бөлек топтастырып, ғылыми негіздеп оқытуда да өз ұсынысын енгізіп жүрген Оңтүстікке белгілі ғалым С.Өмірзақовтың зерттеулерінде осы бағыттағы ізденістің басы дейміз. Қоқан хандығының патшалық Ресейден жеңілуіндегі, Шымкент қаласын генерал Черняевтің басып алуындағы таза шындыққа әлі күнге қол жеткізген жоқпыз. Осы дәуір туралы өзіндік пікірін білдіріп жүрген беделді тарихшыларымыз бен профессорларымыз тек Ресейдің әскери адамдары жазып қалдырған мұрағаттардағы аз ғана деректермен шектелуде.

Дж.Нерудің «...Менің халқымның тарихын ағылшындар жазған» деген философиялық астарлы ойымен ойлана қарсақ, Ресейдің әскери мамандары жазған күнделіктерге бас шұлғи берудің қажеті шамалы-ау деймін. Екіншіден, жоғарыда айтып өткен қаулылардың бір тармағы «Үлкен халықтардың шағын халықтарды жаулап алуы, не болмаса қосып алуы объективті прогрестік факт. Демек, Ресейдің шет аймақтарды отарлауы тек прогресті жағынан түсіндірілуге тиіс» деген сталиндік концепцияның догмалық идеологиясынан шыға алмай, біздің тарихшыларымыз Ресейдің немесе жаулап алушы елдердің Қазақстанды отарлауын прогрессивті немесе регрессивті жағынан анықтауға ғана бас қатыратыны байқалады. Тәуелсіздігінен айрылған ел еш уақытта да бақытқа қол жеткізген емес. Мұндай елдің өмірі өксікке толып, қайғы-мұңға батып, жылап-еніреумен ғана өтеді. Мұны бізге 300 жылдық бодандығымыз іс жүзінде дәлелдеп береді. Сондықтан «жақсы ықпалы», «теріс ықпалы» деген құлдық санадан айырылуымыз керек. Қоқандық дәуірдегі тарихты зерттеуде Ресей деректерімен қатар, Өзбек тарихын және XIX ғасырдағы ақын-жырауларымыздың мұраларын сол кездегі Оңтүстіктегі қазақ халқының аңыз-әңгімелерімен салыстыра отырып, кешенді зерттеу керек. Осындай олқылықтардың орнын толтыруда сол кездегі датқалар мен билердің өмір деректерінің де мәні ерекше. Датқалардың өмірбаянын, әлі күнге белгісіз билер мен шешендердің өмір тарихын бір жүйеге түсіру керек деп санаймыз. Сондай биік тұлғалы датқалардың бірі – Байзақ датқа [3.129].

Байзақ Мәмбетұлы - XIX ғасырда Ұлы жүз қазақтарының ішіндегі беделді де белді, ұлтын сүйген патриот, батыр әрі дипломат, Қоқан хандығының датқа шенін алған адам. Атақты Майлықожа ақын Байзақ датқа байлығын:

Таңырқап қалың қазақ қалушы еді,

Қылғанда Мәмбетұлы атан жарыс, - деп өз өлеңіне қосқан. Бірақ, датқа шен мен шекпен, байлықты мұрат тұтпаған. Әкесі Мәмбет батыр сияқты халқының тәуелсіздігі жолында аянбай күресті. Қазақтың соңғы ханы Кенесары Жетісуға келгенде, оны құшақ жая қарсы алып, Кененің көтерілісін қолдап, қырғызға жасаған жорығына белсене араласты. В.Радловтың халық арасынан жинаған хан Кене туралы жырында:

Беріпті сөйлесін деп тіл менен жақ,

Наурызбай, осындайда қимылдап бақ.

Өркеші жоқ түйедей мойны құлаш,

Әкелді Кертайлақты үйсін Байзақ, - делінген.

Осы халық өлеңінде Байзақтың хан Кене мен Наурызбайды қолдағаны, соғыстағы істері өрнектелген. Тарихқа байланысты халық өлеңінің тағы бірінде:

Мың кісі келді Сәмбеттен,

Байзақ келді Мәмбеттен, - деп жырланады. Кенесары соғысына Байзақ датқа олжа үшін емес, қазақ елі үшін, хан Кененің ары үшін соғысты. Хан Кененің өлімі Байзақ датқаның қазақ халқын тәуелсіздікке жеткізу арманын сөндірмеді. Кенесарының қырғызбен соғысында қазақтардың ішінде шымыр руы ерекше шығынға ұшыраған. Бұл да Байзақ датқаның хан Кенеге адалдығы болса керек[3.58].

Байзақ датқаның билігі бүкіл шымыр руына жүрді. Ол білімді, тақуа адамдарды таңдап, өзіне сенімді серік, тоғашы би етті. Оларды Сайрам, Шымкент қалаларына тұрғызып, қоқандықтардың іс-қимылын дер кезінде бақылауға ұмтылды. Солардың бірі - шымырдың төлесінен шыққан Серкебай би болатын. Оқырманға белгісіз Серкебай кім еді?

Серкебай өз заманына лайықты мұсылманша білім алған, данагөй қарттардың ел бірлігі жөніндегі билік дәстүрін көріп өскен ер болатын. 1850 жылдары қазақ даласында қоқандықтарға қарсы көтерілістің көбейіп кетуіне байланысты қоқан ханы ел салығын жинауды қазақ датқаларына тапсырған. Осындай аумалы-төкпелі заманда Байзақ датқа өзінің ұйғарымымен Серкебайды Сайрам қаласына тоғашы би еткен. Лесбек Байжан деген азамат «Ұлы бабалар насияты» еңбегінде «Тоғашы» сөзіне «Қазақ Қаһан өзі билік құрып тұрған заманда елді бірлікке, ынтымаққа шақырған азаматтарға «Тоғасын» деген атақ берді. «Тоғасын» сөзі дәуірлер өтіп, тіліміз бен салтымыз, тұрмыс - жағдайымыз, жер атаулары өзгерген соң, «Тоғыша» сөзіне айналды» деп анықтама береді. Ал, қоқан хандығының дәуірінде Тоғыша бидің міндеті - елден шөпауыз яғни, малдың жайылымына салынатын салық жинау және елді бірлікке, ынтымаққа шақыру болды. Өзінің адалдығы, тақуалығы арқасында Серкебай би Байзақ датқаның жанашыр үзеңгілес серігіне айналған. Кейін Байзақ датқаның өлімін жоқтап, Шымкентті қоқандардан орыстарға әперген еңбегі үшін генерал Черняевтің марапатынан бас тартқан. Бұл кісінің соңында «Мен мұсылманмын дәуірінде тоғашы би болдым, енді пайғамбар жасынан асқанда кәпірге қызмет етпеймін» деген сөзі қалған. Осы сөздің өзінен ХІХ ғасырдағы Оңтүстік Қазақстан халқының психологиясын аударуға болады. Мұндағы мұсылмандық идеологияның қаншалықты өркен жайғандығын көреміз. Бүгінде бидің қазақ әйелінен және Сайрам әкімінің қарындасы өзбек қызы Сауран бикеден туған балаларынан ұрпақтары бар.

Байзақ датқа өмірінің соңы өте ауыр аумалы-төкпелі дәуірге дөп келді. Хан Кененің Жетісуға келгені, Ұлы жүз қазақтарын орыспен қатар қырғыз, қоқан сарттарына қарсы қояды. Бұл кезеңде өз шығынын берген ұлы жүз қазақтарына енді екінші қауіп келді. Қоқандықтар Ұлы жүз қазақтарын орыстарға қарсы қалқан ретінде пайдаланды. Ал, орыстар болса, өзінің жаңа қаруының құдіретімен жергілікті қазақтарды қырып-жойып, жасытып алуды көздеді. Міне, осындай жағдайлар сол кездегі ел билеген ерлерге ауыр салмақ салғаны түсінікті. Әсіресе, Байзақ датқа тұсында жан-жақтан қоқан, қырғыз, орыстар көз тігіп отыр еді. Өйткені, Байзақ датқа билеген ел Алматы облысы мен Ташкенттің аралығын қоныстанды. Осындай жағдайда Байзақ датқа өте сақ, байсалды саясат жүргізе білді[3а.358].

Қоқан хандығы да қарап жатпады. Олар қазақтың атақты адамдарына қыз беріп, құдандалы жекжат болды. Қазақтың осы бір қасиетті салтын пайдаланып, ағайын араздығын, ру таластарын тудыруға тырысты. Құдандалы жекжаттығын алға тартып, қоқандықтар Ұлы жүз қазақтарынан деректі құпия ақпараттар алып отырды.

Орыс әскерінің Алматы (Верный) бекінісінен шығып, Әулиеата қаласын басып алғаны, осы жержегі Черняев әскерінің бассыздығына, бейбіт қарусыз халықты

қырып-жоюына наразы болып, экспедициядан Шоқан және бірқатар орыс офицерлерінің кетіп қалғаны бізге тарихтан белгілі. Орыс отаршыларының аямас пиғылын аңғарған қазақтар Шымкент қаласында 1964 жылдың 14-15 шілдесінде басқыншы Черняев әскеріне қатты қарсылық жасайды. Осы соғыста орыстар 57 адамынан айрылып, 23 адамы жараланды. Қоқандықтардың бұл соғыста да алдыңғы шепке қазақтарды жұмсағаны Ахмет сұлтанның «Кенесары және Сыздық сұлтандар» атты тарихи еңбегінде баяндалады[4,5]. Мұнда тек Сыздық сұлтан ғана емес, оңтүстік қазақтарының атақты датқалары және қол бастаған батырлары болды. Майлықожа ақынның осы соғыс туралы:

Қамалап Ақбұлақта ұрысты сап,
Қоқандық әлдеқайдан келді парлап,
Ұрысқан сарбаз қырылып қалды лезде,
Дұрыстық кем екен ғой қырғыз елде,
Өз қарасын көбейткен Байзақты
Әлімқұл ұстап алып қылды пенде, - деп жырлаған.

Нәтижелер мен талқылау. Қазақтардың осындай жанқиярлық ерлігінің арқасында Шымкент қаласы қоқандықтардың қолында қалады. Осы соғыстан кейін көп уақыт өтпей жатып, Молда Әлімқұл «Шыршынай съезін» өткіземіз деп, Байзақ датқаны алдап, Шымкент шаһарына шықырып алады. Байзақ датқа әскерсіз, аз ғана адаммен Шымкент қаласына келеді. Осылайша Молда Әлімқұл Байзақ датқаны қапыда қолға түсіріп, зеңбірек ауызына байлап, Қаратауға қаратып, аттырып жіберген. Бұл дерек Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасында «Байзақ датқа заманында Қоқан ханына қарсы шығып, содан қапыда қолға түсіп, Құдияр ханның жарлығымен зеңбіректің ауызына байланып атылып кеткен» деп тарихи дерек табиғатымен баяндалған[5,29].

Байзақ датқаны зеңбірек ауызына байлан атқанда шынашақ саусақтары өзінің Сайрам қаласындағы тоғашы биі Серкебайдың алдына түскен екен. Серкебай би шынашақты орамалға түйіп, еліне апарып, Ақмолда батырбасына берген. Ақмолда - Байзақ датқаның үлкен ұлы. Бұл батырдың да халқына кең танымал болғанын Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» повесіндегі «Ақмолда батырбасындай мәрт болсын!» деген батадан аңғаруға болады. Батыр есімінің батаға ілігуі халқына сіңірген еңбегі зор болғаныдығын білдіреді

Серкебай би мен Ақмолда батырбасы ақылдаса келіп, орыстармен келісім жасап, Байзақ датқаның кегін алу үшін Әулиеатадан Қаратауды жағалатып, түнделетіп орыс әскерін бастап Шымкентке келеді. Шымкент қаласының қазіргі Ордабасы алаңы тұрған жеріне түнімен орыс әскері зеңбіректерін орнатып, таң алакеуімде зеңбіректерімен топтай атқанда, қаладағы Қоқан сарбаздары еш қарсылықсыз қақпадан шығып, Ташкентке қарай қаша жөнелген[6,41]. Міне, осылайша орыстарға Шымкент қаласы оңай олжаға түскендігін атақты Майлықожа ақын «Қонысты орыс алғаны» атты өлеңінде:

Және бір Шәрнәйіппен қосын келді,
Бұ қосын тау жағынан тосын келді,
Жазықсыз Байзақты өлтіргені,

Қоқанның дәулетіне кесір келді, - деген жолдармен суреттелген. Жазықсыз Байзақ датқаны Молда Әлімқұлды осылайша жантүршігелік зұлымдықпен өлтіруі қазақ халқының қоқандықтардан біржола безінуіне әкеп соқты. Бұл дерек атақты тарихшы Құрбанғали Халиттің «Тауарих хамса» еңбегінде 28-бетте «...орыстар 1864 жылы Түркістан мен Әулиеатаны жаулап алып, одан әрі Шымкентке де жылжи бастады деген хабар келген соң, Сұлтан Сәйіт бар әскерімен Шымкентке келді, онда бір атақты қазақты өлтірген. Бұған жергілікті халық наразы болады» деп баяндалған[7,100-101].

Қорытынды. Қазақ елі осындай опасыздықты көрген соң, Қоқан ханына да, оның діндестігіне де сенімнен айырылып, хандықты жоюға атсалысты. Бартольд шығармалары жинағының II томы 2-бөліміндегі 345 бетте Ташкент халқының бұл туралы пікірі: «Не прошло и месяца после его возвращения, как пришла весть о падении Чимкента и о походе

неверных на Ташкент. По поводу этой вести все кипчаки и киргизы говорили: «Мулла Алим-Кул, когда был в Чимкенте, по своему легкомыслию и неразумно велел убить Байзака, одного из главных казацких биев. Вследствие этих дурных поступков все казахи сделали его врагами и союзниками войска неверных; они были причиной взятия Чимкента и они же убедили неверных идти на Ташкент. Все это произошло вследствие несчастного нрава Алим-Кула; в конце он всех нас погубит» деп берілген[8,100-101]. Қоқандық дәуір турасындағы тарихымыз бен әдебиетіміздегі осындай ақтандақтарды ашу үшін біз профессор М.Мырзахметұлы ұсынып, С.Өмірзақов жүйелеп жүрген датқалық дәуір әдебиетін өз алдына қарастыруымыз, келешекте көлемді зерттеулер жазуымыз керек[9,15].

Әдебиеттер тізімі:

1. Момышұлы Б. II томдық шығармалар жинағы. 2000.
2. Аманжолова Д.Е. Отаршылдық топонимдер М.Мырзахметұлы зерттеулерінде. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. Алматы. Атамұра Қазақстан, 1993. 128 б.
3. Даланың дара ділмарлары. Алматы. Қазақстан баспа үйі, 2001, 592 бет.
4. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы. Тоғысбаев Б. Сужикова А. Алматы. Алматы кітап баспасы, 2009.
5. Момышұлы Б. Көз алдымда бәріңсің. 2007.
6. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы, Жазушы. 1985.
7. Құрбанғали Х. Тауарих Хамса. 1910. Қазандағы «Өрнек» баспасы 800 б.
8. Бартольд Б. 9 томдық шығармалар жинағы, Москва
9. Смирнова Н.С., Нұрмағанбетова О.Ә. Қазақ халқының ауыз әдебиетін жинаушыға көмек. Алматы. 1960.

Referens list:

1. Momishuli B. II tomдық shıgarmalar zhinagi. 2000.
2. Amanzholova D.E. Otarshıldıq toponimder M. Mirzahmetuli zertteulerinde. Mirzahmetov M. Kazaq qalay orıstandırıldı. Almatı. Atamura Qazaqstan, 1993. 128 b.
3. Dalanın dara dilmarları. Almatı. Qazaqstan baspa uyi, 2001, 592 bet.
4. Tarihi tulğalar. Tanımdık - kopshilik basılım. Mektep zhasındağı okushılar men kopshilikke arnalğan. Kurastrushı: Togisbaev B. Suzhikova A. Almatı. Almatı kitap baspası, 2009.
5. Momishuli B. Koz aldımда barınsin. 2007.
6. Margulan A. Ezhelgi jır, anızdar. Almatı, Jazushi. 1985.
7. Kurbanğali H. Tauarih Hamsa. 1910. Kazandagı «Ornek» baspası 800 b.
8. Bartold B. 9 tomдық shıgarmalar zhinagi, Moskva
9. Smirnova N.S., Nurmağanbetova O.A. Kazaqk halqının auız adebietin zhinaushıga komek. Almatı. 1960.

Аннотация: В статье изучены роль Байзак би в эпохе Кокандского ханства. В XIX веке геополитическое состояние южных казахов было тревожным. Во-первых, границы Казахского ханства по географическому положению в южных регионах непосредственно граничили с узбекскими и киргизскими народами. Во-вторых, казахи южного региона подверглись набегам Кокандского ханства, которые жестоко истребляли солдат и пытались держать под своей властью казахов. Проводились сватовства со знатными семьями, чтобы укрепить отношения через семейно-брачные узы и прекращения вражды и родовых споров. Одним из представителей казахских знатных родов был Байзак би из рода «шымыр» Старшего жуза. Наряду с российскими и казахскими источниками в изучении истории в период кокандской эпохи необходимо комплексно изучить узбекскую историю и наследие поэтов XIX века, сравнив их с легендами казахского народа того времени. В восполнении таких пробелов особое значение имеют данные жизни биев того времени. Биография биев, история жизни до сих пор остается актуальной и следует тщательного исследования и объединения в одну систему.

Ключевые слова: Байзак би, Кокандское ханство, казахский народ, история, российская колониальная политика

Abstract: The article examines the role of Baizak bi in the era of the Kokand Khanate. In the nineteenth century, the geopolitical state of the southern Kazakhs was alarming. Firstly, the borders of the Kazakh Khanate by geographical location in the southern regions directly bordered the Uzbek and Kyrgyz peoples. Secondly, the Kazakhs of the southern region were raided by the Kokand Khanate, who brutally exterminated soldiers and tried to keep the Kazakhs under their rule. Matchmaking with noble families was carried out in order to strengthen relations through family and marriage ties and the cessation of enmity and ancestral disputes. One of the representatives of the Kazakh noble families was Baizak bi from the «shymyr» family of the Senior zhuz. Along with Russian and Kazakh sources in the study of history during the Kokand era, it is necessary to comprehensively study the Uzbek history and heritage of the poets of the nineteenth century, comparing them with the legends of the Kazakh people of that time. In filling such gaps, the life data of the Biys of that time are of particular importance. The biography of biys, the life story still remains relevant and should be thoroughly researched and combined into one system.

Keywords: Baizak bi, Kokand Khanate, Kazakh people, history, Russian colonial policy

УДК: 947.1

<https://orcid.org/0000-0002-7458-8981>

Жусупова М.М.*

к.ист.н., доцент ТалГУ. Талас, Кыргызстан

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ТОРЕКУЛА АЙТМАТОВА - СОВРЕМЕННОКА ЮСУПА АБДРАХМАНОВА

***Автор-корреспондент: mojmol@mail.ru**

Аннотация: В данной статье говорится о родословии, воспитании и об образовании Торекула Айтматова, отца планетарного значения великого писателя нашей эпохи Ч.Айтматова.

В ней сделана попытка в исследовании предпосылок государственной и общественно-политической деятельности одного из выдающихся личностей, который не пожалел собственную жизнь ради блага своей Родины в 20-30 годов XX века Торекула Айтматова. К сожалению, его жизнь и общественно-политическая деятельность совпали с очень ответственным и опасным временем. Ответственным потому, что он принимал участие в создании национального автономного типа государства. В связи с тем, что работал на разных должностях власти, Т.Айтматов смело нес бремя народа. Опасным, страшным - огорчительно то, что, посвятив свою жизнь в становлении советского общества, Т.Айтматов оказался наряду с личностями невинных жертв репрессии.

Ключевые слова: Жусуп Абдрахманов, Торекул Айтматов, личность, государственность, государственный деятель, политический деятель, репрессия

Введение. Не будет ошибкой сказать, что Торекул Айтматов и Жусуп Абдрахманов занимают особое место среди людей, боровшихся за свободу кыргызской государственности в 20-е и 30-е годы XX века.

Но, к сожалению, их жизнь, общественно-политическая и государственная деятельность пришлось на очень ответственный и опасный период. Причина в том, что кыргызский народ более чем через столетие после утраты своей государственности вновь начал создавать государство национальной автономии в рамках советского государства. Организация колхозов, совхозов, промышленного и культурного строительства только начинала распространяться.

Сначала речь пойдет о Жусупе Абдрахманове, одном из людей, внесших свой вклад в становление кыргызской государственности. Жусуп Абдрахманов был назначен председателем Совета Народных Комиссаров Киргизской АССР 12 марта 1927 года в возрасте 26 лет. В своих письмах Сталину дважды (ноябрь 1929 г., апрель 1930 г.) он устранил неправильную практику подчинения республики трем местам (союзному капиталу, РСФСР и Средазбюро), он дважды повторяет вопрос о превращении Киргизской АССР в союзную республику. Юсуп Абдрахманов, несмотря на противодействие центра и местных взрослых в годы его работы, выдвинул идею сотрудничества и попытался в меру своих возможностей реализовать ее (Интергельпо).

Теоретический анализ. Повышение роли кыргызского языка, подготовка и набор национальных кадров, индустриализация страны всегда была в центре внимания Жусупа Абдрахманова.

Как государственный и политический деятель, он ставил интересы народа на первое место и всю свою энергию направлял на достижение этой цели. А жизнь и деятельность его современника общественно-политического и государственного деятеля Торекула Айтматова оно было коротким и лаконичным.

Обратимся к истории образования Киргизской АССР. 7 марта 1927 года во Фрунзе (ныне г.Бишкек) состоялся 1-й съезд Киргизской АССР, на котором была принята

декларация об Республика была принята. На съезде был избран Центральный исполнительный комитет Киргизской АССР, являвшийся высшим межсъездовым государственным органом Советов, в составе 123 членов и 27 кандидатов.

В состав комитета входят: Ж.Абдрахманов, А.Орозбеков, Т.Айтматов и др. Присутствовали общественные, советские, деятели науки и культуры [1,216].

Учредительный съезд Советов сыграл важную роль в становлении государственности кыргызского народа.

Государственность объединила землю, хозяйство и культуру кыргызского народа и создала условия для возрождения нации.

Таким образом, исходя из приведенной выше информации, мы видим, что Жусуп Абдрахманов и Торекул Айтматов сотрудничали одновременно.

Торекул Айтматов родился в 1903 году в Таласе.

В то время местное население присматривало за Олуя-Атинским (ныне Таразским) уездом Сырдарьинской области, организованным после установления колониального господства Российской империи.

Согласно трудам майора Г. С. Загрязского, морального начальника Токмоцкого уезда Жети-Суйской области, местные киргизские племена, кушчи, сару и китайцы, долгое время жившие в Таласе, образовали к 1869 г. три волоса (волоса). [2,41].

А согласно «Общим сведениям о положении Сырдарьинской области в 1885 г. (обзор)», численность кыргызов в Олуя-Атинском уезде увеличилась с 6 до 478 000 человек [3,2].

Колониальный чиновник и ученый Н.А. По Аристову, при подсчете людей учитывалось, что каждый дым состоял в среднем из 5 самцов и самок, и это число составляло 9560 дымов.

Из них в 1864-1867 годах было произведено 3000 дымов. За Ашпарой предгорья Чуя и истоки Таласа будут афганскими солнцестояниями (семенами опилок). Остальное левое крыло (6560 дым) птичий, желтый, китайский, мундуз и т.д. то же [4,530].

Известно, что предок Торекула Айтматова происходил из рода Шекер китайского племени. Согласно генеалогии, он был китайским героем, жившим в 15 веке [5,157].

По статистике 1908 года в селах № 1-14 Куркурского уезда Олуя-Атинского уезда, 220 уездов Чаткальского уезда Наманганской области проживало 1243 племени, 7137 человек, в Западно-Сокулукском районе Пишпекского района проживало 674 человека, 49 курдов, 169 человек т.е. 344 человека [6,3].

Т. Айтматов впервые работал в 1912-1914 (1913). получает начальное образование в сельской мусульманской школе [7,9].

Отец Торекул, Айтмат, первым среди кыргызов в области купил швейную машинку «Зингер» и начал шить одежду, обучил своих дочерей искусству шитья. За это односельчане и ближние и дальние знакомые дали ему прозвище «Айтмат-портной» [8,9].

Айтмат интересовался образованием и выучил русский язык. Так как он был ремесленником, то ходил в школу Олуя-Ата и обучал детей рукоделию. Говорят, что он учил не только Торекула лично, но и Алымкуля, Узбека, (детей своего брата Биримкула), Рыскулбека и даже Гулайыма (младшего сына и младшую дочь Айтмата) [9,128]. Известно, что Т. Айтматов учился в двухклассной (2,5 года) русско-туземной школе в Олуя-Ате.

Возглавлял указанную школу Абзалбек Чолпонкулов, старый друг Айтмата, из Кен-Арала (ныне Бакай-Атинский район).

По его желанию Айтмат останется в школе и станет учителем рукоделия. Более того, он был грамотным человеком, умел читать и писать по-арабски.

В 1917 году, когда Торекул окончил русскую школу, Айтмату пришлось вернуться к семье в Шекер.

Трудовая деятельность Т. Айтматова началась в 1920-1921 гг., когда он работал

одновременно на двух должностях - секретаря Куркурой ВРК и секретаря рабочей организации поселка Грозный (ныне пос. Аманбаев).

В 1921 году Т.Айтматов был командирован из Таласа в Ташкент делегатом Сырдарьинского областного съезда ВЛКСМ, в результате показавших свои знания и умения на работе.

В 1921 году учился в советско-партийной школе в Ташкенте. После этого его направили на учебу в Восточный рабочий коммунистический университет в Москву. Учился в этом университете 3,5 года с 1921 по 1924 год.

С октября 1922 г. по июнь 1923 г. работал офицером связи на заводе «Век» во внеурочное время (после школы).

В январе 1924 года он был избран членом университетского комитета РКСМ и начал работать в организационном отделе.

И в том же 1924 г. Летом, с июня по август, он работает учителем обществознания в Национальной командной школе Турецкого фронта.[10,100].

В 1926-29 годах он был секретарем Каракол-Нарынского райкома и Джалал-Абадского кантонального комитета. 1929-31 нарком промышленности и торговли Киргизской АССР и председатель Центрального совета народного хозяйства, 1931-33 гг. 1-й секретарь Араван-Бууринского райкома партии, 1934-35 Работал 2-м секретарем Киргизского обкома ВКП(б). 1935-37 гг. учился в Институте красной профессуры в Москве. По его инициативе в 1926 году начал издаваться партийно-политический журнал «Коммунист» на кыргызском языке.

Результаты и обсуждение. Торекул Айтматов 1927-28 гг. Возглавлял комиссию, созданную по земельно-водной реформе на юге республики. 1937 г. 1 декабря он был безвинно арестован и получил задание «свергнуть советское правительство вооруженным путем и создать буржуазно-националистическое государство под британским протекторатом».

В Киргизии его обвинили в том, что он является видным членом контрреволюционно-националистической партии «Социал-Туран», которая была разоблачена и уничтожена, а в 1938 г. Расстрелян 5 ноября. 1957 г. был оправдан, и его партийная принадлежность была восстановлена. Ата-Бейит - место захоронения жертв политических репрессий. Здесь (в 30 км южнее Бишкека, у села Чон-Таш) в ночь с 5 на 8 ноября 1938 г. было расстреляно и захоронено в старой печи небольшого кирпичного завода 138 человек.

Среди них видные политические, государственные и общественные деятели Кыргызстана 20-х и 30-х годов - Жусуп Абдрахманов, Баялы Исакеев, Торекул Айтматов, Хасан Жээнбаев, Эркинбек Эсенаманов, Мурат Салихов, Султанкул Шамурзин, Иманаалы Айдарбеков, видный представитель кыргызской литературы и искусства Касым Тыныстанов и др.

Выводы. В статье предпринята попытка раскрыть жизненный путь, современников и деятельность Жусупа Абдрахманова и Торекула Айтматова. Не будет ошибкой сказать, что два великих человека внесли огромный вклад в развитие кыргызского народа во всех его аспектах. Мы верим, что их образ жизни и деятельность будут примером для будущих молодых людей.

Список литературы:

1. История Кыргызстана. 3 том. 2016. С.189
2. «Туркестанские ведомости» газетасы, 1874-жыл, №41.
3. «Обзор Сыр-Дарьинской области за 1885 год». СПб., 1886. Смирнов Е.Т. Сыр-Дарьинская область: Описание, составленное по официальным источникам. СПб., 1887.
4. Аристов Н. А. Усуни и кыргызы или кара кыргызы: Очерки истории и быта населения западного Тянь-Шаня и исследования по его исторической географии. Баспа.

Илим, 2001. Аристов Н.А. Труды по истории и этническому составу тюркских племен //Отв. ред. акад. В.М. Плоских. Баспа. Илим, 2003.

5. Материалы по истории киргизов и Киргизии. Выпуск I. Москва. Наука, 1973. Аттокуров С. Кыргызсанжырасы. Баспа. Кыргызстан, 1995. Закиров С. Кыргызсанжырасы. Б.: Кыргыз энциклопедиясынын башкы редакциясы, 1996.

6. Айтматов Ч. Менин Мекеним. Төрөкул Айтматов. Баспа. Илим, 1993.

7. КР СДБМА. Ф. 10, оп. 15, 99-иш.

8. Ошондоэле, 100-иш, 9-барак.

9. Ошондоэле

10. Абдукеримов Б. Элдинуулу. //Төрөкул Айтматов. Баспа. Илим, 1993.

11. КР СДБМА. Ф. 10, оп. 15, 99-иш, 14-барак.

12. Ошондоэле, 5-барак.

13. Ошондоэле, 4, 5, 30, 33-барактар, 100-иш, 9-барак.

14. Айтматова Р. Белые страницы истории. Баспа. 2019.

15. Өмүрбеков Т.Н., Жусупова М.М. Төрөкул Айтматов коомдук-саясий жана мамлекеттик ишмер. Баспа. 2011

Referens liste:

1. Istoriya Kyrgyzstana. 3 tom. 2016. S.189

2. «Tyrkestanskiye vedomosti» gazetasy, 1874-zhyl, №41.

3. «Obzor Syr-Dar'inskoy oblasti za 1885 god». SPb., 1886. Smirnov Ye.T. Syr-Dar'inskaya oblast': Opisanie, sostavlennoye po ofitsial'nym istochnikam. SPb., 1887.

4. Aristov N. A. Usuni i kyrgyzy ili kara kyrgyzy: Ocherki istorii i byta naseleniya zapadnogo Tian'-Shanya i issledovaniya po yego istoricheskoy geografii. Baspa. Ilim, 2001. Aristov N.A. Trudy po istorii i etnicheskomu sostavu tyurkskikh plemen //Otv. red. akad. V.M. Ploskikh. Baspa. Ilim, 2003.

5. Materialy po istorii kirgizov i Kirgizii. Vypusk I. Moskva. Nauka, 1973. Attokurov S. Kyrgyzsanzhyrasy. Baspa. Kyrgyzstan, 1995. Zakirov S. Kyrgyzsanzhyrasy. Baspa. Kyrgyz entsiklopediyasynyn bashky redaksiyasy, 1996.

6. Aytmatov CH. Menin Mekenim. Torokul Aytmatov. Baspa. Ilim, 1993.

7. KR SDBMA. F. 10, op. 15, 99-ish.

8. Oshondoele, 100-ish, 9-barak.

9. Oshondoele 10. Abdukerimov B. Eldinuulu. Torokul Aytmatov. Baspa. Ilim, 1993.

11. KR SDBMA. F.

10, op. 15, 99-ish, 14-barak.

12. Oshondoele, 5-barak.

13. Oshondoele, 4, 5, 30, 33-baraktar, 100-ish, 9-barak.

14. Aytmatova R. Belyye stranitsy istorii. B., 2019. 1

5. Omurbekov T.N., Zhusupova M.M. Torokul Aitmatov koombduk-sayasiy zhana mamlekettik ishmer. B., 2011

Abstract: In this article it is told about a genealogy, education and about education of Torokul Aitmatov, the father of planetary value of the great writer of our era Ch. Aitmatov.

In her the attempt in a research of prerequisites of the state and social and political activity of one of outstanding persons who hasn't regretted own life for the sake of the benefit of the Homeland in 20-30 years of the 20th century of Torokul Aitmatov is made. Unfortunately, his life and social and political activity have coincided with very responsible and dangerous time.

Responsible because he took part in creation of national autonomous type of the state. Because worked at different positions of the power, T. Aitmatov safely bore a people burden. T. Aitmatov has appeared along with persons of the innocent victims of repression having devoted the life in formation of the Soviet society.

Key words: Zhusup Abdrakhmanov, Torokul Aitmatov, Personality, statehoo, statesman, political figure, repression

Түйін: мақалада біздің дәуіріміздің ұлы жазушысы Ш.Айтматовтың планетарлық маңызы бар әкесі Төрекұл Айтматовтың тегі, тәрбиесі және білімі туралы айтылады.

Онда XX ғасырдың 20-30 жылдарында өз Отанының игілігі үшін өз өмірін аямаған көрнекті тұлғалардың бірінің мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызметінің алғышарттарын зерттеуге әрекет жасалды. Өкінішке орай, оның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі өте жауапты және қауіпті кезеңмен сәйкес келді. Жауапты, өйткені ол мемлекеттің ұлттық автономиялық түрін құруға қатысты. Биліктің әртүрлі лауазымдарында жұмыс істегеніне байланысты Т. Айтматов халықтың ауыртпалығын батыл көтерді. Т.Айтматов өз өмірін кеңестік қоғамның қалыптасуына арнап, жазықсыз қуғын – сүргін құрбандарының тұлғаларымен бірге болғаны қауіпті, қорқынышты. Мемлекеттілік қырғыз халқының жерін, шаруашылығын және мәдениетін біріктіріп, ұлттың қайта туылуына жағдай жасады.

Кілт сөздер: Жүсіп Әбдірахманов, Төрекұл Айтматов, тұлға, мемлекеттілік, мемлекет қайраткері, саяси қайраткер, репрессия

УДК: 378. 245 Н 23

<https://orcid.org/0000-0003-3786-5166>

Нарзуллаева С.Б.*

магистр, оқытушы, Ә.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжі.

Балқаш, Қазақстан

АФРАСИАБ - ТҰРАН ЕЛІ ПАТШАСЫ

***Автор-корреспондент:** sarvirux@bk.ru

Түйін: Афрасиаб патшаның тарихта алар орны. Афрасиаб патшаның тарихи тұлға ретінде зерттеушілердің еңбектерінде баяндалуы және тұлға туралы зерттеулер. Патшаның ел басқарудағы саяси жүйесі, басқа ел басқарушылардан ерекшелігі және қоғамдағы орны. Афрасиаб патша жайлы орта ғасыр ғалымдарының зерттеулері мен пікірлері. Сонымен бірге қазіргі таңдағы тарих зерттеушілердің еңбектерінде суреттелуі. Фирдаусидің «Шахнама» дастаны Афрасиаб патша туралы бізге қандай деректер бере алады, бұл деректердің құндылығы қандай? Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінде Алып Ер Тоңға батыр деп суреттеу және оның мадақтау сөздерінің мәні мен маңыздылығы. Мұхаммед Хайдар Дулати өз еңбегінде Афрасиаб патшаның шежіресін баяндауы және В.В.Бартольдтың еңбегінде Афрасиаб патшаны Барчук қаласының негізін қалаған қолбасшы ретінде баяндайды. Алып Ер Тоңға туралы деректер Түркия елінің тарихшыларының еңбектерінде көп кездеседі.

Кілт сөздер. Афрасиаб патша, Тұран елі, «Рүстем-Зораб» жыры, Фирдоусидың «Шахнаме» дастаны, Махмұд Қашқари «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегі, Алып Ер-Тоңға дастаны.

Кіріспе. Ғылыми мақала Афрасиаб патшаның өмірі мен саяси басқару жүйесін талдау, патша туралы жазылған ғылыми зерттеулердің маңызын ашу және түркі халықтарының тарихында алар орнын көрсетуді мақсат етеді. Тұран патшасы-Афрасиабдың есімі М.Х.Дулати, М.Қашқари, Рашид ад-Дин, Әбу Райхан әл-Бируни, Хамза Исфәхани, Әбу Бәкр Мұхаммед Наршаһи, т.б. ғалымдардың еңбектерінде кездестіреміз.

Афрасиабтың есімі Фирдаусидің «Шахнамасы» еңбегі арқылы жұртшылыққа кең таралады. «Шахнаманың» бір бөлігі болып табылатын «Рүстем-Зораб» жырын қазақшаға аударған Мұхамеджан Сералин «Фирдоуси парсыларды, тірілтпек, парсы тіліне жаңадан жан кіргізу мақсатында Иран мен Тұранның, Рүстем мен Афрасиабтың, яғни екі мәдениеттің өмірлік жауларын суреттеп көрсетті деп жазды. Фирдаусидың әдеби сюжеттері мен пайымдаулары тарихи жазбалардағы Афрасиаб туралы тұжырымдармен үндес келеді. Шығармада Афрасиабды Иран билеушісі Кейхосроу өлтірілгендігі туралы жазылған. Парсы, араб тарихшыларының еңбектерінде Бұхара, Самарқан, Пайкент

қалаларын Афрасиаб патша салдырғандығы айтылады. Иран деректеріне Афрасиаб басқарған Тұран патшалығының Әмудариядан Енисейге дейін аумақты алып жатқандығы айтылады [1,561].

Афрасиаб патшаның дүниеге келгені туралы Иран аңыз: әле Писа Жадудың қызына ғашық болған Шах Пашанг (патша) әкесінің ризалығынсыз үйленеді. Аңыз бойынша кіндік шешесі Афрасиабтың қап тәрзіді қанға боялған түрінде туылғанын көреді. Кіндік шешесі қанға боялған қапты патша сарайынан ортасындағы арыққа апарып, қаптың үшін пышақтың үшімен теседі. Ішінен келбеті мен шынтағына дейін қанға боялған сәби шығады. Арықтың суынан жуайын деп жатқан сәбиді су қарқыны асып, ағызып кетеді және сәби диірмен қоймасынан шығады. Диірменші сәбиды тауып алып, итке емізеді. Бұны естіген Шах Пашанг ол диірменшіні өлтіреді.

Шах өзінің жорамалшыларына баланың болашағын болжауды сұрайды. Жорамалшылар баланың бойында жаман мінездердің көріне бастағанын айтады.

Соғыс кезінде жауларын оны «диірменшінің табалдырығында өскен», «қаншық сүтін ішкен» деп айта бастайды. Сол себепті есімі «Пәрасиаб немесе Ферасиаб» («диірмен уығы») деп аталған. Кейіннен ол «Парасиаб», «Фарасиаб», «Афрасиаб» деп аталып кеткен [2,212]. Афрасиаб туралы мәліметтердің көп бөлігін Фирдаусыдың зерттеулерінен, иран мифологиясы және грек, орта ғасыр ғалымдардың еңбектерінен таба аламыз.

Теориялық талдау. Фирдаусидің «Шахнамасында» Афрасиаб жорықтары туралы оншақты арнаулы тараулар бар. Олар: «Афрасиабтың қорқынышты түс көруі», «Сияуыш пен Афрасиабтың бір-біріне ант беруі», «Афрасиаб пен Сияуыштың аңға шығуы», «Афрасиаб пен Сияуышқа хат жазуы», «Афрасиабтың қайраткерлерімен мәслихат құрылуы» т.б. [3,42] Афрасиабтың Қорқыт атаға ұқсас өлмейтін жол іздегендігі туралы кейбір деректерді кездеседі. Мысалы, Фирдаусидің «Шахнамасында»: «Ол өмірінің ақырында адам бойынан мың есе ұзын, есік-тесігі түгел бекітілген қорған салып, тығылып жатқан. Алтын мен күмістен бірі-ай, бірі-күн, екі шам орнатты. Бірақ ажалдан құтыла алмады» - деп жазды [4,8]

Қаратаев Фирдаусидің «Шахнамасын» зерттеуінде Афрасиаб туралы айтылған деректерді келтіреді: «Ол тұтқынға алынған Иран патшасы Наузар мен туған інісі Агрирасты өлтіреді. Інісі Гарсиваздың жалған жаласымен өз күйеубаласы Сияуышты өлтіреді. Сияуыштан қалған жас бала Кей-Хусроуды (жиен немересі) өлтіруге бұйрық береді. Бірақ Кей-Хусроу Афрасиабтың батыры Пиранның араға түсуі нәтижесінде аман қалады...» [5,64]

Иран мифологиясы бойынша Афрасиаб ирантілдес халықтардың билеушісі ретінде көрсетіледі. Исламдық және парсы деректерінде қиялдан тұған Иран Фарудин патшаның ортаншы баласы ретінде сүреттеледі. Ежелгі шығармалардың кейбірінде Афрасиаб қу, әрі зұлым патша ретінде сүреттеледі. Мысалы, Авесталық дәстүрде оны таігуа эпитетімен (зұлым, қу) сүреттейді. Фирдоусидің «Шахнамесінде»-«Көшпелі тұрандықтар мен отырықшы ирандықтар арасындағы соғыста тұрандықтарды Афрасиаб есімді зұлым патша басқарды»-деп, қатігез патша ретінде көрсетеді [6,5]. Иран аңыздарында Афрасиабтың Иран шахы Кайхұсраудан жеңіліп, алтайға дейін қашқандығы туралы, Афрасиабтың Әзербайжанда Кайхұсраудың қолына түсіп, қаза тапқандығы баяндалады [7,258] Герадоттың еңбектерінде сақ бірлестігінің негізін қалаған көсем Алып Ер Тоңа (жалпы шығыс елдерінде «Афрасиба») деп жазылады [8,2]. Осы орайда мән беруіміз керек Афрасиаб патша өз елі Тұран патшалығы үшін қаһарман, Иран патшалығы үшін жаман кейіпкер. Сол себепті біз Афрасиаб патша туралы екі түрлі дерек кездестіреміз. Фирдауси өз шығармасында Алып Ер Тоңғаны бір тарапынан жанкешті батыр, дарынды қолбасшы, екінші тарапынан басқыншы, жауыз патша ретінде бейнелейді. Сонымен қатар Афрасиабтың жорықтары баяндалған он шақты тараулары бар. Махмұд Қашқари «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегіне енгізілген және бүгінгі күнге дейін жетіп келген «Алып Ер Тоңғаны жоқтау» жыры және Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінде Афрасиаб

патшаның ел басқару тәсілі, қарапайым және қамқоршы болғаны, даналығы, дарынды қолбасшылығы, т.б. қасиеттері көрсетіледі[9, 91]

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінің 277-бәйігінен бастап 286-бәйігіне дейін Алып Ер Тоңаның қасиеттері марапатталады(*Үзінді*) [10,42]

«Құдатғу білік» мәтінінен

... бу Түрк беглерінде аты белгүлут
Тоңа Алп Ер ерді құты белгулут
Бедүк белгі бірле өкүш ердемі
Белігліг үкүшлут будун көдрүлі
Не өрдүш не көдрүш не ерсіг ерен
Ажунда тетіг йіді бу жіран
Тежіклер айур аны Ефраснаб
Бу Ефраснаб түтті Иллер талап

Қазақшасы

Түрік бектері ішінде мәртебесі еі биік тұрғаны
Елге құт болғаны-Алып ер тоңға
Оның күшімен ерлігіне тең келмес
Ал ақылы мен даналығы бәрінен де асқан
Қаншама ержүрек, даңқын әрі өктем жандарды,
Мына жалғаннан бір сәтте ғайып(үнсіз) етіп жіберді
Тәжіктер оны Афрасиаб деп атаған еді

«Диуани лұғат –ит түркі» мәтінінен

Алп Ер Тоңа өнді мұ	Алып Ер Тоңға өлді ме?
Есіз ажұн қалды мұ	Жаман дүние қалды ма?
Өзлек өшін алды, мұ	Заман өшіп алды ма?
Емді иурек шыртылұр	Енді жүрек жыртылар

Афрасиаб өлімінен кейін ерлердің бөрідей улап, жағаларын жыртып, жылағандары туралы шығарманың шұмақтарында баяндалады[11,13-17]

«Бундахишның» «Ирандықтар мен Афрасиабтың шайқастары деген 33-тарауында» Афрасиабтың Мәноучеһрдің баласы Нүзәрді өлтіру себебі, уақытысында Мәноучеһрдің қолынан қаза тапқан атасы Турдың кегін алу үшін болды. Содан кейін Иран елі дағдарысқа ұшырап, Афрасиаб 12 жыл Иран тағында отырды-деп жазады [7, 265]

Хайдар Дулати өз еңбегінде Афрасиаб шежіресін былай көрсетеді: «Афрасиаб-әкесі Пишен-Дада Нишен-Тур-Африддун». Бұл дерек «Тарихи-и гузида» кітабы бойынша келтірілген. Сонымен бірге Афрасиабтың төрт баласы болғаны және ол өзі құрған мемлекеттің астаналарын тез-тез өзгертіп тұрғаны туралы айтылады[12,17]. Афрасиабтың бір қызы болғандығы туралы да мәліметтер бар. Қызының есімі-Қаз. Қаздың екі шаһары болғаны, 1-Қазайын, 2-Қазсуы [4,7] Афрасиаб балалары-Барсхан, Қарахан, Шиде, Алак. Мемлекет астаналары-Пайкент, Рамитан (ескі Бұхара), Баласағұн, Қашқар.

Афрасиаб туралы деректерді Түркия елінің әдеби тарихшылары Басым Аталай, Рахмети Арат, Исмаил Ергайлан, Фуркат Көпүлүзаде, Нихад сами Банарлыдың еңбектерінен ала аламыз [12,19] Әл масуди «Худуд әл-алам» еңбегінде қарлұқ тайпалары хандары (қаған) Афрасиаб жәннен Ашина әулетінен тарағандығын және олардың күллі түркі халқын билеген батыр хан боғандығын жазады [13,77] М.Х.Дулати атақты «Тарихи-и-Рашиди» еңбегінде: «Афрасиаб ұрпақтары Қарақытайлықтар келгенге дейін Баласағұн қаласын қол астында ұстады. Илек ханнан (Афрасиабтың руынан болған) Қарақытайлық Гурхан Баласағұнды тартып алғанға дейін қала Афрасиаб ұрпақтарының астанасы болды» - деп баяндайды [14,229].

Қытай елінің баяндамаларында: «...Шүршіт деген бір үлкен жұрт бар еді. Оның патшасы қара қытайдың патшасымен соғысып, жеңіске жетті. Оның бір Тойыс тайпыр атты бегі бар еді. Ол көп әскері және елімен қашып қырғыз уәлаятына келді. Хижраның бес жүз он үшінші жылы одан әрі Еміл шаһарында отырған қара қытайларға келді, ақылды және түсінігі мол кісі еді. Мұнда екі жыл отырғанна соң даңқы жайылып кетті. Ол Фарасиаб нәсілінен еді»-деп жазады[15,30]

Ежелгі тарихи зерттеуші Н.Рахманов деректерінде Афрасиаб және оның ұрпақтарының мемлекетінің шекарасын көрсетеді: «б.з.д. VII-б.з.ІІғ. Оңтүстік Сирия, Ертіс дариясы мен Енисей өзені аралығы, Иран, Сирия, Ирак, Хазар теңізі жағалауы, қазіргі Мажарстан және Чехословакия және Түркия мемлекеттерінің орнында ежелгі сақ-скиф империясы орын алған» [7,271] В.В.Бартольд еңбегінде: Афрасиаб туралы Махмұд Қашқаридың еңбектері бізге көп мәлімет бере алатыны және М.Қашқаридың аудармасында Алып Ер Тоңға сөзін Афрасиаб деп ауыстырылғаны баяндалады. Сонымен бірге Афрасиабтың Барчук қаласының негізін салғаны туралы жазылады –деген дерек келтіреді [16,81]. Деректер мен зерттеулер Афрасиаб мемлекетінің шекарасын белгілеумен қатар тарихи тұлғаның саяси жүйесі, шайқастары, жеңістері мен жеңілістері туралы мәлімет береді.

Б.д.д. VII ғасырда Афрасиабтың Кавказдың солтүстігіне оңтүстігіне дейін сапар шегіп, Кіші Азия, Мысыр және Сирия жерлерінде шайқасқан [7,261] Осы тарихи дерекке сүйенсек Афрасиаб патша б.з.б. VII ғасырда өмір сүрген тарихи тұлға және сақ династиясының негізін қалаушы.

Өзбек зерттеушісі А.Абдурахманов пікірінде: «Афрасиаб немесе Алып Ер Тоңға тек түркі халқының шахтарының біріне қойылған лақап ат»-деп айтады және бұл тарихи тұлғаны б.з.д. VII асырда өмір сүрген Мадиез патшамен байланыстырады. Ғалым зерттеулерінде ассирия және грек оқиғаларындағы Афрасиаб есімді қаған Мадиез тұлғасын екенін және Мидия шахы Қайхұсрау улап өлтірген Мадиез өмірімен тура келетінін айтады [7,271].Осындай деректер қатарына Алып Ер-Тоңға туралы жазылған жоқтау, оның бейнесі бейнеленген жолдарды қосқан дұрыс деп ойладым. «Алып Ер Тоңға» дастаны - түркі халықтарының арғы атабағі саналатын сақтардың ежелгі ерлік тарихын аңызға айналған ежіре-деректер негізінде баяндайтын, көне түркі фольклорының дәстүрлі талаптарына сәйкес туындаған қаһармандық жыр.

Алып Ер Тоңғаны жоқтау

Шеңгелін ажас салды ма,
Ер Тоңғаны алды ма,
Сұм дүние артта қалды ма,
Қайғылы жүрек жыртылды-ау.

Сұм ажал бүгін жылатты,
Құрығын салып құлатты,
Беклердің бегін сұлатты,
Қыршын да ғұмыр қырқылды-ау

Өмірдің күні зырлайды,
Адамның күшін ұрлайды,
Ғұмырда мәңгі тұрмайды
Құтылмас ешкім ажалдан

Тәңірім торын құрғанда
Тұтылмай адам тұрған ба,
Кергілер алып шыңдар да

Тағдырдың оғы қадалған

Ажалмен тәңірім сынаған
Тұра алар қарсы кім оған,
Құздар да одағ құлаған,
Құтылып ешкім кетпедің.

Аш арландай аларып,
Қадалғаннан қан алып,
Нұрлы жүздер қабарып,
Тұр қайғыға қамалып,
Жауға шабар бектерім.

Ерлікті қаза сынады,
Бектерімс жасын бұлады,
Бөрідей ұлып жылады,
Жоқтады жыртып жағасын.

Көңілімді қайғы жандырды,
Жазылмас жара қалдырды,
Кешегі күнге зар қылды,
Кеткенді қайда табасың.

Жалғанның туып жаманы,
Жауыздар қаптап барады,
Ашылды сұмның араны,
Сиреді қайран бектерім.

Ажал жұтып ағаны,
Жауыз жайлап барады,
Жақсының өшіп жанары,
Дүние азып барады [17,29-30]

Жоқтауды оқу барысында Алып Ер Тоңғаның өз дәуірінде батыр, әділ ел басқарған басшы, халқына адал тұлға ретінде көре аламыз.

IX-XIII ғасырлар арасы Қарахандар әулетінің дәуірленген кезеңі. Қарахандар әулетінің, ханының, империясының шығу тегі жайында он түрлі тұжырымдар бар. Қазір, қарахандар мемлекетінің негізі қарлұқтар деген болжамға ден қоюшылар басым. Қарахандар елі «Афрасиаб үйі», «Мүлік-әл-Хақани» деп те аталған[18,10]. Н.Я. Бичурин:«.. Тун Шеху хан батыр болды, оның әрбір соғысы жеңіспен бітіп отырды.. Ал, оның немересі Нишу 630 жылдары Туңь аләу (Тоңға алып) Валиба Дулу хан деген лақап атпен таққа отырды», -деп Афрасиаб ұрпақтары туралы құнды деректердің бірін жазып қалдырды [19,26].

Алып Ер Тоңғаның Тұран елінен кек қайтаруға аттанғандығы туралы:

Алып Ер Тоңға келді,
Жүз мың әскер ереді,
Жүз мың жебе керемді,
Жер қайысқан қол еді.
Тәңір сүйіп жаратқан,
Әлемді өзіне қаратқан,
Қаһарын жауға таратқан,

Көк тәңірдің ұлы еді[19,28].

Фирдаусидің «Шахнамасын» Афрасиабтың түс көруі туралы сүреттеу

Қалшылдап, айғай сап, оянып кетті,
Құлындағы дауыс қиырға жетті.
Долы дауыл жұрт зәресін ұшырды,
Байрағымды жұлып, жерге түсірді.
Иран қолы қаракұрқым қаптаған
Жерімізді аямай-ақ таптаған.
Әр найза бір-бір басты іліпті,
Бір-бір басты қолтықтап та жүріпті.
Жарқ еткізіп алмас қылып жасқады,
Қақ ортамен екі бөліп тастады [19,29].

Алып Ер Тоңға бейнесі туралы

Түркі бектерінде назар салып қарасаңыз,
Олардың ішінде әлемге аты әйгілі, даңқтылары көп.
Түрік бектері ішінде мәртебесі ең биік тұрғаны,
Елге құт болған – Алып Ер Тоңға [19,31].

Қортынды. Алып Ер -Тоңға дастаны бізге батырдың ержүректігі мен ер мінезділігі, әділдігі мен жаужүректігі туралы мәліметтер береді, сонымен қатар саяси басқарудағы болмысы туралы тарихи деректер келтірілген. Сонымен қатар түркі дерекетрі мен парсы елі мәліметтерінде бізге қажетті құнды деректер сақталғаны анық. Дастанда бейнеленген тұлғамен түркі және парсы әдебиетінде және тарихи деректерде айтылған екі қаһарманды бір тұлғаның жалпыластырылған атауы ретінде түсіну қате болмайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Бас. ред. Ә.Нысанбаев, Алматы. «Қазақ энциклопедиясы». Бас ред. 1998. 720 б.
2. Әбушәріп С., Мәдуан С., Қазақтар және түркі әлемі. Мемлекеттіліктің бастаулары//Алматы. «Баспа үйі». 2009. 360 б.
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Бас ред. Тасмағамбетов И.Н. Алматы «Аруна Ltd» ЖШС, 2005. 576 б
4. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. Оқу құралы. Астана. Елорда, 2001. 224 б.
5. Қаратаев М. Революция рухымен(жинақ). Алматы. «Жазушы», 1978. 416 б.
6. Алаш айнасы. №221 (447) 21 желтоқсан, сейсенбі. 2010 ж. 8 б.
7. Әбушәріп С., Мәдуан С., Қазақтар және түркі әлемі. Мемлекеттіліктің бастаулары. Алматы. «Баспа үйі». 2009. 360 б.
8. Бектай Әлімбай. «Қазақ» атауынан Қазақ хандығына дейін. «Өскен өңір», №29 (8279) 18 сәуір сенбі 2015 жыл, 4 б.
9. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы. №2(78).- 2019. Алматы. «Қыздар университеті». 2019.350 б.
10. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Бас ред. Тасмағамбетов И.Н. Алматы «Аруна Ltd» ЖШС, 2005. 576 б.
11. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері: Хрестоматия. Құраст. Қ.Келімбетов. Алматы. Раритет, 2019. 904 б.
12. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. Зерттеу. Алматы «Ана тілі», 1998. 256 б
13. Өскенбай М.Ә. Орта Азия түркі тайпаларының этно-әлеуметтік сабақтастығы (УП-ХІІғғ.) ...диссертациялық жұмыс. Алматы. 2017ж. Әл-Фараби атындағы ҚҰУ. 156 б
14. Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының Хабаршысы, ғылыми-педагогикалық журнал. № 9. 2012ж. (қаңтар - ақпан - наурыз). 353 б

15. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 12.: Әбілғазы. Түрік шежіресі. Құраст.: Б. Әбілқасымұлы. Алматы. «Таймас» баспа үйі, 2011. 496 б
16. Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Алматы. Жалын. 1993. 192 с.
17. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 1-т: Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер. Құрас.: Ш.Ахметұлы, А. Әлібекұлы, Н.Базылхан, С.Қорабай, Қ. Орынғалы, Қ. Сартқожаұлы. Алматы. «Таймас баспа үйі, 2007.507 б
18. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік//Көне түрік тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубай. Алматы. «Өлке», 2006. 640 б.
19. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері//Алматы: Раритет, 2011. 432 б.

Аннотация: Царь Афрасиаб - их место в истории. Описание царя Афрасиаба как исторической личности в трудах исследователей личности. Политическая система короля в управлении страной, отличие от других правителей и его место в обществе. Исследования и мнения средневековых ученых о царе Афрасиабе. А также описание новейшей истории в трудах исследователей. Какие сведения о царе Афрасиабе может дать эпос Фирдоуси «Шахнаме», какова ценность этих сведений? В произведении Юсупа Баласагуна «Кутты билик» описывается Алып Ер Тонга как герой, а также значение и значение его хвалебных слов. Мухамед Хайдар Дулати описывает генеологию царя Афрасиаба, а В. В. Бартольд описывает царя Афрасиаба как полководца, основавшего город Барчук. Сведения о гиганте Э Тонг в трудах историков литературы Турции

Ключевые слова: Король Афрасиаб, Туран, Рустем-Зораб, Фирдоуси «Шахнаме» эпос, произведение Махмуда Кашкари «Дивани лугат ат-турк», Эпос о великане Эр-Тоне.

Abstract: King Afrasiab is his place in history. The description of King Afrasiab as a historical figure in the works of researchers and researchers of personality. The political system of the king in governing the country, the difference from other rulers and his place in society. Studies and opinions of medieval scholars about King Afrasiab. Also, the description of modern history in the works of researchers. What information can Firdausi's epic «Shakhnama» give us about King Afrasiab, what is the value of this information? The meaning and significance of the description of Alyp Er Tong as a hero and his words of praise in the work of Yusup Balasagun «Kutty Bilik». Haidar Dulati describes the genealogy of King Afrasiab and V. V. Bartold describes King Afrasiab as the commander who founded the city of Barchuk. Information about the giant Er Tonga in the works of literary historians of Turkey

Keywords: King Afrasiab, the land of Turan, the song «Rustem-Zorab», Firdousi «Shahname» epic, Mahmud Kashkari's work «Diwani lugat at-turk», Epic to the Giant Er-Ton.

БИБЛИОТЕЧНОЕ ДЕЛО LIBRARIANSHIP POLITICAL SCIENCE

ӘОЖ: 023

<https://orcid.org/0000-0001-6979-0344>

Мынбаева Г.К.*

«Ақпараттық білім беру орталығы» директордың орынбасары

М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ КІТАПХАНА РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЖҮЙЕЛЕРІ

*Автор-корреспондент: mynbaevag@mail.ru

Түйін: Мақалада кітапхананың ақпараттық-технология платформасына көшуі, заманауи кітапхананың қызметі мен міндетінің өзгергендігі, ал бұл кітапханашының қызметін мынадай жаңа бағытқа өзгертуіне алып келеді: бағдарламалық қамтамасыз ету, заманауи офистік техникалар мен программаларды игеру, компьютер, принтер, сканер құралдарының мүмкіндіктерін түр ерекшелігіне қарай талдау және зерделей білу, желілік технология бойынша Интернет-ресурстарын оқу және пайдалану, ірі баспалардың (отандық және шетелдік) толықмәтінді деректер қорының электронды почталарын білу, құжаттарды электронды жеткізу, кітапхананың немесе сайттың web-парақшалардың маңыздылығы, оны толықтыру және пайдаланушыларға виртуалды қызмет көрсету жолдары айтылған.

Кілт сөз: жоғары оқу орнының кітапханасы, электронды кітапхана, мәліметтер базасы, кітапхананы цифрландыру.

Кіріспе. Егемен еліміздің бүгінгі таңдағы ең басты мақсаты - жан-жақты сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Бүгінгі жас ұрпақ - ертеңгі егемен еліміздің болашағы, халық тағдырын шешетін азамат. Елімізді әлемге таныту, болашақта еркін өмір сүріп, ойлаған армандарымыздың орындалуы тек ерінбей терең білім алғанда ғана орындалары сөзсіз.

Ал білім алудың басты құралы – кітап екенін бәріміз жақсы білеміз. Рухани байлықты оқырмандарымызға кітап арқылы жеткіземіз. Жаңа заман компьютер дәуірі болғанымен, рухани азық іздеген, көзі ашық, көкірегі ояу, әрбір адамның келер шаңырағы кітапхана.

Кітапхана - адамның білім көкжиегін күшейтеді десек, сол кітапханаға келіп түрлі кітаптар мен газет-журналдарды оқыған адамның мерейі өсіп, рухани азық алып, дөңгеленген дүниеден хабардар болады.

Теориялық талдау. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Ақпараттық білім беру орталығы – оқу процесін ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі оқулықтармен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен, ғылыми басылымдармен (*монографиялар, авторефераттар, диссертациялар, ғылыми журналдар*) қамтамасыз ететін, баспа кітап қоры мен мерзімді басылымдары, CD электронды оқулықтары және дерекқорлары бар - электрондық кітапхана.

Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың арқасында бүгінгі кітапханашылардың қолданыстағы жұмыс түрлерін әртараптандыруға және кітапхана ресурстарын пайдаланушылармен өзара әрекеттесуінің жаңа түрлерін енгізуге мүмкіндік алды.

Кітапхана ісіне жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың енгізілуі электронды кітапхана жүйелерін құруға әкелді. Электронды кітапхана жүйелері қазіргі уақытта университет кітапханалары үшін білім беру және танымдық ресурстар кеңістігінде ерекше орын алады.

Қазіргі уақытта электронды кітапхана жүйесі бүкіл әлемде қарқынды дамуда.

Оқытылатын пәндерді меңгеру үшін студенттерге электрондық кітапхана жүйесіндегі әдебиеттерді ұсынатын оқытушылар саны көбейіп келеді, оқу процесінде кәдімгі кітапханалардан гөрі электронды кітапханаларды қалайтын білім алушылардың саны өсуде.

Тәжірибелік бөлім. Электронды кітапхана жүйесінің міндетті элементтерінің бірі ол мәліметтер базасы болып табылады. Мәліметтер базасы дегеніміз - деректерді сақтау үшін арнайы жасалған жүйе. Мәліметтер базасы оқу процесіне қажетті цифрлық сипаттамадағы оқулықтар, оқу-әдістемелік әдебиеттер және т.б. әдебиеттердің оқырманға қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

М.Әуезов атындағы ОҚУ ғалымдары туралы мәліметтер мен олардың еңбектерінің электрондық нұсқаларын пайдаланушыларға ұсынатын АББО қызметкерлерінің құруымен жүзеге асырылған мәлімет базасы «AlmaMater» <http://www.articles.ukgu.kz/>. Мәлімет базасы университеттің 70 жылдығына орай іске қосылып, қазіргі күнде пайдаланушыларға толықтай 24/7 режимде қолжетімді. База 4 бөлімнен тұрады.

1) ОПК еңбектері - профессор-оқытушылар құрамының оқу процесінде оқытылатын пәндер бойынша басылып шыққан оқулықтар мен оқу-әдістемеліктердің электронды нұсқасының базасы.

2) ОПК жарияланымдары - университет ғалымдары мен оқытушыларының түрлі ғылыми журналдарда және газет беттерінде жарияланған мақалаларының жиынтығы.

3) ОҚУ тарихы баспада - университеттің жеткен жетістіктері жайлы әр түрлі баспаларда жарияланған материалдар жиынтығы.

4) ОҚУ ғалымдары - университет ғалымдары туралы ақпарат. Яғни белгілі ғалымның өмір жолы, жазған еңбектері, иеленген марапаттары мен жетістіктері.

Сонымен бірге, университет кітапханасы Ақпараттық білім беру орталығында халықаралық және республикалық деректер қорларына және электронды кітапхана жүйелеріне қолжетімділік қамтамасыз етілген. Олар:

Web of Science (WoS), Scopus, Жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхана (РЖЭК), «ZAN», «Аknurpress» цифрлық кітапханасы, «Эпиграф», «Әдебиет», «Smart-kitap», «Open.kz - Қазақстанның ашық университеті», «Kitap.kz» және т.б.

"Web of Science" МБ (қысқаша WoS, бұрынғы атауы ISI Web of Knowledge) - бұл ғылыми мерзімді басылымдардағы мақалалар мен патенттердің реферативтік базасын біріктіретін, соның ішінде мақалалардың өзара цитаталану базасын қамтитын іздеу платформасы. WoS индекстеу арқылы білімнің барлық салалары бойынша ақпараттарды ұсынады. 12000-нан астам журналдар, 120 000 түрлі конференция материалдары, 4 400-ден астам сайттар.

Әлемдегі ғылыми зерттеулердің тиімділігін бағалау міндеттерінің басым көпшілігі WoS деректері негізінде шешіледі. Scopus мәліметтер базасы WoS базасынан тезірек көтерілсе де, соңғысы өз мұрағатының ауқымдылығы мен көлеміне, журналдар таңдаудағы мұқияттылығы нәтижесінде журнал индекстерінің беделіне ие болады.

WoS-та библиографиялық мазмұнның барлық қажетті элементтері бар, мысалы, автор туралы мәліметтер, құжат пен дереккөздердің атауы, авторлардың рефераттары және басқалары. Осылайша, WoS дерекқорында сіз осы авторды және оның жарияланымын кім, қашан және қайда пайдаланғанын оңай таба аласыз.


Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхана (РЖОЭК) – бакалавриат, магистратура және докторанттарға Қазақстан жоғары оқу орындарының (ЖОО) электронды ресурстарын біріктіру арқылы жаңаша ақпараттық білім ресурстарымен қамтамасыз ететін мәліметтер қоры. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, ЖОО Ассоциациясы, «KazRENA» Қазақстанның ғылыми-білім беру компьютерлік желісін пайдаланушылар қауымдастығы мен Қазақстанның ЖОО Меморандумға қол қоюымен жүзеге асырылған. Электронды кітапхананың мақсаты – оқытушы-ұстаздар құрамының, студенттердің, магистранттар мен докторанттардың оқу

кезінде интерактивті мультимедиялық қорға (ресурсқа) еркін енуін қамтамасыз ету, сонымен бірге еліміздің ЖОО-да электронды білім беру ресурстарын бірыңғай ақпараттық жүйеге біріктіру.



Сурет 1. Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхана (РЖОЭК)<http://rmebrk.kz/>


«ZAN» zan.kz деректер базасы – Қазақстан Республикасының Ата Заңы – Конституциясынан бастап, ауылдық округ әкімдерінің шешімдеріне дейін еліміздің барлық нормативтік құқықтық актілерін қамтитын мемлекеттік және орыс тілдеріндегі құқықтық ақпараттың электронды көзі. Мәліметтер қоры әртүрлі анықтамалықтармен, сөздіктермен, қолданыстағы заңнамаға түсініктемелермен қамтамасыз етілген. ZAN деректер базасында күнтізбелер, шаблондар, құжаттардың үлгілері, түсіндірме хаттар, құқықтану, заңгерлік кеңестер және т.б. бар. Бүгінгі таңда «ZAN» деректер қорының стационарлық нұсқасынан басқа, Интернет кеңістігінде IT-технологиялардың дамуын ескере отырып, барлық заманауи техникалық және ақпараттық талаптарға жауап беретін жаңартылған онлайн нұсқасы бар.




Сурет 2. Заң деректер базасы <http://zan.kz/>

Оқу процесіне арналған әдебиеттерді іріктеуде сапалы тәсілдемесі бар «Акнирресс» цифрлық кітапханасы – бұл отандық цифрлық оқулықтар мен оқу құралдарының базасына, техникалық қолдауға, call-орталығына онлайн қол жеткізе алатын бағдарламалық өнім. Әдебиеттері қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылған Қазақстан Республикасының жоғары және орта оқу орындарына арналған оқу пәндеріне сәйкес келетін оқулықтар мен оқу құралдарының атауларынан тұрады. Кітапхана күн

сайын жаңа басылымдармен жаңартылып, толықтырылып отырады, сондай-ақ базада әртүрлі пәндер бойынша отандық ғылыми мақалалар бар. Сайт: <https://www.aknurpress.kz/>, Тіркеуге арналған Промокод: **FGW-24**



Сурет 3. «Aknurpress» цифрлық кітапхана <https://www.aknurpress.kz/>



Сурет 4. Электрондық кітапхана «Эпиграф» <https://elib.kz/>

Қашықтықтан оқытуға көшуге байланысты электрондық кітапхана өз ресурстарын пайдаланушыларға тәулік бойы, кез-келген құрылғыда қол жетімділігін қарастырған. Қашықтық режимінде мәліметтер базасымен жұмыс істеу және іздеу бойынша, туындаған мәселелер үшін сенім телефоны ашық және нұсқаулықтар құрастырылған. Ақпарат АББО сайтында және әлеуметтік желілерде Instagram, ВКонтакте және Facebook, мессенджерлер берілген, библиограф маманның көмегімен **виртуалды анықтама қызметі** арқылы ақпараттар арнасына қашықтықтан қолжетімді.

Кітапханада кітап оқу мотивациясын арттыруға арналған іс-шаралар кешені ұйымдастырылады және әлеуметтік медиа қызметтерін тұрақты ұсынып отырады. Студенттердің оқу мәдениетін қалыптастыру және дамыту, жастардың зияткерлік қоғамдастығын шоғырландыру, отандық жазушыларды қолдау және олардың шығармаларын насихаттау үшін, кітап оқуды насихаттайтын ең тиімді жобалардың бірі – жастардың креативті және табысты болуына бағыт-бағдар беретін «BookDating» жобасы бойынша университеттің кітап оқуға құштар студенттерімен бірге дөңгелек үстелдер ұйымдастыру дәстүрге айналған. Жоба жастар үшін ақпаратты қабылдап, қорытып үйрену, кітап оқуға мотивация беру, тез оқып үйрену жолдарын көрсетеді, өзін-өзі қалыптастыруға көмек береді. Бұл жобаның мәні: әр түрлі қызмет салаларындағы оқырман-жұлдыздар кітап оқудың өмірдегі орны және олардың ойынша әрбір жас қандай кітап оқуы керек

туралы өз ойларымен бөлісіп өз ұсыныстарын бере алады.

Қорытынды. Цифрландыру дәуірінде кітапханалардың алатын орны ерекше. Кітапхана ақпараттарды жинап, сақтаушы орын ғана емес, өз бетінше білім алуға, әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге үйрететін, ізденіс әрекеттерін, ғылыми-зерттеу қызметін дамыта отырып, сауатты пайдаланушыны қалыптастыратын мекеме. Қазақстанның жарқын болашағы – білімді, мәдениетті қазақ жастарының қолында, - деп сенеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кукеева М. Ақпараттық білім беру орталығы кітапханаларының ис-тәжірибелері. Шымкент, 2013. 78 б.
2. Кукеева М. Кітапханалық қызмет көрсету. Шымкент, 2017. 220 б.
3. Кітапхана ісіне жаңашыл көзқарас керек. Айқын. 2018 ж. 10 тамыз. 4 б.
4. Алдабергенова З. Күш - білімде, білім - кітапта. Шымкент келбеті 2021. 8 желтоқсан. 2 б.
5. Елшібай Ғ. Кітапханаларды жаңарту – қоғамдық сананы жаңғырту. Egemen Qazaqstan. 2021 жыл. 8 желтоқсан. 11 б.
6. Асанова В.С. Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындағы кітапханалары – ақпарат орталығы: тиімділігі мен мүмкүндігі. Вестник Академии педагогических наук Казахстана. 2020. 100 б.
7. Мыңбаева Г. Кітапхана білім ошағының рухани мекені // Білімді ел. 2021. 10 наурыз. <https://bilimdinews.kz/?p=140335>
8. Рыбалкина Н.В. Полноценное обучение невозможно без книги // Білімді ел. 2021. 1 маусым. <https://bilimdinews.kz/?p=157135>
9. Рыбалкина Н., Құралбаева А. Деятельность Образовательно-информационного центра ЮКУ им.М.Ауезова в современном информационном пространстве// Қазіргі әлемдегі ғылым мен білім: ХХІ ғасырдағы міндеттер.-Нұр-Сұлтан, Қазақстан, сәуір. 2021

Referens liste:

1. Kukeeva M. Akparattik bilim беру орталығы kitapxanalarının is-tajiribeleri. Shimkent, 2013. 78 b.
2. Kukeeva M. Kitapxanalık qızmet korsetu. Shimkent, 2017. 220 b.
3. Kitaphana isine janashıl kozkaras kerek. Ayqın. 2018 j. 10 tamız. 4 b.
4. Aldabergenova Z. Kush - bilimde, bilim - kitapta. Shimkent kelbeti 2021. 8 jeltoqsan. 2 b.
5. Elshibay G. Kitapxanalarđı janartu – kogamdık sananı jangirtu. Egemen Qazaqstan. 2021 jıl. 8 jeltoqsan. 11 b.
6. Asanova B.S. Kazakstan Respublikasındagı zhogarı oqu orındagı kitaphanaları - akparat ortalıgı: tiimdiligi men mumkundigi. Vestnik Akademii pedagogicheskikh nauk Kazahstana. 2020. 100 b.
7. Minbaeva G. Kitaphana bilim oshagının ruhani mekeni // Bilimdi el. 2021. 10 naurız. <https://bilimdinews.kz/?p=140335>
8. Ribalkina N.V. Polnocennoe obuchenie nevozmojno bez knigi // Bilimdiyel. 2021. 1 mawsım. <https://bilimdinews.kz/?p=157135>
9. Ribalkina N., Kuralbaeva A. Deyatelnost Obrazovatelno-informacionnogo centra UKU im.M.Auezova v sovremennom informacionnom prostranstve// Kazirgi alemdegi ǵılım men bilim: XXI ǵasırdaǵı mindetter.-Nur-Sultan, Kazakstan, sauir. 2021

Аннотация: В статье рассматривается переход библиотеки на платформу информационных технологий, изменение функции и задачи современной библиотеки, а это приводит к изменению деятельности библиотекаря в следующих новых направлениях: программное обеспечение, современная оргтехника и программы, анализ и изучение возможностей компьютеров, принтеров,

сканеров по их типу, знание, чтение и использование интернет-ресурсов по сетевой технике, знание электронной почты, полнотекстовых баз данных крупных издательств (отечественных и зарубежных), электронная доставка документов, важность веб-страниц библиотеки или сайта, способы ее дополнения и предоставления виртуальных услуг пользователям.

Ключевые слова: библиотека вуза, электронная библиотека, базы данных, цифровизация библиотеки.

Abstract: The article discusses the transition of the library to the information technology platform, changing the functions and tasks of the modern library, and this leads to a change in the activities of the librarian in the following new areas: software, modern office equipment and programs, analysis and study of the capabilities of computers, printers, scanners by their type, knowledge, reading and use of Internet resources on network technology, knowledge of e-mail, full-text databases of major publishers (domestic and foreign), electronic delivery of documents, the importance of the web pages of a library or site, ways to supplement it and provide virtual services to users.

Key words: university library, electronic library, databases, digitalization of the library.

УДК: 159.9.512.122

<https://orcid.org/0000-0003-4516-2436>

<https://orcid.org/0000-0002-9603-1332>

<https://orcid.org/0000-0002-7425-0059>

¹Арымбаева К.М., ¹Жиенбекова А.А.*, ²Байниязов А.

¹ педагог. ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

¹ философ. ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

² филолог. ғ.к., профессор, Ардахан университеті. Ардахан, Түркия

ҚАЗАҚТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*Автор-корреспондент: Жиенбекова А.А: ainur7105@mail.ru

Түйін: Мақалада жас ұрпақтың жалпыадамзаттық және ұлттық мәдениеттің құндылықтарын игеруге, гуманизмнің жалпыадамзаттық нормаларын түсінуге деген қажеттіліктерін тәрбиелеу мәселелері ашылады. Елдегі және әлемдегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, жаһандану және батыстану жағдайында бұқаралық мәдениетті тану, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді әмбебаптандыру өскелең ұрпақты тәрбиелеу саласындағы бірқатар проблемаларды шиеленістірді: рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтардың бірыңғай жүйесінің болмауы; оқушылардың Қазақстандық қоғамның субъектісі ретінде өздері туралы түсініктерінің қалыптаспауы; стресстік және деструктивті сыртқы әсерлерге қарсы тұру қабілетінің болмауы; Отбасының тәрбиелік әсерінің төмендеуі; қоғамның бір бөлігінің рухани және моральдық кедейленуі және т.б. руханият пен адамгершілік мәселесі адамды ежелден қызықтырды. Сондай-ақ патриотизм сезімдерін дамыту, жақындарына, қонақтарына мейірімді қарым-қатынас жасау, адамгершілік көзқарастар мен нанымдарды дамыту, өскелең ұрпақтың адамгершілік мінез - құлқын, Ибн-Сина Беруни, Омар Хайяма, Ю.Баласағұни, Қорқыт-Ата сияқты ағартушы ғалымдардың шығармалары арқылы қазақтардың рухани-адамгершілік мәдениетінің өзектілігі мен мазмұнын айқындайтын кемелді адам идеясының болуы, М.Қашқари, Х.А.Яссауи, Әл-Фараби, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев және т.б.

Кілт сөздер: ағарту, мәдениет, руханият, адамгершілік, менталитет, тұлға, кемелді адам, әлеуметтану, оқырман, жастар, жасөспірімдер, студенттер

Кіріспе. Бұл мақаланың өзектілігі моральдық дағдарыстың өршуіне, құндылықты тәрбиелеу дәстүрлерінің бұзылуына, батыстық өмір салтының жағымсыз құбылыстарының кеңеюіне, жеке және қоғамдық қатынастардағы «Қос стандарттарға», бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен қоғамдық сананы манипуляциялауға, мінез-құлықтың асоциалды және заңсыз стандарттарын мақсатты түрде таңуға, әлеуметтік агрессияның өсуіне, бұқаралық сананың тек материалдық құндылықтарды алуға гипертрофияланған бағдарлануына байланысты тауарлар және т.б.

Жаһандандыру және жанару кезеңі ретінде сараланған қазіргі қоғам дамуының қазіргі бетбұрыс кезеңіндегі әлеуметтену мәселесін әлеуметтік - философиялық тұрғыдан түсіну қажеттілігі: бірқатар себептерге байланысты. Әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани-идеологиялық қатынастардың басқа жүйесінде өмірге енетін жаңа ұрпақтардың әлеуметтік көбею тәсілін зерттеу мәселелері философиялық сипатқа ие болады. Руханилықты түсінуге, Әлеуметтік және рухани диалектиканы, идеал мен шындықтың, діни және зайырлы қатынастарды, әлеуметтену процесінде дәстүр мен модернизацияны анықтауға негізгі мән берілуі керек.

Философиялық түсінік қоғамның маңызды әлеуметтік институты және әлеуметтенудің негізгі өзегі ретінде білім беруді қажет етеді.

Әлеуметтік-философиялық тұрғыдан әлеуметтену әлеуметтік көбеюдің және ересек адамның, әсіресе жас ұрпақтың, сабақтастықты, тұрақтылықты қамтамасыз етудің және бүкіл әлеуметтік жүйенің дамуын үйлестірудің іргелі, әмбебап тәсілі ретінде қарастырылуы керек.

Әлеуметтенудің әлеуметтік-философиялық аспектілері ең толық және терең сынған және студенттік кезеңде белгілі бір әлеуметтік-қауымдастық деңгейінде де, жеке деңгейде де көрінеді.

Бүгінгі таңда біздің болашағымызды құратын, шешілмеген мәселелердің ең ауыр жүктемесі иығына түсетін жастар ұрпағын тәрбиелеу мәселесі ерекше өткір тұр.

Қазақстан Республикасының рухани ерекшелігі - полиэтномәдениеттілік, көпконфессиялылық және оның дәстүр, транспаренттілік және толеранттылық сияқты адамгершілік императивтері балалар мен жастарды рухани-адамгершілік тәрбиелеу проблемасын айтарлықтай өзектендіреді.

Рухани-адамгершілік тәрбие тұлғаның жан-жақты даму жүйесінің жетекші құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазіргі жағдайда жас ұрпақты жалпы адамзаттық және ұлттық мәдениеттің құндылықтарын игеруге, гуманизмнің жалпы адамзаттық нормаларын түсінуге тәрбиелеу қажет.

Сонымен қатар, елдегі және әлемдегі елеулі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, жаһандану және батыстану жағдайында бұқаралық мәдениетті тану, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді әмбебаптандыру өскелең ұрпақты тәрбиелеу саласындағы бірқатар проблемаларды, шиеленістірді атап кеткенді дұрыс көрдік: рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтардың бірыңғай жүйесінің болмауы; білім алушылардың Қазақстандық қоғамның субъектісі ретінде өздері туралы идеяларының қалыптаспауы; қарсы тұру қабілетінің болмауы стресстік және деструктивті сыртқы әсерлер; Отбасының тәрбиелік әсерінің төмендеуі; қоғамның бір бөлігінің рухани және моральдық кедейленуі және т. б.

Руханият пен адамгершілік мәселесі адамды ежелден қызықтырды. Ұлы ойшылдардың мұрасында адамгершілік тәрбиесінің формалары мен әдістері, оның мазмұны мен мақсаттары жасалды.

Көрнекті ғалымдардың философиялық еңбектерінде түркілердің қоғамдық өмірінің негізгі бағыты адамның рухани-адамгершілік негіздеріне бағытталған. Адам мен ғаламның, адам мен әлемнің, білімнің, жан мен дененің, рух пен дененің бірігуін түсіну. Бұл жол іс-әрекеттің моральдық аспектісі басқалардан асып түсетін түріктер үшін басты болды.

Теориялық талдау. Қазақ халқының өмірі, оның тарихы мен ойлауы қазақ халқы үшін ерекше маңызы бар ауызша халық шығармашылығында - фольклорда көрініс тапты.

Қазақ халқының адамгершілігі мен руханиятының мәні мен мазмұны әр түрлі болды және ар-намыс, қадір-қасиет, үлкендерге құрмет, өзара көмек, еңбекке құрмет ұғымдарын қалыптастыруды қамтыды.

Сондай-ақ, патриотизм сезімдерін дамыту, жақындарына, қонақтарына мейірімді қарым-қатынас жасау, адамгершілік көзқарастар мен сенімдерді дамыту, өскелең ұрпақтың адамгершілік мінез-құлқын анықтайтын кемелді адам идеалының болуы.

Халықтың мінезі мен бет-бейнесі, оның ойлары мен ұмтылыстары, адамгершілік құндылықтары, мұраттары, әсіресе өзі жасаған ертегілерде, эпостарда, аңыздарда, эпостарда, мақал-мәтелдерде айқын көрінеді, олар ағартушылық идеяларды қамтиды.

Бұл жанрда достық, жақсылық, ар-намыс, ар-ождан сияқты рухани-адамгершілік қасиеттердің тақырыбы кеңінен қамтылған: «Кім барлық мейірімді, кім бәріне жақсы, достары барды жау алмайды», «Батылдық батырлардың қолында емес, батылдық

батырлардың жүрегінде «, «Өлімнен ұят күші», «Қоянды қамыс, еркекті намыс өлтіреді» және т.б.

Ар-намыс үшін қазақтар да өз өмірлерін құрбан ете алды. Сондықтан халықтың санасында өмірдің маңызды қағидасы (ұраны) ретінде: «Мен өмір үшін байлықты құрбан етемін, өмір үшін ар-намыс үшін құрбан боламын» деген қанатты өрнек қалыптасты.

Мұнда қазақ халқының мінез-құлық ерекшеліктері, қазақтардағы тәрбиенің рухани-адамгершілік құндылықтары, ең алдымен «ар-намыс» пен «қадір-қасиет», «ар-ождан», туған жер туралы құндылық-нормативтік түсініктері баяндалады.

Сондай-ақ, халық өзара түсіністік пен өзара көмекке негізделген мейірімділікті, кешірімділікті, жастардың бойында осы қасиеттердің қалыптасуын жоғары бағалады. Мәселен, қазақтар: «Тас пен ұрғанды аспен ұр», «жақсылық үшін әркім жауап береді, жамандыққа жақсылық үшін тек жігіт жауап береді» және т.б. қазақ халқының рухани-адамгершілік мұраттары болды және оларға тәрбие беру тәжірибесіне ұмтылды [1,532-535].

Бұл мақсат-қазақ тілінде «Жетілген адам» (кемелді адам) сияқты естілетін кемелді адамды тәрбиелеу «сегіз қыры, бір сырлы» адамды тәрбиелеумақал-мәтелінде қалыптасады. Қазақ халқы «адам жан-жақты болуы керек», білім мен өнерді меңгеруі керек деп есептеді: «сегіз қырлы, бір сырлы» қазақтар арасында жастарға тәлім беру, тәлім беру сияқты естіледі. Бұл мақаланың мазмұнында неғұрлым кең және ең бастысы гуманистық тарлық әлеуметтік ұғым бар. Өскелең ұрпақтың әлем біліміне байыпты қарауы үшін «бір сырлы бол» қажет - бұл өзінді өзіне қалдыруды, бөтен адамдардың көндірулері мен кеңестеріне тез тартылмауды білдіреді [2, 54-58].

Қазақтар арасында өскелең ұрпақты еңбек сүйгіштікке, еңбекке деген қажеттілікке тәрбиелеуге, ортақ игілікке адал жұмыс істеу қажеттілігін түсінуге, бала кезінен еңбек адамдарына құрмет көрсетуге ерекше көңіл бөлінді.

Халықтық дәстүрлер негізінде еңбекте, ұрпақтан-ұрпаққа осы қасиеттердің қалыптасуы қазақ халқының рухани-адамгершілік тәрбиесінің маңызды жағын құрады.

Қазақ халқының руханият пен адамгершілік саласындағы философиялық көзқарастары ортағасырлық Шығыстың басқа ойшылдарының: Ибн-Сина Беруни, Омар Хайям, Ю. Баласағұни, Қорқыт Ата, М. Қашқари, Х. А. Яссауи және т. б. еңбектерінде көрініс тапты.

Ортағасырлық ойшыл Ибн-Сина Беруни адамның руханилығы мен адамгершілігінің дамуына ерекше үлес қосты. Ибн-Синаның бұл этикалық көзқарастары жалпы іске қызмет етуге, адамзатқа пайда әкелуге ұмтылатын білімді, асыл, ізгілікті, ерік-жігерлі, белсенді, кемелді адамды тәрбиелеу туралы ұсыныстарда ашылады.

Әбу Райхан Мұхаммед ибн Ахмед әл-Беруни «таным қазынасы», «Сүлеймен туралы әңгіме» және «Этика туралы трактат» трактаттарында адамға салынған күштердің ақылға қонымды көрінісінің нәтижесі пәктік, даналық және әділеттілік болып табылады, адам құндылығының басты өлшемі - адамгершіліктің негізін құрайтын адамның жұмысы.

Қорқыт Ата, Ю.Баласағұни, М.Қашқари, Қожа Ахмет Ясауи шығармаларында балаларды ата-бабаларының өсиеттеріне адалдық рухында тәрбиелеу, оларда жақсы сезімдерді ояту, ата-аналарының құрметіне лайық балаларды тәрбиелеу болып табылады.

Қазақ халқының ар-намысы тұлғаның аса маңызды қасиеті болып саналды, ол мынадай көріністе көрініс тапты: «Ата-анасының ар-намысына нұқсан келтіретін болса, ұл мүлдем туылмаса жақсы болады».

Юсуф Баласугун өзінің әйгілі «берекелі білім» еңбегінде адами қасиеттер туралы былай деп жазады: «Ұят пен ар - ождан-жамандыққа тосқауыл...Шындық, ұялшақтық және игі іс ... Бірлікте-жақсы тағдырдың кепілі!» [3].

Оның шығармаларында дүниеге келген әрбір адам ие болуы керек, ең жоғары адами қасиеттер туралы айтылады. Философ адамдардың белгілі бір моральдық-этикалық

ерекшеліктерін тізімдейді, сонымен бірге жағымды және жағымсыз мінез-құлық белгілерін қалыптастыру туралы бірқатар пайдалы кеңестер мен ұсыныстар береді.

Қожа Ахмет Яссауидің ілімдері адамның руханилығы мен адамгершілігі туралы идеяларды ұсынады, мұнда ғалым рухани-адамгершілік қасиеттер ретінде шыдамдылық, төзімділік, ұстамдылық, ризашылық, қанағаттану сияқты жеке қасиеттерді қарастырады [4, 216].

Руханият пен адамгершілік мәселелері Әл-Фарабидің «Бақытқа жету жолын көрсету», «Бақытқа жету туралы», «Азаматтық саясат», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары» сияқты әлеуметтік-этикалық және педагогикалық жазбаларында қызыл жіппен жазылған, мұнда әл-Фараби адамның жақсы адамгершілік қасиеттерін әділеттілік деп сипаттайды, адалдық, батылдық, мейірімділік, жомарттық, тапқырлық, шыншылдық, достық, оларды тәрбиелеу жолдары және мінез-құлық ережелерін атап айтты [5,592].

Адамгершілік пен руханият мәселелері Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев және т.б.

Ғалым және ағартушы Ш.Уәлиханов қонақжайлылық, қарттарды құрметтеу және қадірлеу, қиындықтарға төтеп беру қабілеті қазақтар психологиясының маңызды адамгершілік белгілері болып табылатынын атап өтті.

Ы.Алтынсарин адамгершіліктің негізі білім мен жақсы тәрбие, «жақсы тәрбиеленген бала және кейіннен ізгі адам болып қала береді» деп қарастырды.

Руханият пен адамгершіліктің негізгі қасиеттеріне Ы.Алтынсарин патриотизмді, гуманизмді, адалдықты, еңбекқорлықты, қарапайымдылықты, әділдікті жатқызады. Ы.Алтынсарин, сонымен қатар жас ұрпақтың бойында қалыптасуын қажет адамгершілік қасиеттердің түрлерін анықтады: тәртіпті сақтау, қиындықтарды жеңе білу, қарапайымдылық, сыпайылық, өзін-өзі бақылау, өз міндеттерін, істерін білу, өзін-өзі сынау, ерік-жігерді дамыту, ұстамдылық және т.б. [6].

Абай Құнанбаев қазақтар өмірінің рухани-адамгершілік негіздерін зерттеуге көп көңіл бөлді. А. Құнанбаев өз еңбектерінде еңбек адамгершілік сұлулықтың қайнар көзі, адамдық қадір-қасиеттің өлшемі болып табылатынын жазды. Абай Құнанбаев көптеген қиыншылықтар мен қиындықтармен ұштасқан көшпелі мал шаруашылығының көп жылдық тәжірибесіне негізделген қазақ халқының адамгершілік идеялары мен гуманистік мұраттарын білдірді. Оларды жеңу барысында халықтық білім қалыптасты, дағдылар мен дағдылар дамыды, өскелең ұрпақтың адамгершілік тәрбиесінде тәжірибе жинақталды, ол моральдық заңдар мен әдет-ғұрыптарда көрінді және қалыптасқан дәстүрлерде бекітілді [7, 523].

Ақылға, білімге, еңбекке, ғылымға, мәдениетке, рухани дамуға үлкен мән бере отырып, Шәкәрім Құдайбердиев қоғамды жетілдірудің маңызды шарттарының бірі ретінде адамдардың адамгершілік және интеллектуалдық дамуын, олардың жақсылыққа, зұлымдықпен күресуге деген саналы ұмтылысын қарастырды. Шәкәрімнің жарық көрген шығармаларының ішінде «Түрік, қырғыз және қазақ хандарының шежіресі», «Еңлік-Кебек», «Қалқаман - Мамы», «Қазақ өмірінің көрінісі», «Мұсылман талаптары», «Үш ақиқат» және т. б.

Шәкәрім Құдайбердиевтің жарияланбаған шығармалары Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақталған, олардың ішінде - «Мұтылғанның өмірі», «Жаратылыс құпиялары», «Өмір - жан», «Қазақтардың тамыры», «Жастық пен кәрілік» және т. б. философиялық трактаттары бар Ол қазақтың ұлы ақыны және ағартушысы Абайдың көзқарастары мен идеяларының жақтаушысы және ізбасары [8].

Шәкәрім Құдайбердиев өмір бойы ерекше, есептелмейтін құндылық бар - жанның тазалығы мен мейірімділігі. Әрбір ойлаушы, адамгершілік адамның тағдыры - жақын және алыс адамдарға деген жақсы сезімдерді сезіну. Адамгершілік адамның жаны басқалардың қайғысы мен қуанышына бей-жай қарай алмайды. Шәкәрім бала таза жанмен туады, туа

біткен ақаулары жоқ, өйткені жеке тұлға қалыптасқан кезде оң және теріс қасиеттер дамиды деп мәлімдеді. Философ өз еңбектерінде адамгершілік категориялары туралы ой жүгіртеді, көбінесе жағымсызға қарама-қайшы келеді және осылайша жалпы адамгершілік құндылықтардың маңыздылығын айқын көрсетеді.

Нәтижелер мен талқылау. Ойшыл жақсылық пен жамандық, сүйіспеншілік пен жеккөрушілік, жауапкершілік пен ұятсыздық, тектілік пен арамдық, адамгершілік пен малшылық, достық пен араздық, бірлік пен араздық, ақыл мен ақымақтық, сезім мен ақыл және т.б. сияқты ұғымдарға жүгінеді.

Ш.Құдайбердиевтің пікірінше, адам ең алдымен рухани кемелдікке ұмтылуы керек. Асыл мақсаттар, адал еңбек, игі істер адамның адамгершілік бейнесін қалыптастырады. Керісінше, тек «дене» мүдделерімен өмір сүретін адам деградацияға ұшырайды, ол өзіміш, кез-келген жолмен байлық пен жоғары позицияға жетуге тырысады. Бұған жол бермеу үшін ерте балалық шақтан бастап бос уақыт, мақтаныш, бос әурешілік, ашкөздік және басқа да адами жамандықтар айыпталған кезде дұрыс тәрбие қажет.

Шәкәрім Құдайбердиевтің көптеген еңбектері, соның ішінде «Үш ақиқат» еңбегі ар-ождан тақырыбына арналған. Ар-ұждан-жазушының «шындықтарының» бірі. Бұл ұғымға не кіреді? - «Мен адамның қарапайымдылығын, әділдігін, мейірімділігін олардың бірлігінде орыс сөзі - ар-ұждан деп атаймын... Бұған ешқашан сенбеген адамның жүрегін бірде-бір ғылым, бірде-бір өнер, бірде-бір жол және ешқандай заң тазарта алмайды... Бірақ, егер адам ар - ұждан жанның алғашқы қажеттілігі деп толық сендірсе, онда оның жүрегін қара және ескіретін ештеңе жасай алмайды».

Ш. Құдайбердиев ар - ожданы бар адамдар мен ар-ожданы жоқ адамдардың критерийлерін алға тартты: жақсы істер жасамайтын, қанға батқан, екіжүзділік пен мақтаныш, жеккөрушілік пен тәкаппарлық-ұятсыз және азғын адам. Ар - ұжданы жоқ адам - өлген адам, ар-ұжданның болмауы - ең қорқынышты ауру, ар-ұжданы жоқ жауыз-мал сияқты. Ар-ұжданы, ар-намысы, адамгершілігі жоқ, мал жағдайынан төмен тіршілік иелері жерде орын болмауы керек.

Адамның адамгершілігіндегі «басқа тіршілік иелерінен артықшылығы, адам қасқырдың әдет-ғұрпынан неғұрлым алыс болса, соғұрлым ол кемелді болады», «Ар-ожданшыл, ақылды адам зұлымдықты, зорлық-зомбылықты, мақтаншақтықты қабылдамайды және жасамайды».

Шәкәрім бойынша адамгершілік тәрбиесінің мақсаты адамның бойында жоғары адамгершілікті, руханиятты белсенді түрде бекітуге деген ішкі қажеттілікті қалыптастыру.

Айтылған мәселелерден шығатын жол бар ма? Дүние жүзінің алдыңғы қатарлы барлық елдерде қалыптасқан медицина қызметкерлерінің қызметтілігі және медициналық қызмет көрсетудің көлеміне байланысты атқарған еңбегіне ақы төлеудің жүйесі арқылы шығуға болатын еді. Біздің елімізде мемлекет басшысының Жолдауында аталған мәселе жан-жақты айтылған. Бірақ іс жүзінде әлі де шешімін таппауда.

Екінші жағынан, медицина қызметкерлерінің жалақысының төмен болуы олардың біліктілігінің төмендеуіне және тиісінше медициналық қызмет көрсету мен жаңа медициналық технологияны игеріп кететін мамандардың біліксіздігіне алып келуде.

Қазіргі кезде еліміздің денсаулық сақтау саласында бірқатар реформалар жүргізілуде, бірақ біздің медицина саласы ТМД мемлекеттерінің арасында әлі де көшбасшылық деңгейге жеткен жоқ. Мысал ретінде, ТМД мемлекеттері аумағында медицина қызметкерлерінің салғырттығынан сәбилердің жаппай ВИЧ/ЖҚТБ-ны жұқтыруы. Аймақтық деңгейдегі басшы: Жамбыл облыстық денсаулық сақтау басқармасы бастығының сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар деп қылмыстық істің қозғалуы, т.б.

Ең алдымен денсаулық сақтау саласына ары таза, білікті, білімді, тәжірибелі медицина қызметкерлері келсе, одан кейін олардың қызметі қоғамның алдында ашық (трансфертті) болуы шарт.

Мәселен, дамыған елдерде қоғамдағы ең жоғары бағаланатын мамандық иелері ретінде дәрігерлер және мұғалімдер саналады. Ал біздің елімізде керісінше жағдай қалыптасқанын жасырудың қажеті жоқ.

Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіби міндеттерін тиісінше орындамауының ең негізгі себебі болып өзінің тікелей кәсіптік міндетіне ұқыпсыздықпен және теріс қарау табылады. Кез келген медицина мамандығын таңдаған азамат «Гиппократ антын» қабылдайды. Ол өзінің кәсіптік міндеттерін мінсіз, адал және жауапкершілікпен атқаратындығы жөнінде ант береді. Бұл антты аталған медицина салаларының қызметкерлері не себептен бұзады. Бұл сауалға біз кең көлемде қарай отырып жауап беріп көрейік. Қазақстан Республикасында мектепті бітіріп, үлкен өмірге жолдама алатындар ҰБТ тапсырып, тест нәтижесі бойынша өзінің таңдаған мамандығына түсе алады. Мамандық таңдау барысында оқушылар өзінің қалауымен бе әлде ата-аналарының немесе

жақындарының кеңесімен кәсібін таңдай ма? Бұл мәселе де негізгі себептердің бірі болып табылады. Өйткені өз мамандығына шексіз берілген кәсіп иесінің қоғамға келтіретін пайдасы көп.

Медициналық жоғары оқу орындарында ақылы (коммерциялық) топтардың болуы да білім сапасына әсер етеді. Әрине, нарықтық экономикалық қатынастар болғаннан кейін ақылы топтардың болуына ешкім де тыйым сала алмайды. Бірақ денсаулық ең жоғары құндылық екенін ескере отыра, біздің ойымызша, медицина жоғары оқу орындарында ақылы топтар шамалы болса. Медицина мамандығына мемлекет тарапынан жақсы оқыған талапкерлер түсу үшін гранттар көптеп бөлінсе дұрыс болар еді.

Бұл жоғары оқу орындарының ғылыми-техникалық базасы әлемдік стандарттарға жауап беретін деңгейде жасақталғаны жөн. Біздің медициналық білім беретін жоғары оқу орындарында жаңа технологияны игеріп, білім беретін ұстаздар тым аз. Еліміздің жоғары оқу орындарын тамамдаған медицина қызметкерлері әлемнің кез келген елінің медиктерімен барлық салада бәсекелесе алатын жағдайда болуы тиіс. Әсіресе соңғы кезде нанотехнология, жаңа медициналық аппараттар немесе қондырғыларды игеруде әлемнің кез келген бұрышындағы әріптестерінен қалыс қалмауы қажет.

Медицина жоғары оқу орындарын бітірген түлектер аймақтарға, алыс ауылды мекендерге барып тұрақтаған кезде олардың әлеуметтік жағдайы сол өңірдегі ең жақсылардың қатарында болуы тиіс. Аталынғандар жүзеге асырылғаннан кейін ғана, біз, дәрігерлердің кәсіби біліктілігін талап ете аламыз.

Медицина қызметкерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауының салдарынан басқа адамға АИТВ / ЖҚТБ жұқтыру қылмысының себептері әртүрлі. Бұл сырқаттың үш түрлі жолмен жұғатындығына жоғарыда тоқталып кеттік.

АИТВ / ЖҚТБ-ны парентералды (қан және оның құрамдас компоненттерін құю кезінде) жұқтырудың себептері ретінде әртүрлі жағдайлар болуы мүмкін. Оңтүстік Қазақстан облысындағы сәбилердің АИТВ індетін жұқтыруға байланысты тергеу барысындағы дерттің балалар арасында жаппай таралуының басты себебі мынадай жағдайларда туындағаны анықталды:

- залалсыздандырылмаған медициналық аспаптарды пайдаланудың нәтижесінде аурухана ішінде инфекцияның таралуы,
- балалар ауруханаларындағы тазалықтың (гигиеналық) қарапайым ережелерінің сақталмауы;
- медицина қызметкерлерінің өз міндеттеріне деген салғырттығы, балалардың күретамырына дұрыс залалсыздандырылмаған катетер инелерін пайдалану;
- қан құю кезінде «бір донор - бір реципиент» деген қағиданы ұстанбай, бір құтыдағы қан және оның құрамдас компоненттерін бірнеше балаға құю, медициналық құрал-жабдықтарды пайдалану ережесін сақтамау;
- құюға жарамсыз қанды және қанның құрамдас компоненттерін пайдалану;
- тиісті ведомствалық бақылаудың болмауы, облыстық денсаулық сақтау мекемелерінің басшыларының өз міндеттеріне салғырт қарауы, олардың өз қызметтерін адал атқармауы дер кезінде әрекет етіп, осы індеттің шыққан ошағын анықтап, оны жою мақсатында шара қолданбауына байланысты [9].

Бұл жерде аталған қымыстың ең негізгі себебі ретінде медицина қызметкерлерінің өзінің кәсіптік міндеттеріне теріс және салғырттықпен қарау нәтижесі екендігі белгілі болып отыр. Сол себепті жоғарыда айтып өткеніміздей, медицина қызметкері атанғысы келетін мектеп бітіруші түлектерге талапты күшейту қажет. Республика бойынша қан құю орталықтарын әлемдік стандарттарға сәйкес жабдықтап, олардың қызметіне бақылауды күшейту керек. Денсаулық сақтау мекемелерінің басшылық қызметіне лауазымды тұлғаларды тағайындау кезінде, олардың бірінші кезекте кәсіптік біліктілігіне тікелей назар аударылуы тиіс.

Қылмыс жасауға әсер ететін жағдайлар деп (оларды сонымен бірге қылмыстық

нәтижеге жетуге әсер ететін мән-жайлар деп те атайды) криминологияда қылмыстарды тікелей туындатпайтын, бірақ олардың болуы адамның қылмыс жасауға деген пиғылының пайда болуына әсер етуі мүмкін нақты шынайы фактілер айтылады [10, 76-6.].

Бұл нақты шынайы фактілер қылмыстылықтың нақты көрінісіне жатқызыла отырып, қоғамдық қатынастардың әртүрлі салаларында және қоғамдық, мемлекеттік механизмінің қызметінен көрінеді. Ұйымдастырушылық-техникалық саласындағы, құқықтық тәртіпті қорғауға байланысты және т.б. кемшіліктер. Сонымен қатар әртүрлі мемлекеттік органдар мысалы қылмыстылықпен күресуді ұйымдастыруға байланысты полиция, прокуратура, әділет, сот органдарының жұмысындағы кемшіліктер. Өзінің аумағындағы құқықтық тәртіпке жауапты жергілікті және басқа да билік органдары, әкімдер қызметіндегі кемшіліктер. Кемшіліктерді бақылаушы органдар, ең алдымен қаржы, салық және басқа да органдар жұмысында болуы мүмкін.

Тәжіриелік бөлім. Медицина саласындағы қылмыстылықтың жағдайларына жоғары тұрған денсаулық сақтау ұйымдары басшыларының қылмысты тікелей жасаған медицина қызметкерлерін бақыламауы, оған медицина қызметкерлерінің жең ұшынан жалғасқан сыбайлас-кәсіби корпоративтілік жатады. Сол себепті көптеген қылмыстық жағдайлар тергеу және сот органдарының қарауынан тыс қалады. Ең алдымен, заңдардың соның ішінде медицина, денсаулық сақтау саласындағы заңдардың жетілмегендігі. Қоғамдық үдерістер медицина қызметі саласындағы жаңа заңдардың, «Медициналық көмек сапасын бағалау және қамтамасыз ету туралы», «Міндетті медициналық сақтандыру туралы», «Ғылыми медициналық эксперимент», т.б. денсаулық сақтау саласындағы заңдардың негізінде, «Денсаулық сақтау жүйесі және халық денсаулығы туралы кодекс» және т.б. заңдар халықаралық нормалармен стандарттарды ескере отырып қабылданды.

Медицина қызметкерлерінің өздерінің арасында да құқықтық сауаттылығы төмен. Бұқаралық ақпарат құралдарында құқықтық және медициналық ілімдер насихатталуы жеткілікті дәрежеде емес.

Сонымен бірге қоғамымызды жегідей жеген сыбайлас жемқорлық та денсаулық сақтау саласын айналып өте алмады. Оның себептері мен жағдайларына жоғарыда аздап болса да тоқталып кеттік. Еліміздің денсаулық сақтау жүйесіндегі көптеген келеңсіздіктер осы жағымсыз құбылыспен байланысты.

Жеке тұлға мәселесі философтар, әлеуметтанушылар, психологтар, моралистердің назарын ерекше аударуда. Оған деген назардың артуы біздің елімізде адам тұлғасын бағалаудың бірінші орынға шыққандығымен түсіндіріледі.

Жеке тұлға категориясын кез келген бір ғылымның шеңберінде анықтау мүмкін емес. Адам ғылымының жекелеген салаларымен тұлғаны зерттеу - тек мәселені жекелей шешу.

Бұл өте күрделі, жан-жақты ғылым саласы, қай уақытта болмасын зерттеуді талап ететін шексіз мәселе. Альберт Эйнштейн айтқан: «Адам жайлы ғылым әлі күнге дейін жөргекте жатыр», - деген пікірімен қазіргі уақытта келіспеске болмайды.

Адам көптеген ғылымдармен педагогикамен, медицинамен, биологиямен, этикамен, әлеуметтанумен, құқықпен, философиямен және т.б. зерттелуде. Бірақ әр ғылым оны өзінше зерттейді.

Жеке адам тұлғасы жөнінде: егер ол қылмыс жасаса, яғни қылмыстық заң тұрғысынан қылмыс субъектісі болса, оны қылмыскер тұлғасы деп айтуға болады. Қылмыскердің тұлғасы қылмыс жасамаған адамның тұлғасынан қоғамға қауіптілігімен ерекшеленеді. Қылмыскердің тұлғасы криминогенді қажеттіліктер, мүдделер, эмоционалды-еріктілік деформациялары және мотивациялары түріндегі жеке тұлға қасиеттерінің жүйесін білдіреді, олар өз кезегінде тиісті қылмыстық мінез-құлықты тудырады.

Қылмыстық құқыққа қатысты «қылмыскердің тұлғасы» ұғымының мазмұнын жеке тұлға жөніндегі философияның жалпы теориялық ережелерін ескермей отыра ашу мүмкін емес.

Бұл мәселеге байланысты маркстік философия мынадай қорытындыға келеді, «тұлға-бұл қоғамдық тарихи категория. Адам тұлғасының, оның тұрмысының заңдылығының шынайы мәні осында».

Адам өзінің психологиялық табиғатына неғұрлым сәйкес келетін әлеуметтік ортаны таңдайды және игереді. Әр индивид тұлға ретінде өмір сүріп отырған қатынастардың өнімі ғана емес, өзінің дамуы және санасының өнімі.

Қылмыскердің тұлғасын түсіну үшін бірқатар арнаулы сауалдарды шешу қажет, соның ішінде:

1) қылмыс жасаған адамдардың барлығын зерттеу керек пе немесе олардың бір бөлігін ғана зерттеу қажет пе?;

2) қылмыскердің тұлғасының қандай жақтарын және ерекшеліктерін зерттеу қажет?

Қылмыскерлерге жеке, эгоистік белгілер, басқа адамдардың мүдделерімен, қоғамдық мүддемен санасқысы келмейтіндік қасиеттер тән. Олар құқық және мораль талаптарына жағымсыз қарайды немесе осы қатынасты ашық көрсетеді әлде оны мүқият жасырады.

Қылмысты жасау адам қылмыскер болып танылды дегенді білдіреді. Оның қоғамдық қауіптілігін бағалау үшін оның орындап жатқан әрекеттерінің ішінде әлеуметке қарсы әрекет - қылмысты жасау қандай маңызды орында тұрғандығын білген жөн.

Қылмыстық-құқықтық аспектіде қылмыскердің тұлғасын зерттеу міндеті ретінде адамды сипаттайтын қасиеттерін талдаудан, сондай-ақ жазаны тағайындауға қатысты тұлғаның жеке қасиетінің барлық жиынтықтарын анықтаудан тұрады.

Қылмыскерлердің тұлғасын жан-жақты зерттеу:

1) оның жасаған қылмысының себебін анықтау;

2) қылмыстық жауаптылыққа тарту жөніндегі мәселені шешу;

3) жазаны тағайындаудың жалпы негіздерін анықтау;

4) жазаны өтеудің және одан босатудың шарттарын анықтау үшін қажет.

Қылмыскер тұлғасының типологиясын топтастыру әртүрлі негіздер бойынша жүргізіледі. Солардың ішінде негізгі психологиялық белгілер әлеуметке және қоғамға қарсы бағытталған топтарды атап кетуге тиіспіз. Тұлғаның әлеуметке қарсы бағыттағы типологиялық белгілеріне жататындар:

а) басқа адамның тұлғасына және оның маңызды игіліктерге негативті-немқұрайлы қарау;

ә) пайдакүнемдік және эгоистік көзқарастар;

б) жалпы қабылданған қоғамдық құндылықтарға ерекше арсыздықпен қарау;

в) өзінің міндеттеріне және заңмен қорғалған әлеуметтік құндылықтарға жеңіл ойлықпен жауапсыздықпен қарау [11, 60-6.].

Типологиялық шешім қабылдаудың негізі қылмыскерлер тұлғасының қасиеттерінің негізгі өзіндік ерекшелікті модификациялары, сондай-ақ абайсыз қылмыстар механизмінің және мотивациясының ерекшеліктері болуы тиіс деп айтқан пікірін қолдайды. Бұл абайсызда қылмыс жасағандарды жеңілоялы-жауапсыздықпен және немқұрайлылық-жауапсыздықпен қарайтын қылмыскерлер деп бөлуге мүмкіндік береді. Бірінші типтегілерге өзіне-өзі сенімділікпен саналы түрде қарай отырып қылмыс жасайтын адамдар жатқызылды. Олардың мінез-құлқының ниетіне бұзақылық немесе пайдакүнемдік пиғылдар, жол қозғалысы ережесіне немқұрайлылықпен қарау тән. Немқұрайлылық-жауапсыздықпен қарайтындар криминогенді жағдайда әлде психологиялық немесе психофизикалық кемшіліктердің ықпалымен абайсызда қылмыс жасайды. Олардың ниеті өндірістік-қызметтік құзыретті жүзеге асыруға байланысты туындайды. Сонымен қатар олар зиянды зардаптарды тойтару үшін интеллектуалдық, еріктілік, тәндік күш-жігерлерінің белсенділігін жетілдірмейді (интеллектуалдық, эмоционалды немесе тәндік жалқаулық) [12, 27-28-б.].

Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіптік қызметін тиісінше орындамауына байланысты қылмыстар, негізінен, кәсіптік қызметін атқаруға байланысты

жүзеге асырылатындықтан осы екінші типке жатады. Қылмыстың субъектісі ретінде жауаптылыққа тарту жөніндегі мәселені шешу, жазаны тағайындау және оны орындау барысында қылмыскердің тұлғасы әртүрлі маңызға ие.

Айтылғандарға байланысты қылмыс субъектісінің тұлғасын сипаттайтын мән-жайларды зерттеу осы институттардың әрқайсысына қатысты жүргізілуі тиіс, сондай-ақ алдын ала олардың мазмұны тағайындалуы және өзара қатынасының анықталуы қажет. Қылмыскердің тұлғасын зерттеу құқықтық негіздерде, яғни заң бойынша қылмыстың субъектісі болып танылатын жеке тұлға зерттелуі тиіс.

Сот тәжірибесі, статистикалық және криминологиялық зерттеулер көрсеткеніндей, қылмыс жасаған медицина қызметкерлерінің ішінде ер адамдарға қарағанда әйелдер үлесінің көп екендігін анықтаған. Негізінен мұны медицина мамандықтарын қыз балалардың көбірек мамандық ретінде таңдап, осы салада қызмет атқаратындығымен түсіндіруге болады.

Қылмыстық жауаптылыққа тартылған медицина персоналдарының көпшілігі жоғары білімді, арнайы санаттары бар, отбасылы және қолайлы ортадан шыққан. Аталған сала қызметкерлерінің көпшілігіне жұмыс орнынан жақсы мінездеме берілген, өзінің айналасындағы басқа да медицина персоналдарынан ешқандай айырмашылығы жоқ. Қылмысты олардың көпшілігі материалдық жағдайының төмен болуына және кәсіптеріне салғырттықпен қарауына байланысты жасаған.

Кәсіптік қызметін тиісінше орындамаған медицина қызметкерлерінің тұлғасын зерттеу кезіндегі мәліметтерден анықталғанындай, олардың қылмыс жасаған кездегі жас аралығы 35-55-ті құраған, яғни медицина персоналдарының өмірлік тәжірибесі бар, кәсіби шыңдалғандығын байқауға болады.

Олардың ішінде бойдақтардың үлесі аз. Лауазымды медицина қызметкерлері де кездеседі, атап айтқанда, Оңтүстік Қазақстан облысы денсаулық сақтау мекемелерінің басшылары. Мінез-құлықтары жағынан медицина қызметкерлері ұстамды, салиқалы, кейбірі тіпті тұйық болып келеді [13].

Зерттеу әдістері. Медицина қызметкерлерінің кәсіптік қызметін орындамауына байланысты туындайтын қылмыстарын сақтандыру мәселесін қарастырмастан бұрын, аталған термин ұғымын жан-жақты аша кетсек.

Криминологиялық әдебиетте қылмыстардың алдын алу қызметін нақтылау үшін бірнеше терминдер «алдын алу», «сақтандыру», «тойтару», «Бұлтартпау», «превенция» және басқалары қолданылады. Бірқатар жағдайларда Бұл ұғымдар олардың еркше мазмұнын бөліп көрсете отырып айырады, басқасында ұқсас термин ретінде қолданылады.

Бұл ұғымдар белгілі бір дәрежеде бірін-бірі толықтыра отырып, келесідей мазмұнды білдіреді:

- қылмыстылықтың және қылмыстың алдын алу, яғни Бұл ұғымдарды жалпы әлеуметтік деңгейде қылмыстылыққа және оның типтеріне жол бермеуіне қатысты қолдануға болады;

- ниеттің пайда болу сатысында қылмысты тойтару, de facto (фактілі) қылмыс басталған кезде (ойланып жатқан қоғамға қауіптіліктің дәрежесіне байланысты емес, Бұл сатыда қылмыстық жауаптылық туындамайды) de jure (құқықтық) жағынан әлі жоқ деген ұғымды білдіреді;

- іс-әрекетпен оның салдарына, бір қылмыстан басқасына жалғаспалы және ұзартылған қылмыстарға дейін дайындалу, оқталу сатыларындағы қылмыстық іс-әрекетті Бұлтартпау [14, 55-6.].

Қылмыстардың алдын алу - құқықпен қорғалатын құндылықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әлеуметтік басқарудың ерекше түрі және қылмыстардың себептерін, оны жасауға әсер ететін жағдайларды алдын алуға және жоюға мақсатты бағытталған шаралар жүйесін әзірлеу және жүзеге асыру, сондай-ақ мінез-құлқы құқыққа қайшы іс-әрекетті жасауға бейім адамдарға ескерту [15,27-6.].

Криминологиялық еңбектерде қылмыстардың алдын алудың (превенция) дәрежесі және түрлері мәселелеріне байланысты екі түрлі көзқарас кездеседі. Алғашқылардың пікірлерінше, екі деңгей бар: жалпы әлеуметтік және қоғам. Тұлғаның, топтардың деңгейінде қылмыстардың себептеріне және жағдайларына тікелей бағытталмаған және аралас әрекет ететін жалпы, арнаулы емес қылмыстардың алдын алуының шаралары кешенінен тұрады. Сондай-ақ қылмыстардың себептеріне және жағдайларына тікелей бағытталған - арнаулы криминологиялық, олар өз кезегінде екі түрге бөлінеді:

1) жалпы алдын алу, негізінен қылмыстық мінез-құлықтың шағын ортасына бағытталған, яғни жеке басқа ешкімге тікелей бағытталмаған;

2) жеке алдын алу қылмыс жасауы мүмкін жеке адамға қатысты жүзеге асырылады.

Қылмыстылықтың алдын алу иерархиялық жағынан өзара байланысты міндеттерден тұрады. Олардың біріншісі - толықтай алғанда қылмыстылықтың динамикасына, құрылымына және себептеріне профилактикалық әсер ету (әлеуметтік профилактика). Екінші - қылмыстылық мінез-құлықтың түрлерін және нысандарын ескерту, қоғамдық өмірдің белгілі бір салаларын сақтандыру, жекелеген әлеуметтік топтардағы адамдардың қылмыстарының алдын алу (криминологиялық профилактика). Үшінші міндетті – жекелеген адамдардың жасаған қылмысын ескерту (жеке криминологиялық профилактика).

Екінші позицияны ұстанатындар үш деңгейді бөліп көрсетеді:

1) жалпы әлеуметтік, яғни бүкіл қоғамның шегінде жүзеге асырылады;

2) топтық, тұрмыстық топтарға, еңбек ұжымдарына, формалды емес бірлестіктерге бағытталған, мысалы «жиындар» және формалды бірлестіктер (партиялар, сотталғандарға жәрдемдесу қоғамы және тіркелген өзінің жарғысы болуы шарт, т.б.), қылмыскерлердің топтары, басқа да осындай мақсаттарда құрылған топтар;

3) әлеуметтік.

Сондықтан жалпы профилактикалық шаралар жүйесіне әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, құқықтық, әлеуметтік-мәдени, техникалық және басқалары кіреді.

Жалпы алдын алу жүйесінде құқықтық шаралар маңызды орын алады, олар: құқықтық тәрбиелеу, денсаулық сақтау саласындағы құқықтық білімді насихаттау. Бұл бағыттағы мақсатты жұмыстар нормативті актілерді әзірлейтін барлық мемлекеттік органдарға, министрліктерге және ведомстволарға жүктеледі.

Жалпы және арнаулы алдын алу шараларын тәжірибелік жағынан жүзеге асыру әртүрлі жолдармен жүзеге асырылады.

Қылмыстылықтың жалпы алдын алуда қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани салаларын сауықтыруға байланысты шаралар жатқызылады. Субъектілері ретінде әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдар, азаматтық қоғамның институттары танылады.

Қылмыстылықтың арнаулы алдын алуға қылмыстылықты жасауға әсер ететін себептер мен жағдайларды жоюға байланысты шаралар, сондай-ақ қылмыстарды Бұлтартпау, тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын жүзеге асыру, сол немесе басқа да адамның мінез-құлқын ұжымда талқылау, соттардың, прокурорлардың, тергеушілердің, полиция қызметкерлерінің жаппай түсіндіру жұмыстары жатқызылады.

Өзінің сипаты бойынша алдын алудың арнайы шараларын келесідей түрлерге бөлуге болады:

1) прокурорлық немесе жалпы қадағалау;

2) шұғыл (немесе жедел-іздістіру);

3) процессуалдық;

4) ғылыми-техникалық (криминалистік);

5) ұйымдастырушылық;

6) қоғамдық [16, 380-б.]. Бұл қызметтің субъектілері – прокуратура, соттар, ішкі істер органдары.

Жеке тұлғаға қатысты жүзеге асырылатын жеке алдын алу шаралары - осы тұлғаның және оның мінез-құлқының ішкі жағымсыз белгілерін бейтараптандыратын немесе жоятын әлеуметтік құрал.

Қылмыстылықпен күресу келесідей үш жүйенің бірлігі: күресуді жалпы ұйымдастыру, қылмыстылықтың алдын алу және құқық қорғау қызметін көрсететін күрделі жүйелік қызметтен тұрады [16 380-6.].

Қылмыстылықпен күресу - көпжақты маңызға ие ұғым және тәжірибелік жағынан түсінікті ұғым. Қылмыстылықпен күресу ұғымы ғылыми ортада да, тәжірибелік қызметкерлердің арасында да кеңінен тараған және ешқандай елеулі түсініспеушіліктер туындатпайды [17, 36-6.].

Денсаулық сақтау саласындағы бағдарламаларды, концепцияларды әзірлеу барысында мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың, парламент депутаттарының, денсаулық сақтау жүйесінің білікті мамандарының, заңгерлердің, экономистердің іс-әрекеттерін үйлестіре отырып жұмыс жүргізілсе, осы тұрғыдағы қылмыстылықтың алдын алуда оңтайлы жол болар еді.

Ерекше назар АИТВ/ЖҚТБ ауруын алдын алуға бағытталуы тиіс. Әртүрлі мамандықтағы медицина қызметкерлері аталған індеттің таралмауы үшін халықтың жалпы денсаулығының жай-күйін, қоршаған ортаның, ауыз судың, тамақ өнімдерінің, медикаменттердің тазалығын тексеріп, олардың сапасына жауап береді.

Нәтижелер мен талқылау. Бұл қылмыстар көбіне медициналық фармацевтикалық қызметкерлермен кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде жасалады, зерттеліп отырған барлық құқық бұзушылықтар жасалуы жағынан ұқсас, ол өз кезегінде ережелерді сақтамау және медицина саласындағы стандарттардан ауытқу, қылмысты жасыру әдістерінің біркелкілігі, яғни іс-қимылдың көрсетілу тетіктерін және қалыптасатын және тексерілетін жағдайлардың ұқсастығы айқындалған.

Криминологияда қылмыстылықтың алдын алудың субъектілеріне кең тұрғыдан барлық мемлекеттік және қоғамдық институттар, өзінің қызметімен қылмыстылықтың алдын алуға ықпал ете алатын азаматтардың бірлестігі жатады. Осы субъектілер аталған мақсаттар үшін арнайы құрылған өздерінің құзыреттері және өкілеттіктері арқылы криминологиялық алдын алу шараларын жүзеге асырады.

Көрсетілген субъектілер әртүрлі негіздер бойынша топтастырылады. Біріншісі - тікелей қылмыстың жеке профилактикасын жүргізетін субъектілер. Екінші топ - өздерінің бақылау және құқық қорғау құзыреттерін атқару барысында алдын алу шараларын жүзеге асыратын субъектілер. Үшінші топты қылмыстардың алдын алуға байланысты іс-әрекетке басшылық жасайтын немесе үйлестіретін субъектілер құрайды [18, 109-6.].

Тікелей қылмыстың жеке профилактикасын жүргізетін субъектілер: отбасы, еңбек және оқу ұжымдары, азаматтар немесе қоғамдық өзін-өзі басқаратын органдардың бірлестігі, сондай-ақ құқық алдын алуға құрылымдар.

Бұл субъектілер адамның өмір сүру жағдайларына және тәрбиесіне тікелей ықпал ете отырып, криминогенді жағдайды төмендетеді, қоғамға қарсы әрекеттердің қоғамға қауіпті іс-әрекетке айналып кетпеуінің алдын алады, олардың себептерін және шарттарын анықтайды, жояды, қылмыстардың қайталануының болуына жол бермейді.

Құқық қорғау құзыреттерін атқару барысында алдын алу шараларын жүргізетін субъектілерге бірінші кезекте сот, прокуратура, ішкі істер органдары жатқызылады.

Сот органдары қылмыстық істер жүргізу заңдарында белгілентен өздерінің міндеттеріне және процедураларына сәйкес тек үкім шығарып, істің тағдырын шешу ғана емес, сондай-ақ қылмыстардың себептерін, оларды жасауға әсер ететін жағдайларды анықтап, оларды жою үшін шаралар қабылдауы тиіс.

Қорытынды. Медициналық құқық бұзушылықтар, медициналық көмек көрсету саласындағы медицина қызметкерлерінің және басқа да тұлғалармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың мамандандырылған түрлері.

Медициналық құқық бұзушылықтар құрамының элементтеріне талдау жүргізу қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылық түрлерін тергеу барысында белгілі болатын жағдайларды анықтау кезінде маңызды болып табылатын қылмыстың құрылымын, объектін, затын, объективтік тараптарын, субъективтік тараптарын және қылмыстың орын алу салдарын анықтаудағы ерекшеліктердің болуын түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.09.2022 г.) Алматы: Юрист, 2022. 44 с.
2. Послание Президента Республики Казахстан - Н.А.Назарбаева Народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства» (Астана, 14 декабря 2012 года)
3. Государственная программа развития здравоохранения Республики Казахстан «Денсаулық» на 2016-2019 годы [Электронный ресурс]: <https://www.enbek.gov.kz/ru/node/332663>
4. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Особенная часть (том 2). Алматы: Жеті Жарғы, 2015. 1120 С.
5. Гишинский Я. Понятие преступности в современной криминологий // Предупреждение преступности. 2005. №1. С. 28-34.
6. Савюк Л.К. Правовая статистика. Москва. Юрист, 1999. 590 с.
7. Криминология: Учебник. 2-е изд / под ред.: И.Ф. Кузнецовой, В.В. Лунева. Москва. Волтерс-Клубер, 2005. 630 с.
8. Қылмыстық істі қозғаудан бас тарту ісі №13285856 / Астана қалалық прокуратурасының материалдары. 2007. 23 б.
9. Мыңжасарқызы Д.А. Бәрі де тексерілді, анықталды // Түркістан. 2007.
10. Криминология. Москва. Юрист, 1997. 512 с.
11. Четвериков В.С Криминология и профилактика преступлений. Москва. Форум-Инфра, 2006. 128 с.
12. Бакишев К.А. Борьба с неосторожной преступностью в Республике Казахстан (криминологические и уголовно-правовые проблемы): автореф. дисс. д-ра юрид. наук. Караганда, 2008. 55 с.
13. Үкім / Шымкент қалалық Әл-Фараби аудандық сотының Архиві. 2007. 155 б.
14. Старков О. Основы теории профилактики в криминологии // Предупреждение преступности. 2006. №4. 55
15. Алауханов Е.О., Зарипов З. Профилактика преступлений: учебник. Алматы: Заң әдебиеті, 2008. 375 с.
16. Гельфер М.А., Гриишев Советская криминология. Москва. Изд-во Всесоюзный юридический, 1967. 120
17. Криминология: учебник для вузов. 3-е изданис / под общ. ред, д-ра.н. проф. А.Н. Долговой. Москва. Норма, 2005. 900 с.
18. Миндагулов А.Х. Борьба с преступностью как управленческий процесс // Предупреждение преступности. 2001. С. 36-42.

Referens list:

1. Konstitutsiya Respubliki Kazakhstan (prinyata na respublikanskom referendume 30 avgusta 1995 goda) (s izmeneniyami i dopolneniyami po sostoyaniyu na 02.09.2022 g.) Almaty: Yurist, 2022. 44 s.
2. Poslaniye Prezidenta Respubliki Kazakhstan - N.A.Nazarbayeva Narodu Kazakhstana «Strategiya «Kazakhstan-2050»: Novyy politicheskyy kurs sostoyavshegosya gosudarstva» (Astana, 14 dekabrya 2012 goda)

3. Gosudarstvennaya programma razvitiya zdavookhraneniya Respubliki Kazakhstan «Densaulyk,» na 2016-2019 gody [Elektronnyy resurs]: <https://www.enbek.gov.kz/ru/node/332663>
4. Borchashvili I.SH. Kommentariy k Ugolovnomu kodeksu Respubliki Kazakhstan. Osobennaya chast' (tom 2). Almaty: Zheti Zhargy, 2015. 1120 S.
5. Gilinskiy YA. Ponyatiye prestupnosti v sovremennoy kriminologiy // Preduprezhdeniye prestupnosti. 2005. №1. S. 28-34.
6. Savyuk L.K. Pravovaya statistika. Moskva. Yurist, 1999. 590 s.
7. Kriminologiya: Uchebnik. 2-ye izd / pod red.: I.F. Kuznetsovoy, V.V. Luneyeva. Moskva. Volters-Kluber, 2005. 630 s.
8. Kilmıstıq isti kozgudan bas tartu isi №13285856 / Astana kalalıq prokuraturasının materialdarı. 2007. 23 b.
9. Mınıasarqızı D.A. Bari de tekserildi, anıktaldı // Turkistan. 2007.
10. Kriminologiya. Moskva. Yurist, 1997. 512 s.
11. Chetverikov V.S Kriminologiya i profilaktika prestupleniy. Moskva. Forum-Infra, 2006. 128 s.
12. Bakishev K.A. Bor'ba s neostorozhnoy prestupnost'yu v Respublike Kazakhstan (kriminologicheskiye i ugolovno-pravovyye problemy): avto-ref. diss. d-ra yurid. nauk. Karaganda, 2008. 55 s.
13. Ukim / Shımkent kalalıq al-Farabi audandık sotının Arhivi. 2007. 155 b.
14. Starkov O. Osnovy teorii profilaktiki v kriminologii // Preduprezhdeniye prestupnosti. 2006. №4. 55
15. Alaukhanov Ye.O., Zaripov Z. Profilaktika prestupleniy: uchebnik. Almaty: Zaң әdebiyetı, 2008. 375 s.
16. Gel'fer M.A., Griishev Sovetskaya kriminologiya. Moskva. Izd-vo Vsesoznyn yuridichsskiy, 1967. 120
17. Kriminologiya: uchebnik dlya vuzov. 3-ye izdanis / pod obsh. red, dyu.n. prof. A.N. Dolgovoy. Moskva. Norma, 2005. 900 s. 18. Mindagulov A.KH. Bor'ba s prstupnostyo kak uprailenchsskiy protsss// Preduprszhdeniye prstupnosti. 2001. S. 36-42.

Аннотация: Последнее десятилетие в развитии медицины характеризуется созданием высокоэффективных лекарственных препаратов и методик ранней диагностики и лечения, которые являются несомненным благом, но при этом порождают большую угрозу, связанную с возросшей опасностью - причинения вреда пациенту в процессе оказания медицинской помощи. В статье рассмотрены положения направлены на углубление, обогащение и конкретизацию методики расследования рассматриваемых уголовных правонарушений с учетом особенностей таких криминалистических категорий, как криминалистическая характеристика преступления, типичные следственные ситуации и особенности проведения отдельных следственных действий с учетом специфики объективных признаков рассматриваемой категории уголовных правонарушений.

Ключевые слова: медицинские уголовные правонарушения, заболеть, медицинские работники, клинические исследования, лекарственная продукция, здравоохранение, здоровье.

Abstract: The last decade in the development of medicine is characterized by the creation of highly effective drugs and methods of early diagnosis and treatment, which are undoubtedly a boon, but at the same time pose a great threat associated with the increased risk of harm to the patient in the process of medical care. The provisions contained in the work are aimed at deepening, enriching and concretizing the methods of investigation of the criminal offenses in question, taking into account the peculiarities of such criminalistic categories as the criminalistic characteristics of the crime, typical investigative situations and the peculiarities of certain investigative actions, taking into account the specifics of the objective features of the category of criminal offenses under consideration

Keywords: medical criminal offenses, getting sick, medical workers, clinical research, medicinal products, healthcare, health.

ӘОЖ: 343. 01

<https://orcid.org/0000-0003-2458-4373>

<https://orcid.org/0000-0002-6088-0615>

<https://orcid.org/0000-0001-5610-6881>

¹Нуртазин Е.К.*, ¹Абутаева С.Б., ²Муратаев С.А.

¹заң ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

³заң ғ.к., доцент, Ташкент мемлекеттік заң университеті, Ташкент, Өзбекстан

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҮСІНУ КОНТЕКСТІНДЕГІ ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Автор-корреспондент: nurtazin167@mail.ru

Түйін. Өркениет тарихы жүздеген құқықтық теорияларды біледі. Құқықтық теориялар адамзат мәдениетін жаулап алу, құқық феноменін шешу болды. Құқықтық доктриналар тәсілдердің, бағалаудың, нәтижелердің алуан түрлілігін көрсетеді. Құқық туралы барлық идеялар жалпы негізге негізделген: адамдар үшін құқық әрқашан қоғамдағы белгілі тәртіп болды. Құқықтың мазмұны деп оның әлеуметтік сапасы, сол немесе басқа әлеуметтік қабаттарға қызмет етуі түсініледі. Заң қайшылықтарды жою, әлеуметтік ымыраға жету арқылы қоғамдағы тәртіпті қамтамасыз етеді. Заңның қызмет етуі қоғамның әр түрлі топтарының ортақ келісілген мүдделерін білдіреді; құқық мәні қоғамдық келісім, ымыраға келу болып табылады. Құқық үш нысанда бар және қызмет етеді: құқықтық идеялар (құқықтық сана), құқықтық нормалар және заңмен реттелетін қоғамдық қатынастар. Осы сипаттамалардың барлығы Қазақстанда әділетті мемлекет құруға «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын дамыту мәселесіне тікелей әсер етеді.

Кілт сөздер: құқық, мемлекет, заң, құқықтық түсінік, заң шығару, кодекс; басымдылық, норма, адам құқықтары.

Кіріспе. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділеті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауында заң үстемдігін қамтамасыз ету міндеттері қойылды. [1]. Осыған байланысты құқықтану мен құқықтық түсінуді дамытудың белгілі тәсілдерін қайта қарау және сәйкесінше құқықтың үстемдігін қамтамасыз ету жолдарын іздеу маңызды болып табылады. Бұл тұрғыда тұтастай алғанда құқықтық жүйенің мәселелерін және атап айтқанда құқықтың өзін қарастыру өте қисынды болып көрінеді.

Құқықтық жүйенің мәселелерін – оның тұжырымдамалық-категориялық аппаратын, құрылымдық ұйымын, ішкі және сыртқы қатынастарын, қоғамдағы орнын, қоғамның өмір сүруі мен дамуының маңызды факторы ретіндегі рөлін ғылыми зерттеу әрқашан өзекті болып табылады.

Құқықтық жүйе-бұл құқықтық мемлекет құрудың және азаматтық қоғамның, өкілді демократия мен саяси плюрализмнің қалыптасуының шарты және салдары.

«Құқықтық жүйе» категориясы, оқу әдебиеттерінде қалыптасқан дәстүрге қайшы, құқықтық саладағы сыртқы процестерді салыстырмалы түрде сипаттау үшін ғана емес, сонымен бірге жаһандану кезеңінде өзгеріп отыратын жағдайларда ерекше маңызды ішкі құқықтық процестерді зерттеу үшін де белсенді қолданылуы керек. Өйткені, құқықтық жүйе мен құқықтық мемлекет біртұтас және әр түрлі, екіұшты және қарама-қайшы қатынастардан тұрады, өзара әрекеттеседі және біртұтас жүйе ретінде де, бір-бірінің ішкі жүйелері ретінде де жұмыс істейді.

«Қолданыстағы құқық» заң тұжырымдамасының санаты Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясымен заң шығару процесіне және құқық

қолдануға енгізілді және нормативтік құқықтық актілердің нақты жіктелуіне, беделдің өсуіне және бүкіл әлеуметтік-нормативтік массивтегі Конституция мен мемлекет заңдарының басым және негізгі реттеуші рөлін күшейтуге ықпал ету үшін енгізілді.

Теориялық талдау. «Қолданыстағы құқық» категориясын түсіну тәуелсіз мемлекеттің құқығын оның архитектурасы бойынша дәстүрлі түрде континенттік құқықтық отбасының романдық тобына жататын «бұрынғы» құқықтың объективті сабақтастығы жағдайында дамыту шындығынан туындауы мүмкін емес.

«Қолданыстағы құқық» категориясы-жалпылаудың өте жоғары деңгейіндегі құқықтану ұғымы. Сондықтан оны ашу қолданыстағы құқықтың ғылыми анықтамасын шығарып қана қоймай, сонымен қатар құқықтық білім беру мен заң шығару процесінде көптеген құқықтық актілер мен нормаларды иерархиялауға мүмкіндік беретін тиісті әдіснаманы ұсынады. Осы Конституциялық категорияны ресми түсіндіру кезінде Конституциялық Кеңес жүйелі тәсілмен жұмыс істегені кездейсоқ емес («қолданыстағы құқық «оны» заңды субъектілер белгіленген тәртіппен қабылдаған нормативтік құқықтық актілерде қамтылған нормалар жүйесі» деп анықтайды [2], өйткені ол қолданыстағы құқықты талдауға мүмкіндік береді, фрагментті емес немесе оны өте кең болса да, бөлек алынған сегмент нормативтік құқықтық актілер түрінде, бірақ ең алдымен қолданыстағы заңды нақты жүйе ретінде, құқықтық табиғат пен иерархиямен өзара байланысты элементтердің тұтас жиынтығы ретінде зерттейді. Конституцияның, оған сәйкес келетін заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Республиканың халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелерінің, Конституциялық Кеңес пен Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының нормалары – елде қолданылып жүрген құқықтың негізгі элементтері. Бұл жиынтықта Конституцияның өзі негізгі жүйе құраушы рөл атқарады.

Сонымен бірге, қолданыстағы құқықтың негізгі элементтерін анықтау, біздің ойымызша, осы санаттың мазмұнын іс жүзінде сарқылмайды. Ол қазақстандық қоғамның барлық құқықтық саласына тарайтыны анық. Бұл Конституцияның 4-бабында бекітілген елдегі қолданыстағы құқықтың әрбір түрін ғана емес, сонымен қатар нормативтен бастап жергілікті жедел басқару мен жергілікті өзін-өзі басқару актілеріне дейінгі заң актілерінің барлық басқа түрлері мен кіші түрлерін, сондай-ақ құқықты түсіндірудің әртүрлі актілерін ашу және осы негізде жіктеу арқылы тануға болады. Басқаша айтқанда, қолданыстағы құқық жүйесін 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңына сәйкес (2017 жылғы 11 шілдедегі, 24 мамырдағы ҚР Заңдарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер нормаларының жиынтығына (олардың ұғымдарын сәйкестендіруге жол берілмейді) қысқартуға болмайды (2018 ж.) барлық заңды актілер түсінілмейді, тек «қағаз тасығыштағы жазбаша ресми құжат және оған ұқсас белгіленген нысандағы электрондық құжат» болып табылатын актілер ғана түсініледі, «нормативтік құқықтық акт – республикалық референдумда қабылданған не уәкілетті орган қабылдаған, құқық нормаларын белгілейтін, олардың қолданылуын өзгертетін, толықтыратын, тоқтататын немесе тоқтата тұратын, белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат» (осы Заңның 1-бабының 25-тармағы). Бұл ретте «құқық нормасы - реттелетін қоғамдық қатынастар шеңберінде көп мәрте қолдануға арналған, жеке-дара айқындалмаған тұлғалар тобына қолданылатын, тұрақты немесе уақытша сипаттағы жалпыға міндетті мінез-құлық қағидасы» деп түсіну қажет (осы Заңның 1-бабының 18-тармағы).

Қолданыстағы құқықтың әртүрлі актілерінің құқықтық табиғаты туралы мәселе олардың шығу тегі мен ерекше құқықтық қасиеттері туралы мәселе болып табылады. Оған жауап беру үшін мемлекеттің қай органы (оның билікті бөлу жүйесіндегі орны мен құзыреті) және актіні қандай тәртіппен қабылдайтыны туралы түсінік қалыптастыру керек; акт Жаңа құқықтар мен міндеттерді тудырады ма; актінің басқа заңды актілермен байланысы қандай; акт заңдармен және заңнамамен қалай байланысты; акт ережелерін қолданудың шегі қандай уақыт бойынша, кеңістікте және беттерде. Бұл сұрақтарға

жауаптар актінің нормативтілігін, оның заңды күшін, қолданылу аясын және нысанын (қолданыстағы иерархиядағы орнын) анықтауға көмектеседі. Кейбір жауаптар құқықтық акт ұғымын оны нормативті және нормативті емес деп бөлген заңның өзінде де бар.

Қазақстанның құқықтық жүйесі негізінен кодекстерге, егжей-тегжейлі және тармақталған орталықтандырылған заңнамалық реттеуге негізделген. Құқықтық нормалар бірінші орынға қойылды, олар әділеттік талаптарына жауап беретін міндетті мінез-құлық ережелері ретінде қарастырылады. Заң ғылымы мен практикасының негізгі мақсаты - осы нормалардың мазмұнын дұрыс табу және олар арқылы қоғам үшін адамдардың қарым-қатынасын реттеуді қамтамасыз ету.

Қазіргі қазақстандық құқықтық жүйеде өз құқығы мемлекеттің өмір сүруі мен дамуының маңызды факторы болып табылады[3]. Дәл осы ұлттық құқықтық жүйелерде салалар, құқықтық нормалар, басқа елдердің құқықтық шындықтарымен ортақ белгілері бар институттар, сондай-ақ арнайы ерекшеліктерімен ерекшеленетін құқықтық құбылыстар қалыптасады және дамиды.

Академик М. Т. Баймахановтың пікірінше, мемлекеттегі құқықтық жүйенің «қаңқасы» (әсіресе континенттік немесе роман-германдық құқық елдерінде) кодекстерді құрайды немесе кез келген жағдайда жасалуы керек. Заңдарды жүйелеудің жоғары деңгейдегі актілерін ұсына отырып және қоғамдық қатынастардың маңызды «блоктарын» біртұтас кешенді реттеуді қамтамасыз ете отырып, кодекстер құқықтық жүйеге оның ішкі құрылымдылығының, дәйектілігінің элементтерін енгізеді, бытыраңқылықты, сәйкессіздікті және тіпті құқықтық ережелердің сәйкессіздігін жеңу үшін көп нәрсе жасайды» [4].

Профессор С. Ф. Ударцев «мемлекет, бір жағынан, белгілі бір тарихи кезеңдегі Заңның шешуші формаларының бірін - заңнаманы жасайды, ал екінші жағынан, заңға не анықтайтынын және өзі тудыратынын және оған көп тәуелді емес нәрсені біледі, қосады және қолдайды (санкция береді). Мемлекет бұл жағдайда табиғаты мемлекет арқылы әлеуметтік және ғарыштық өмірдің терең факторларынан енетін белгілі бір құқықтық құбылыстарды, институттарды, нормаларды қолдау мен қорғаудың қуатты түрлендіруші және генерациялаушы факторы ретінде әрекет етеді» [5].

Қазақстанның құқықтық жүйесі негізінен кодекстерге, егжей-тегжейлі және тармақталған орталықтандырылған заңнамалық реттеуге негізделген. Құқықтық нормалар бірінші орынға қойылды, олар әділеттік талаптарына жауап беретін міндетті мінез-құлық ережелері ретінде қарастырылады. Заң ғылымы мен практикасының негізгі мақсаты – осы нормалардың мазмұнын дұрыс табу және олар арқылы қоғам үшін адамдардың қарым-қатынасын реттеуді қамтамасыз ету.

21 ғасырда әйгілі философ Ф. Бэконның: «Қазіргі уақытта елдердің экономикалық әл-ауқаты олардың ғылым саласының жағдайына тікелей байланысты. Ғылыми зерттеулерге байыпты назар аударатын елдер ғана ғылымды қажет ететін технологияларды сәтті игеріп, бұл үшін жеткілікті қуатты қаржылық, ақпараттық, өндірістік, зияткерлік құралдарды жұмылдырып, қазіргі саяси-экономикалық жарыста көш бастап тұр. Мұндай жағдайдың қарқынына төтеп бере алмайтын (немесе оған мүлдем қатыспайтын) елдер тез арада әлеуметтік дамудың «тұйығына» түсіп, халықаралық аренада мәңгілікке «кішігірім рөл ойнауға мәжбүр болады» [6].

Ғылым мен білім қазіргі адамның көкжиегін кеңейтеді және оның жеке басын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қоғам мен мемлекетті модернизациялаудағы ғылым мен білімнің рөлі зор және бұл мәселеге қосымша түсініктеме қажет емес.

21 ғасырдағы заң ғылымының жағдайы қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістермен анықталады, соның ішінде менталитеттің, ең алдымен ғылым туралы басым идеялардың өзгеруінің маңызды құрамдас бөлігі.

Қазіргі қоғам (адамзат) өзінің дамуының жаңа дәуіріне - постмодерндік дәуірге кірді (немесе кіреді). Бұл трансформация құқықтық шындыққа және оған рефлексияға - заң

ғылымына тікелей әсер етеді. Бұл жағдай өте айқын: заңның мәні әлеуметтік құбылыс, ал Құқықтану - әлеуметтік ғылым деп ешкім дауласпайды. Алайда олардың тәуелсіздік дәрежесі туралы әртүрлі пікірлер бар. Біздің ойымызша, құқық пен Құқықтану қоғаммен тікелей анықталады.

Құқық-бұл әлеуметтік құбылыс, оның элементі ретінде нақты өмір сүретін қоғам сәті. Ол басқа әлеуметтік құбылыстардан салыстырмалы түрде оқшауланған.

Сонымен, адамдардың көпшілігі, Е. Эрлихтің әділ пікірі бойынша, қолданыстағы заңнама туралы өте аз біледі және, әдетте, дүкенде, Бастықпен немесе бағыныштымен, полицеймен, кейде тіпті отбасында олар құқықтық қатынастарға түседі, яғни олар құқық саласына түседі деп күдіктенбейді. Бірақ оң құқық туралы білімнің жоқтығына қарамастан, қоғамда құқықтық тәртіп сақталады (социологиялық, кем дегенде, оның мағынасында). Бұл «тірі құқық». Демек, құқық қарапайым қарапайым адамның өмірлік әлемінің матасына тоқылған және осы қоғам мазмұнының сәті, жағы болып табылады [7].

Құқық - бұл әлеуметтік құбылыс деген тезистің мәні-ол жалпы әлеуметтік заңдылықтарға бағынады және басқа әлеуметтік құбылыстармен (экономикалық, моральдық, діни, қарапайым әлеммен және т.б.) тығыз байланысты, оны адамзат өмірінің ағымынан тек аналитикалық түрде оқшаулауға болады.

Айта кету керек, 21 ғасырда құқық әлеуметтік шындықтың басқа құбылыстарымен бірге үлкен өзгерістерге ұшырайды. Құқыққа бұрынғы көзқарастарды қайта қарау қажеттілігі кейбір тұжырымдамалардың құндылық сарқылуына, олардың әділеттілікті қажетті дәрежеде бекіте алмауына, адамның құқықтары мен бостандықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге байланысты. Сонымен қатар, әділеттілік ұғымы адамзат қоғамының ілгерілеуін қамтамасыз ететін тәртіпті нығайту мақсатында әртүрлі мүдделер арасында тепе-теңдік орнату қажеттілігін білдіреді.

Құқық-құқықтану ұғымы, қоғамдық қатынастарды реттеушілердің бір түрі; қоғамдық қатынастарды реттейтін мемлекет кепілдік берген жалпыға міндетті, ресми түрде анықталған, белгіленген тәртіппен қабылданатын мінез-құлық ережелері жүйесі.

Құқықтың нақты анықтамасы белгілі бір ғалым ұстанатын құқықтық түсініктің түріне байланысты (яғни оның құқық туралы идеялары). Сонымен қатар, әртүрлі мектептердің анықтамалары құқықты барынша толық көрсетуге мүмкіндік береді. Сондықтан құқықтық ғылымды дамыту үшін плюрализм ерекше маңызды, бұл білім саласының мемлекеттік билікке дәстүрлі жақындығына байланысты әрдайым қол жеткізе бермейді.

Қолданыстағы құқық нормаларының жетілмегендігі әрдайым уақтылы жаңартыла бермейді және көбінесе олардың ішкі мазмұны бойынша да, олардың жоғары тәртіп актілерінің нормаларымен арақатынасы бойынша да қарама-қайшы келеді (мысалы, Конституциялық құқықтағы және ведомстволық норма шығарудағы адам құқықтары туралы ережені алайық), жеке құқықтық санада және одан кейінгі құқық имиджін көрсетуге теріс әсер етеді құқықтық ойлау процестері және жеке тұлға үшін жаңа жағдайларда әрекет ету. Кейде тыйым салу нормалары мен лауазымдық қалауларының басым болуы іс жүзінде осындай берік құқықтық нигилизмді тамақтандырады, ауытқу мінез-құлқын тудырады. Біреуіне тыйым салынады, ал екіншісіне болады. Нәтижесінде, заңның мәнін қоғамдық ынтымақтастықтың шоғырланған көрінісі ретінде емес, мәжбүрлеу ретінде қабылдау мен түсіну ойда тұрақты сақталады. Сондықтан азаматқа қарағанда мемлекет құқық нормаларын сақтауға көбірек мүдделі деген кең таралған пікір қалады.

Қазіргі құқықтық түсінікте қарапайым және ғылыми сананың көзқарастарының барлық палитрасымен құқықтың әлеуметтік құбылыс ретіндегі үш көлемді көрінісі айқын көрінеді:

1. Нормативтік, оған сәйкес құқық ең алдымен адамдардың мінез-құлқының жалпыға міндетті ережелерін бекітетін нормативтік актілердің жиынтығы болып табылады;

2. Социологиялық, оған сәйкес құқық-бұл қоғамда қалыптасқан талаптар мен міндеттер субъектілерінің қатынастары;

3. Құқықтың моральдық көзқарасы, оған сәйкес құқық гуманизмнің, мәдениеттің, демократияның және әділеттіліктің табиғи идеялары мен принциптері ретінде ұсынылады.

Қарапайым құқықтық түсіністік, адамдардың, соның ішінде мемлекеттік қызметкерлердің және тіпті заң шығарушылардың менталитеті қоғамда биліктің өзгеруі мен өкілді органдарды сайлауға қарағанда баяу өзгеруде. Демек, таптың немесе халықтың еркіне мәжбүрлеу құралы ретінде құқықты таптық, "тар нормативтік" түсінудің көптеген элементтерінің өміршеңдігі және оның әлеуметтанулық және моральдық көзқарасын, заң нормаларымен қамтылған мүдделердің алуан түрлілігін іс жүзінде жете бағаламау. Қазіргі заманғы құқықтық түсінудің барлық негізгі принциптерінің оңтайлы үйлесімін табу және түсіну – тіпті заң ғылымы үшін де қиын міндет.

Қоғамдағы саясаттың бағынышты құралы ретінде құқыққа деген көзқарас толығымен жойылған жоқ. Мұның салдары-Құқықтық нигилизм және заңнамалық идеализм – құқықты нормативтік түсінудің күнделікті құқықтық санасында деформацияланған сынуды айқын көрсетеді. Сонымен қатар, бүгінгі таңда заң нормативтік жүйе ретінде «демократия қағидаттарына сәйкес мемлекеттік билікті шектейтін, Мемлекеттік органдардың қызметі үшін дәйекті рұқсат беру тәртібін белгілейтін, бұл билікті пысықталған процедуралық және процедуралық нысандар арқылы реттейтін дәрежеде қалыптасады және жетілдіріледі.

Азаматтар үшін заң көбінесе Декларациямен немесе жазамен байланысты. Сондықтан құқықты көптеген адамдар, ең алдымен, Конституциямен немесе қылмыстық кодекспен интуитивті түрде анықтады. Азаматтардың құқықпен танысуы, әдетте, еңбек, Неке және отбасы туралы заңнаманың жекелеген ережелерін, зейнетақы, азаматтық және әкімшілік заңнаманың кейбір нормаларын білумен шектелді.

Сонымен бірге, ғылыми заң әдебиеттерінде кез-келген құқықтық түсініктер осал сияқты дұрыс деп санауға негіз жоқ емес екенін атап өтуге болмайды. Нормативті-заңдар мен мәтіндерді сәйкестендіруге әкелуі мүмкін, осылайша заңды нормаларды шақырулар мен декларациялармен ауыстыруға мүмкіндік береді. Социологиялық құқықтық түсінік, құқықты құқықтық тәртіппен сәйкестендіре отырып, кез-келген тәртіп ретінде құқық идеясын тудырады, құқықты кең таралған практикамен, «әдет-ғұрыппен», орындылықпен және тиімділікпен алмастырады. Ол «құқық» және «құқық салалары» ұғымдарын анықтаумен сипатталады. Моральдық-қоғамдық, топтық және жеке санадағы жақсылық пен зұлымдық, әділ және әділетсіз, моральдық және азғындық туралы әртүрлі және қарама-қайшы идеяларды құқық ретінде беруге қабілетті.

Алайда, мемлекеттік билік пен құқықтық жүйенің динамикасында құқықтық түсініктердің әрқайсысы өз рөлін атқаратынын ұмытпауымыз керек. Заң шығарушы, норма шығарудың басқа субъектісі үшін құқықты моральдық түсіну категорияларын нормативтік, позитивтік құқыққа ауыстыруды қамтамасыз ету, осы категорияларды нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерінде ресми түрде білдіре білу маңызды. Құқық қолданушының қызметі негізінен проекция, нормативтік ұғымдарды құқықтың социологиялық жағдайына бағыттау болып табылады. Саяси, мемлекет қайраткері құқықтық тәртіпті орнату және қолдау процесінде анықталған қоғамдық талаптарды заңға нақты шындықта ене алатын және оның көмегімен қоғамдық пікірде тануға болатын құқықтық түсіністік категорияларына аударуды қамтамасыз етуге арналған.

Құқықтың үстемдігін қамтамасыз ету құқықтың қасиеттерін, қырларын сипаттаумен байланысты.

Идеалдағы құқық («тұжырымдамада») - бұл реттелген әлеуметтік бостандық пен әділеттіліктің құндылығы. Бұл тұрғыда құқық адамдарға, олардың ұжымдарына субъективтік құқықтар түрінде еркіндік, мінез-құлық белсенділігі үшін кеңістік бере алады, сонымен бірге ол озбырлық пен ерік-жігерді болдырмауға, оларға қарсы тұруға, мінез-

құлықты адамгершілікпен, әділеттілікпен сәйкестендіруге бағытталған. Егер біз табиғи және жеке құқық идеяларына сүйенетін болсақ, онда позитивті құқық, әдетте, саяси билікке, оның озбырлығына қарсы тұратын бостандықтың көрінісі болады.

Құқық тарихи шарттармен толық анықталмаған қуатта "жұмыс істеген" кезде де, тіпті авторитарлық саяси режимдерде де, ол статистикалық сипатқа ие болған кезде және оның мазмұны көбінесе прогресс қажеттіліктеріне сәйкес келмесе де, ол оған қарсы тұрған нәрсемен салыстырғанда әлі де әлеуметтік құнды құбылыс болып табылады: озбырлықпен салыстырғанда, оның жеке адамдар мен топтардың субъективтілігімен ерік-жігер.

Құқықтың үстемдігін қамтамасыз ету құқықтың өзіндік құндылығын білдіретін құқықтық принциптермен де байланысты.

Құқықтық принциптерді тұжырымдау заң ғылымының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады, дегенмен олардың көпшілігі айқын, әдетте заңдылық талаптарында, құқықтық аксиомаларда, құқықтық принциптерде (заңның басымдығы) бекітілген.

Құқықтық принциптер-бұл құқықтық мұраттар мен құндылықтар қоғамының өміріндегі салтанат пен үстемдік, олардың қоғамдық өмірдегі жоғары сөзсіз мәртебесі. Дәл осы жерде «құқықтық мемлекет» құрылымының ең маңызды ғылыми оң мәнін іздеу керек, ол мемлекет саласында заңдылық талаптарын жүзеге асыруды ғана емес, саяси салада, құқықтық принциптердің барлық саяси институттарын ұйымдастыру мен қызметінде жүзеге асыруды білдіреді. Демек, қоғамда адам құқықтарын, жоғары құқықтық мәртебені және қажетті ұйымшылдықпен, нақты гуманизмді, шынайы адамгершілікті, әділеттілікті нақты жүзеге асырумен жеке тұлғаның қорғалуын бекітуге бағытталған.

